



Қазақстанның инновациялық дамуы -  
бәсекеге қабілетті жастар

студенттердің облыстық ғылыми конференциясы

13 наурыз 2019 жыл

Ақтау

**"Қазақстанның инновациялық дамуы - бәсекеге  
қабілетті жастар"**

**атты студенттердің облыстық ғылыми  
конференциясының материалдары  
13 наурыз, 2019**

**«Инновационному развитию Казахстана -  
конкурентоспособная молодежь»**

**материалы областной научной конференции студентов  
13 марта, 2019**

**"Innovative development of Kazakhstan - competitive  
youth»**

**materials of the regional scientific conference of students  
13 March, 2019**

**Ақтау**

**ӘОЖ 378**  
**ББК 74.58**  
**Қ 18**

**Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов жалпы редакциялығымен**

**Редакциялық алқа:**

Е.Т. Нұрмағанбет, Ш.К. Джумагазиева, Г.Ж. Булекбаева, Б.Б. Атшыбаева,  
А.З. Букаева, А.М. Джанисенова

**Қ 18** "Қазақстанның инновациялық дамуы - бәсекеге қабілетті жастар" атты студенттердің облыстық ғылыми конференциясының материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019, - 200 б.

**ISBN 978-601-308-150-2**

Бұл жинақта Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде өткізілген студенттердің облыстық ғылыми конференциясының материалдары қарастырылған. Жинақ білім алушыларға арналған.

**ӘОЖ 378**  
**ББК 74.58**

© Ш.Есенов атындағы Каспий  
мемлекеттік технологиялар және  
инжиниринг университеті, 2019

**ISBN 978-601-308-150-2**

## СЕКЦИЯ 1

### Машина жасау және көліктің өзекті мәселелері/ Актуальные проблемы машиностроения и транспорта/ Actual problems of engineering and transport

ӘОЖ 621.9

#### БЕРІКТІГІ ЖОҒАРЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ӨНДЕУДІҢ КЕШЕНДІ ТӘСІЛІН ЗЕРТТЕУ

**Байбоз Д.С., студент**

Х. Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжінің студенті,  
Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Бекібаева А.Қ.**

Х. Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі,  
Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Жұмыста жоғары беріктікке ие материалдарды өңдеудің сапасы мен өнімділігін арттыру әдістері келтірілген. Өңдеу әдістерінің тиімді тәсілдерін қолдану, соның ішінде, фрезерлеп жону әдістері, сәйкес келетін кесуші құрал мен білдектің болмауы себебінен өндіріске енгізу мүмкін болмағандықтан, осы мәселелерді шешу үшін беріктігі жоғары материалдардан дайындалатын айналушы дене типтес тетіктерді өңдеуге арналған ресурс үнемшіл кешенді жону әдісін пайдалану және оны орындауға арналған кесуші құралдар мен әмбебап құрылғыларды жобалау өзекті мәселе болып табылады.

Кешенді тәжірибелік зерттеулер жүргізу нәтижесін өндіріске енгізу арқылы, беріктігі жоғары материалдарды өңдеуде дәлдік пен сапаны қамтамасыз ету, өңдеу өнімділігі мен кесуші құралдың тозуға төзімділігін арттыру мәселелерін толығымен шешуге термофрикциялық фрезерлеп жону әдісі қабілетті екені дәлелденді.

**Түйінді сөздер:** Фрезерлеу, фреза, термофрикциялық фрезерлеу, кешенді жону әдісі, өңдеу сапасы, токарлық өңдеулер, айналу денелері типтес тетіктер.

Экономиканың басым бағыттарының бірі Машина жасау саласының заманауи тиімді секторын құру болып табылады, ол машина бөлшектерін дайындаудың технологиялық құрғыдан озық жабдықтары мен ресурс үнемдейтін технологияларын пайдалану және дамытумен тығыз байланысты.

Қазақстанның машина жасау зауыттарында өңдеу мәселесінің жағдайы мен тетіктерді өңдеуді зерттеу нәтижесі механикалық өңдеуге жіберілетін тетіктердің 85 %-дан астамы токарлық білдектерде өңделетін айналу денелері типтес немесе доға тәріздес сыртқы бетке ие тетікбөлшектер болып табылатынын көрсетті.

Токарлық өңдеу кезінде жоңқаны ұнтақтауға байланысты және айналу беттерін үзікті жону кезінде кескіште соққы жүктемесі пайда болу сияқты өзекті проблемалар бар екендігі анықталады. Бұл мәселелер келесі жағдайларды туындатады:

- Білдекті баптаудағы қосымша қиындықтарға, сонымен бірге, ұнтақталмаған жоңқа кескішке және дайындамаға оралып, өңдеу сапасын нашарлатып, білдек тетігінің бұзылуына;
- Өңдеудің сапа көрсеткіштерінің төмендеуіне;
- Құралдың шыдамдылығының төмендеуіне.

Өңдеу әдістерінің тиімді тәсілдерін қолдану, соның ішінде, фрезерлеп жону әдістері, сәйкес келетін кесуші құрал мен білдектің болмауы себебінен өндіріске енгізу мүмкін болмады. Осы мәселелерді шешу үшін беріктігі жоғары материалдардан дайындалатын айналушы дене типтес тетіктерді өңдеуге арналған ресурс үнемшіл кешенді жону әдісін пайдалану және оны орындауға арналған кесуші құралдар мен

әмбебап құрылғыларды жобалау өзекті мәселе болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: Жоғары беріктікке ие материалдарды өндеудің сапасы мен өнімділігін арттыру.

Зерттеу міндеттері:

- беріктігі жоғары материалдардан жасалған тетіктерді өңдеу мәселелерінің жағдайын талдау және үйрену;
- айналу денесі типтес тетіктерді өндеудің өндірісте бар кешенді тәсілдерін зерттеу;
- технологиялық және құралдық әбзелдерді, сонымен қатар, арнайы үйкеліс фрезасының құрылымын және термофрикциялық фрезалап жонуды жүзеге асыру үшін қондырғыны жасау;
- қатты қорытпадан жасалған тістермен көмкерілген стандартты бүйірлік фрезаны қолданумен жону тәсілін эксперименттік зерттеу.


1-суретте «Ақтау Машинажасау Заводы» АҚ өндіріс жағдайында кейбір тетіктердің фотосуреттері көрсетілген.



а – рольганг аунақшасының бөшкесі; б – тісті сақина; в – шкивтер; г-сорғылардың дөңгелектері

Сурет 1- Дайындамалардың фотосуреттері

Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі заманғы кезеңінде беріктігі жоғары материалдардың беріктік, тұтқырлық және де басқа осы сынды қасиеттері тех өсіп жатқаны соншалықты, өндіріс ұсынатын жабдықтар мен құралдар бірқатар жағдайларда тиімділігі жоғары өңдеу процестерін жүзеге асыруға мүмкіндік бере алмай қалады. Егер дәстүрлі жону процестеріне сүйенсек, онда кесу жылдамдығын жоғарылатса, жону білдектерінің айналдырығының айналу жиілігінің де жоғарылайтынын ескеру керек. Бұл жағдай, теңестірілмеген дайындаманы өндеуге тура келетіндіктен, күрделі және өздігінен қиын техникалық тапсырма болып табылады. Кесу жылдамдығын артырған сайын, иірімелі жоңқадан қорғау проблемасы да күрделене түседі [1]. Келтірілген мәселелерге байланысты токарлық өндеудің дәстүрлі жону тәсілдерін фрезалап жону тәсіліне ауыстыру дұрыс шешім болып табылады. Мұндай әрекеттер бқрын да жасалған болатын. Шетелдік машинажасау кәсіпорындары айналу денелерін өңдеу кезінде дискті фрезалар жиынтығымен фрезерлеу арқылы өндеуді пайдалану жұмыстарын жүргізді. (Rotomille тәсілі 2-сурет)



Сурет 2 - Rotomille тәсілі бойынша айналу беттерін өңдеу сұлбасы

Бұл процестің артықшылығы – бір операция арқылы сыртқы контурды толығымен алу мүмкіндігі. Кемшілігі – құралды дайындау және пайдалану қиындығы. Қазіргі уақытта фрезерлеп жону арқылы өңдеу процесін өндіріске кеңінен енгізуге қажетті білдектердің жоқтығы мен бұл технологияның аз зерттелгендігі кедергі болып тұр. Ал әмбебап білдектерді ғана пайдаланатын машина жасау өнеркәсіптерінде бұл мәселе одан әрі қиындай түседі. Бұл мәселені шешу үшін жасалынған жұмыстар айналу денелері типтес тетіктерді өңдеудің ресурсүнемшіл технологиясы, соның ішінде, термофрикциялық фрезерлеп жонумен сыртқы цилиндрлік беттерді өңдеу тәсілін және Қазақстан Республикасы машина жасау кәсіпорындары жағдайына негізделген токарлық білдек базасында термофрикциялық фрезерлеп жону тәсілін жүзеге асыруға арналған әмбебап қондырғы жасау қажеттілігі туындайды [2].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, токарлық өңдеудің дәстүрлі процестерін фрезерлеп жонуға айырбастау оң шешім болып табылады. Бұрын да айырбастау бойынша әрекеттер жасалынды. Отандық және шетел кәсіпорындары тарапынан айналу денесі типтес тетіктерді өңдеу үшін сұлбасы 2 –суретте көрсетілген дискілі жоңғыштардың жинағымен фрезерлеу арқылы өңдеу жүргізілген болатын. Тәсілдің басты кемшілігі құралды дайындау мен қолданудың күрделілігі болып табылады.

Соңғы жылдары өнімділік пен өңдеу дәлдігін айтарлықтай арттыруды қамтамасыз ететін жаңа жабдықтарды, прогрессивті жоғары өнімділікке ие кесу құралдарының құрылымдарын жасау және өндіріске енгізу бойынша көптеген жұмыстар жасалынды. Бұл жұмыстардың нәтижесінде, тиімді кесу тәртіптері, құралдардың шыдамдылығының периодтары, кесу құралын пайдаланумен байланысты уақыт шығындары өзгере бастады.

Қорыта келе, кешенді тәжірибелік зерттеулер жүргізу нәтижесін өндіріске енгізу арқылы, беріктігі жоғары материалдарды өңдеуде дәлдік пен сапаны қамтамасыз ету, өңдеу өнімділігі мен кесуші құралдың тозуға төзімділігін арттыру мәселелерін толығымен шешуге термофрикциялық фрезерлеп жону әдісі қабілетті екені дәлелденді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шеров К.Т., Мусаев М.М. Проблемы обработки деталей типа тел вращения в условиях машиностроительных производств РК// Инновационные технологии в машиностроении: сборник трудов VIII Международный научно-практической конференции/ ЮТИ институт, -Томск: Изд-во ТПУ, 2017.-с.93-97

2. Охлопкова А.А. Стручкова Т.С. Алексеев А.Г. Васильев А.П. Разработка и исследование полимерных композиционных материалов на основе активации политетрафторэтилена и углеродных наполнителей / Вестник СВФУ, №4(48) 2015 –С.51-63

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА «АҚЫЛДЫ ҚАЛА» БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

**Амалбекқызы А., студент**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Г.Ж. Булекбаева**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қалалық басқарудың тәсілдерін тиісті түрде жетілдіру арқылы халықтың сапалы және жаңа өмір сүруі деңгейін құруға бағытталған «ақылды қала» бағытының жүзеге асырылуы туралы қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** «Ақылды қала», сандық технологияларды қолдану, интеллектуальды көлік жүйесі, инфрақұрылым, қауіпсіз қала, «ақылды қала» бағыты.

*Кіріспе. Жұмыстың өзектілігі.* Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бес негізгі басымдықты атап өтті. Бірінші кезектегі міндет - экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғырту. Президент сандық технологияларды қолданумен жаңа өндірістерді дамыту қажет екендігін түсіндіріп өтіп, келешегі бар салалардың: онлайн-сауданы, ұялы байланыс, цифрлық қызметтерді, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беруді дамыту сияқты перспективалық салаларды дамытуды тапсырды.

Қазіргі таңда ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің тапсырмасымен Техникалық реттеу және метрология комитеті техникалық реттеу және метрология жүйесінің бағыты бойынша 10 басым бағытты әзірлеп, жүзеге асыруға атсалысуда. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асырудың басым бағыттарының бірі - «Ақылды қала» жобасы.

*Мәселенің тұжырымы.* «Ақылды қалалар» өңірлік дамудың, инновацияны таратудың және еліміздің барлық аумағында тұрмыс сапасын арттырудың локомотивтеріне айналады» деп көрсетілген. Сондықтан, бүгінгі күн аймақтар мен қалалардың жаңадан даму моделін талап етеді. Яғни, бұл біз өмір сүріп жатқан аумақты ендігі кезекте бұрынғы ескі әдіспен дамыту мүмкін еместігін ұғындыра түседі.

Өркениет биігіне ұмтылған дамыған елдерде «ақылды» қалалар қалыптастыру бүгінде әлемдік үрдіске айналған. Бұл үрдісті ұстанған елдердің басты мақсаты қалалардың тұрмыстық қызмет көрсету деңгейін барынша жақсарту арқылы тұрғындардың өмір сүру дәрежесін биік деңгейге көтеру болып табылады. «Ақылды» қалалар қатарына экономикалық, экологиялық және әлеуметтік деңгейлері тұрақты, қызмет көрсету инфрақұрылымы дамыған қалалар жатады. Өз кезегінде «ақылды» қала жобасына қосылған қалаларға дарынды мамандар және заманауи инновациялар көптеп тартылады.

*Жаңалық.* Жалпы Қазақстан бойынша «Ақылды қала» жобасы Астана, Алматы, Шымкент пен Ақтөбеде іске асырылуда, сонымен қатар Қазақстанның басқа да қалаларында бастапқы жұмыстар жоспарланып отыр.

*Зерттеу әдістері.* Осы ретте, Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе қалаларында бастау алып жатқан ірі жобаларды зерттеуді жөн көрдім.

Мысалға, Астана қаласының әкімдігі «Smart Astana» тұғырнамасы аясындағы екі ірі жобаны – «Қауіпсіз қала – Астана қаласының тіршілік қызметін кешенді қамтамасыз ету жүйесі» (ТҚКҚЖ) және «Интеллектуальды көлік жүйесі» жобаларын іс жүзіне асыруды қолға алды. «Smart Astana» жобасының басты мақсаты елорда тұрғындарының тұрмыс дәрежесін, әл-ауқатын арттыру, Астана қаласының инфрақұрылымын жақсарту және одан әрі жаңғырту, қоғамдық қауіпсіздік дәрежесін арттыру болып табылады. Бұл заманауи

жобаның негізгі операторы «Astana Innovations» АҚ болып отыр. «Smart Astana» жобасы үлгісінің негізіне мынандай алты тұғырнамаға негізделген еуропалық «ақылды» қалаларды дамыту моделі алынған: ақылды экономика, ақылды басқару, ақылды өмір сүру деңгейі, ақылды жұмылу, ақылды адамдар және ақылды қоршаған орта[2].

Бұдан нені аңғаруға болады?

Астана әлемнің көшбастаушы «ақылды» қалаларының тәжірибесін үлгі тұтып, мысалға, Сеул қаласындағы жол қозғалысын басқару технологияларын барынша жетілдірудің нәтижесінде сапалы да қауіпсіз көлік қозғалысына қол жеткізуі, Гонконг қаласының тұрғындары қала қызметінің барлық түрлеріне, атап айтқанда, дүкендерден қажетті заттарын сатып алуға, парковкаларға ақы төлеуге, қалалық қоғамдық көліктің жолақысын төлеуге бір ғана электронды картаны пайдалана алуы, ал Токио қаласының тұрғындары құбырлармен келетін судың шығынын анықтайтын өлшегіш құралдарды қолдану арқылы сенімді де арзан су көзіне қол жеткізіп, адамзат үшін аса қымбат ауыз суды тиімді үнемдеуі және т.б. Осындай әлемдік озық қалалардың тұрғындарға және қала қонақтарына қызмет көрсету жұмысындағы осындай озық үлгілерін тәжірибеге ала отырып, Астана болашақта әлемдік «ақылды» қалалар көшбасшысына айналатынын сенімді түрде айтуға болады.

Ақылды қала әлемдік үрдісінің Астанадағы ауқымды жобаларының шеңберінде атқарылатын екінші ірі жоба – «Интеллектуалды көлік жүйесі» (ИКЖ) қанатқақты жобасы болып табылады. Өркениет әлемінде озық үрдіс болып саналатын бұл өміршең жобаны жүзеге асыру міндеті – «Turpsa» атты испаниялық компанияға жүктелді. Әлемнің ірі қалаларында жедел де қауіпсіз көлік жүйесін қалыптастыруда компанияның бай тәжірибесі бар. Сонымен бірге, бұл компания баламалы қуат көздерін дамыту мақсатында да озық тәжірибелерді жүзеге асырып келеді. «Smart Astana» кешенді бағдарламасы бойынша жүзеге асырылғалы отырған ИКЖ қанатқақты жобасы қала көшелерімен күн сайын 400 мыңнан астам көлік қатынайтын Астана үшін ауадай қажет. Тар жолдардың ұзына бойы автомашиналар қойылатын көлік тұрағына айналған, көлік кептелісі жиі болатын елорданың көлік инфрақұрылымын заманауи талаптарға сай қайта құру уақыт талабы. Сондықтан әлемдік деңгейде бай тәжірибесі бар компанияның осы бір келелі міндетті қолға алуы болашақтағы нәтижеден көп үміт күттіреді [2].

Ал, Алматыда Samsung Electronics Central Eurasia компаниясы жасаған «Ақылды қала» жобасы таныстырылды. Әлеуметтік-инновациялық жоба Концепциясы 4 негізгі принциптерден тұрады, олар - қауіпсіздік, қала инфрақұрылымы, білім және әлеуметтік қызметтер.

«Ақылды қала» жобасын жасаушы авторлар сыртқы келбетті, нөмірлік белгілерді, киім түрін және басқаларын жедел анықтайтын видео-контентті саралай келіп, жобаның негізіне «Қауіпсіз қала» жүйесін алған. Оның ерекшелігі кез келген уақытта онлайн-режимде ақпаратты қамтамасыз етеді. Соның арқасында жедел басқару орталығына хабар тез жетеді. Бағдарламалық қамтамасыз ету бейнетаспалар арқылы жүзеге асады. Алматы қаласы бойынша «Интерактивті қала» жобасы да ұсынылды, оның негізі «Ақылды бекет». Мұнда интерактивті тақталар антивандалді қорғаныштар арқылы жұмыс істейді. Оның басты ерекшелігі - төтенше жағдайға дейін автобустар бағыттарының белгілі болуы. «Дабылды нүкте» арқылы банк, мейрамхана қызметкерлері өз жұмыстарын қауіпсіздендіре алады. «Интерактивті киоскілер» арқылы түрлі төлемдерді төлеуге болады. Ал, «Ақылды сынып» интерактивті сабақтар жүргізеді. Бұл жүйе бастауыш және орта сыныпқа арналған. «SAMSUNG» компаниясы сыйлық ретінде №39 физика-математика мектебіне жаңа технологиялар бойынша дәріс беретін жүйені ұсынбақ.

Оңтүстік Қазақстан облысында да барлық салада цифрландыруға басымдық берілетіндігі айтылды. Ұсынып отырған бағдарламалары бойынша әкімшілік кедергілерді жою мақсатында өндіріс, ауыл шаруашылығы, көлік, мемлекеттік қызмет көрсету салаларына цифрландыру жүргізіліп, бірқатар жаңа технологиялар енгізілуі



жоспарланып отыр. Адами капитал – жаңғыру негізі» деп Жолдауда көрсетілгендей, әлеуметтік саланы дамытуға да басымдық беріліп отыр.

Нақтырақ айтқанда, ағымдағы жылы Оңтүстік Қазақстан облысында экономика салалары цифрландырылады, «Ақылды қала» және «Цифрлық Жібек жолы» жобасы жүзеге асатын болады. Бағдарлама бойынша инновациялық бастамаларға қолдау көрсетіледі.

Облыста «Ақылды қаланы» дамыту бағытына 11 сала енгізілген. Олар - білім, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, әлеуметтік сала, көлік, мемлекеттік басқару, ауыл шаруашылығы, экология, туризм, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен құрылыс саласы.

Айта кетерлігі, өңірде заманауи технологиялар ауыл шаруашылығында ендіріліп, оның жемісін бүгінде сала мамандары көріп келеді. Озық технологияның нәтижесінде 2,8 мың гектар жерге егілген қарқынды баудың өнімділігі дәстүрлі тәсілмен егілген баудың өнімділігіне қарағанда 1,5 - 2 есеге артты. Алдағы уақытта аталған салада «Ақылды өріс», «Ақылды суару» жобалары қолға алынбақ.

Бұдан бөлек, өңірдегі жылыжайлардың 70 гектары автоматтандырылған. Осының арқасында 1 гектарға шаққандағы өнімділік 1 жылда 200 тоннадан астам қияр мен 400 тоннаға жуық қызанақ беріп келеді.

Сонымен қатар, мал шаруашылығында барлық мал басының есебі автоматтандырылып отыр. Мысалы, өңірде сүт өндірісін дамытумен айналысатын жобалық 900 млн.теңгені құрайтын «Бөрте-Милка» сүт тауарлы фермасы сиырды сауудан бастап азықтандыру және сүтті сақтауға дейінгі процесті автоматтандырылған жүйе арқылы атқарады. Өндірісті автоматтандыру нәтижесінде кәсіпорында 1 сиырдан жылына 7 мың литрге дейін сүт алынады, ал дәстүрлі тәсілмен өнімділік 3 мың литрді құрайды. Сондай-ақ, облыстағы 2,7 млн. бас құсының 1,2 миллионы заманауи автоматтандырылған «Шымкент құс» және «Ордабасы құс» фермаларында өсіріледі. Цифрлық технологияны қолданудың нәтижесінде өткен жылы құс етін өндіру 5 есеге дейін артты.

Облыста «Тұрғын үй қатынастары» пәтерлерді бөлудің автоматтандырылған жүйесі іске асырылуда. Осының арқасында өтініштерді қараудың орта мерзімі 2 айдан 20 күнге қысқарып, азаматтар тарапынан арыз-шағымдар азайған.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы облыста білім саласында да сәтті енгізілуде. Мәселен, өткен жылы электронды түрде мектептің 1-сыныбына 22 мыңға жуық оқушы қабылданса, 23 мыңнан астам бүлдіршін балабақшаға баруға мүмкіндік алған. Бүгінгі күнге дейін жаңа жүйемен 501 педагог жұмысқа қабылданған. Сондай-ақ, биыл республикада алғаш рет Оңтүстік Қазақстан облысында мектеп түлектерінің ҰБТ-ға дайындалуына арналған ақысыз «Ontest» жүйесі жұмысын бастады.

Орал қаласы да алғашқылардың бірі болып Астана тәжірибесінің негізінде «Smart City» жобасын іске асыра бастады. Қазірдің өзінде Оралда сандық технологияға негізделген жаңа жобалар енгізілуде. Мектеп-балабақшаларда, аулалар мен көшелерде 3 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылды. «Ашық әкімдік», «Онлайн-KSK», «SMS BUS» жүйелері сәтті қолға алынды. Бұдан әрі де «Smart City» жобалары білім, медицина, қауіпсіздік, тұрғын үй салаларында кеңінен қолданылмақ. Бұған Батыс Қазақстан облысы мен Астана қаласы әкімдіктерінің өкілдері қол қойған меморандум дәлел. Сондай-ақ, кездесуде астаналық кәсіпорындардың «Қарашығанак» кен игеруші компаниясы ұсынған инновациялық жобаларға қатысуы талқыланды.

*Зерттеу нәтижелері.* Міне, осылай еліміздің төрт қаласына енгізіліп жатырған «Smart City» жобаларын сараптай келе айтарым, жаңа технологиялардың артықшылығы жеткілікті. Мәселен, ғаламтордан тамашалап жүрген ақылды үйлерде бәрі оңай басқарылады. Екі алақанды бір-біріне соғу арқылы жарық қосылса, теледидарды дыбыспен өшіріп-сөндіруге болады. Сол сияқты ас бөлмесі мен жуынатын бөлмеде де осы секілді кереметтерді жасауға болады. Қолыңды созсаң судың ағатынын өз көзімізбен көрдік. Таңғалатын нәрсе. Бірақ, бұл дәл қазір біз өмір сүріп жатқан қоғамда болып жатыр.

Айта кетерлік жәйт, біздің университетімізде «Қазақстандық стандарттау және сертификаттау институты» РМК Маңғыстау филиалы мен Техникалық реттеу және метрология комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті бірлесіп Дүниежүзілік стандарттар күніне орай оқытушылар мен студенттерге «Стандарттар қалаларды «ақылды» етеді» деген тақырыпта семинар өткізді. Осы семинардан алған мағлұматтар осы тақырыпты тереңірек қарастыруға мүмкіншілік туғызды.

*Қорытынды(лар).* Қазіргі таңда және болашақта «ақылды қала» талаптары орындалуы үшін не нәрседен бастасақ болады?

1. Алдымен өмір сүру сапасын жақсарту қажет. Бұған, қала көшелеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жасылдандыру, өнер, мәдениет, спортқа саласындағы жетістіктерге жету, бір сөзбен айтқанда, тіршілік үшін жан-жақты жағдай жасау.

2. Экономикалық бәсекелестік. Сауда орталықтарын, бизнес құрылымдарының үйлесімді жұмысын жақсарту, жұмыс орындарын көбейту, салық түсімі көлемін арттыру, яғни аяғымен нық тұрған экономикалық «іргетасты» қалау.

3. Тұрақтылық. «Ақылды қала» қысқа мерзімдік сапаға емес, ұзақ мерзімдік бағдарға, келешекке, өсіп келе жатқан ұрпақтың мүддесіне қызмет етуі қажет.

Аталған басты мәселерге ілесу үшін біз барынша білімімізді жетілдіріп отыруымыз қажет, яғни жаңа идея, жаңа технологиямен бірлесе азаматтардың өмірін жақсартуды, жарқын болашақты қамтамасыз етуіміз керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы

[2] Куприяновский В.П., Синягов С.А. "Smart City: применение ГИС и FM технологий в реализации транспортной политики", 2012, "Геоинформационные системы для бизнес и общества", 2 (61)

[3] Смарт сити: модернизация инфраструктуры", Vonlanthen Group, 2014, smart-city.org/img/SMART\_CITY\_AGENDA\_RUS.pdf

[4] <https://egemen.kz>

[5] <http://khabar.kz>

[6] <https://zerde.gov.kz>

ӘОЖ 006.065

## ҚР СТ ИСО 9001-2016 СТАНДАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Даулбекова А.Р., студент

Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Булекбаева Г.Ж.**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Мақала ҚР СТ ИСО 9001-2016 жаңа нұсқасына арналған. Стандарттың, ерекшеліктері, сондай-ақ оны жүзеге асырудың ішкі және сыртқы пайдасы қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** стандарт, сапа менеджменті жүйесі, сапа менеджменті жүйесін сертификаттау, жаңа стандарт талаптары, ҚР СТ ИСО 9001:2008, ҚР СТ ИСО 9001:2016.

*Кіріспе. Жұмыстың өзектілігі.* Әлем бір орнында тұрмайды, ол үнемі өзгеріп отырады. Сол себепті отандық кәсіпорындар жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру үшін өз қызметін халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыруға тырысады. Егер, біздің елдегі өндірістің дамуын жақсартып, сапа талаптарын күшейтетін

болсақ, әлемдік экономикада және Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетті позицияларын нығайтуда маңызды рөл атқарар едік.

Қазіргі таңда, ірі және орта кәсіпорындардың басым көпшілігі ISO 9000 стандарттарына негізделген сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) енгізу арқылы өз қызметін жетілдіру жұмыстарымен айналысып келеді.

Қажеттіліктерді қанағаттандыру (өнімнің және кәсіпорын қызметінің тұтынушылардың талаптарына сәйкестігі) өнімдердің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады, яғни, өнімдерді әзірлейтін және өндіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың бәсекеге қабілетті болуы маңызды.

*Мәселенің тұжырымы.* ҚР СТ ИСО 9001-2009 стандарты бойынша таралған көптеген талаптардың барлығы бір жерде шоғырланған және стандарттың осы нұсқасы шамамен 9 жыл бойы сәтті қолданылды. Осы уақыт ішінде бизнес-құрылымдар процесстік тәсілмен таныса алды, бірақ оның орындалуы көп жағдайда қамтамасыз етілмегендігін де білеміз. Кейбір кәсіпорындар аудиттерді өткізген кезде бұл тұжырымдаманы елемей қалды.

Ал, стандарттың жаңа нұсқасында бұл мәселе толығымен жоқ.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 стандартының ең маңызды қағидаларының бірі құжаттың айқын артықшылығы ретінде қарастырылуы, яғни процестің үлгісін қолдану үшін көптеген талаптарды белгілейтіні болып табылады. Бұл стандарт әр қызметкердің, ең болмағанда СМЖ-мен байланысты қандай да бір негізгі процестер туралы, негізгі және көмекші процестерді білу ұйымның мақсаты екендігін, оның жетістігіне ықпал ететін бағыттарды және пайда болатын проблемаларды шешуге болатын әдістерді түсінуге мүмкіндік береді. Осыдан кейін стандарттың жаңа нұсқасының екінші артықшылығы біртіндеп жүреді. Бірақ, көптеген қызметкерлердің арасында бұл нұсқаның тек басшылыққа ғана өзгерістер қажет деген пікір бар [1].

Бұл қате пікір.

ҚР СТ ИСО 9001-2016-ы жұмыс процесін барлық қызметкерлерге бірдей етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

*Жаңалық.* ИСО стандарты мен сертификаты мекеменің (ұйымның) бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажетті, сондай-ақ көптеген бәсекелестерден оқшаулайтын құрал. Сонымен қатар, ИСО-ны дамытуды сапасыз өнімдерді адамдардың пайдалануының алдын алу шарасы ретінде де қарастыруымызға болады.

Олай болса, ИСО 9001-дің басты міндеті өндірілген өнімнің сапасын бақылау болып табылады.

Егер компания ИСО 9001 стандарттарына сәйкес сертификатталған болса, онда ол тұтынушылар мен сатып алушыларына өзінің өнімдерінің шын мәнінде сапалы болып табылатындығын толық сенімділікпен жариялай алады және бұл, өз кезегінде, бәсекелестерімен салыстырғанда ерекшелене алады.

Бұдан басқа, стандарттар талаптары өндірістік процестің барлық кезеңдерін бақылайды, бұл мекеменің (ұйымның) басқару жүйесінің тиімділігін арттыру үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

ИСО 9001 стандартын енгізудің немесе сол стандартпен жұмыс жасаудың не қажеттілігі бар деген сұраққа жауап беретін болсақ, кез-келген ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын сапалы өнім өндірісін айтарлықтай айшықтайтын құралы деп айтар едім, яғни ИСО 9001 - халықаралық ұйым әзірлеген халықаралық бірнеше стандарттардың жиынтығы.

ҚР СТ ИСО 9001-2016-ның мақсаты - СМЖ-нің жұмысын жетілдіру, бейімдеу, енгізу және үздіксіз жетілдіру үшін технологиялық тәсілді қолдануға жәрдемдесу, сондай-ақ тереңірек зерттеу және оның талаптарын орындау арқылы клиенттердің қанағаттану деңгейін қамтамасыз ету.

*Зерттеу әдістері.* Стандарттың жаңа нұсқасы аудиттің нәтижелеріне қарай тәуекелдерді тексеруді және шешімдер қабылдауды көздейді. Сапаны басқару жүйелерін біріктіруге, қолданыстағы модельді толықтыратын немесе өзгертетін негізгі ережелер мен элементтерге аса назар аударылады.

Сондықтан, бұл жаңа стандарт арқылы ұйым өзінің қызметін және өнімдерін қорғауға, сондай-ақ тұтынушыларының үміттерін ақтайды.

*ҚР СТ ИСО 9001-2016-ның ИСО 9001:2008 стандартымен салыстырғандағы ерекшелігі.* ҚР СТ ИСО 9001-2016-ның жаңа нұсқасының негізгі өзгеруі бағыты басқару процесіне арналған. Бұл стандартты кең ауқымды кәсіпорындар мен ұйымдардың қосымша, нақты талаптарды жасамай қолдануына мүмкіндік береді.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 жаңа нұсқасына енгізілген өзгертулер болашақ он жылға немесе одан да көп уақытқа қойылатын талаптардың тұрақты жиынтығын құрайды деген болжам бар. Бұл талаптар жиынтығы үнемі өзгеріп отыратын сыртқы экономикалық және іскерлік жағдайларда өзгеріссіз қалуы мүмкін.

ISO 9001 өзгерісі үшін мыналар қажет:

- өзгертін жаһандық жағдайларға бейімделу;
- ұйымдар жұмыс істейтін орталардың күрделілігін көрсету;
- болашақ үшін тұрақты негізді қамтамасыз ету;
- жаңа стандарт барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді;
- басқа басқару жүйелерінің стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету.

Жаңа нұсқадағы бөлімдердің саны - он. Мұндай кеңейту басқару жүйелерінде әр түрлі стандарттардың үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін жасалады.

Сапа менеджментінің барлық стандарттары бөлімдері де бірдей аталатын, бірдей құрылымды болып келеді.

Басқару жүйелері үшін бірыңғай стандарттар жүйесін құру мақсаты интеграцияланған жүйелерді (мысалы, ISO 9001, ISO 14001, ISO 27001 және ISO 22301) пайдалануды жеңілдету болып табылады.

*«Ұйымның мән-мәтіні» тұжырымдамасын қолдану.* Бұл тұжырымдаманы енгізу сапа менеджменті жүйесінің кең ауқымын білдіреді. Стандарттың жаңа нұсқасы ұйымға жүйеге және оның тұрақтылығына әсер ететін бірқатар факторларды ескеруді талап етеді. Атап айтқанда, дерлік әрбір ұйым энергия, материалдар, сатып алу, қоршаған ортаны пайдалану сияқты сыртқы факторларға тәуелді. Сонымен қатар, сапа жүйесінің жұмысына және ұйымға тұтастай алғанда ішкі факторлар (мысалы, корпоративтік мәдениет, ұйымдық тәртіп және т.б.) әсер етеді. Осы факторлардың бәрін сапалы жүйені жоспарлау, құру және пайдалану кезінде ескеру қажет.

*«Құжат» ұғымынан (ISO 9001: 2008, 4.2.3) және «жазба» (ISO 9001: 2008 4.2.4-тармақтар) ұғымынан «құжатталған ақпарат» ұғымына ауысу.* Бұл өзгеріс құжатталған процедуралар мен сапа басшылығын пайдаланудан бас тартуға мүмкіндік берді. Стандарттың жаңа нұсқасында бұл құжаттар талап етілмейді. Оның орнына, ұйым құжаттарды әр түрлі түрде (мысалы, қағаз және электрондық құжаттар, бейне және дыбыс) қолдана алады.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 стандарты бойынша жоғарыда аталған негізгі өзгерістерге қосымша, көптеген басқа өзгертулер жасалды. Мысалы, «өнім» термині «тауарлар мен қызметтер» деген сөздермен алмастырылды, сапа менеджменті жүйесінің қағидалары және т.б. қысқарды.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 елеулі өзгерістер енді, яғни қызмет көрсету аясында қолданудың әмбебап және жеңіл болу үшін өзгертілді. Жобаның кіріспесіне сәйкес, осы нұсқада стандарттың ұйғарымдық сипаты төмендетілгендігі байқалды. Бақылау және өлшеу құралдарының мониторингі сияқты кейбір талаптар директивасы аз, ал басқалары директиваға ие, мысалы, «СМЖ қолдану көлемін анықтау» талаптары.

Сапа менеджменті жүйесінің жаңа нұсқасы қолданылу саласына не кіретінін анықтайды.

Ұйымның контекстіне жататын екі жаңа бөлім енгізілді:

4.1 бөлім. Ұйымды және оның ұйымдастырушылық ортасын түсіну.

4.2 бөлімі - мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін түсіну.

Бұл екі бөлімнің мақсаты - ұйымға СМЖ жоспарлауға әсер етуі мүмкін мәселелер мен талаптарды анықтауды талап ету және СМЖ әзірлеуге кіріс ретінде қолданылуы мүмкіндігі.

Процестік тәсіл ISO 9001:2008 стандарты бойынша анықталған болатын. Стандарттың ұсынылған нұсқасы процестік тәсілді айқынырақ қарастырған.

4.4.2-бөлім - Процестің тәсілдерінің талаптары көрсетілсе, жаңа нұсқада «алдын алу шарасы» термині жоқ. Себебі, ресми басқару жүйесінің негізгі мақсаты ескерту құралы ретінде әрекет ету және тәуекелдерді анықтап алдын алу шарасы болып табылады.

4.1 бөлім СМЖ-нің қажетті нәтижеге жетуін қамтамасыз ету үшін қарастырылуы керек тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауды талап етеді [1].

6.1-бөлімде жағымсыз салдардың алдын алу немесе азайту және жақсартуға қол жеткізу қажет. Бұл екі бөлім алдын алу тұжырымдамасын қамтиды және ықтимал тәуекелдер мен мүмкіндіктерді кеңінен қарастырады. Құжатталған ақпаратқа қойылатын талаптар құжаттарға және жазбаларға қойылатын талаптарды алмастырады, талаптарға сәйкес келетін икемділікті қамтамасыз етеді. Тауарлар мен қызметтерді сырттан ұсыну 8.6-бөлімде талқыланады, ол 2008 жылғы нұсқасында үдерістер мен сатып алуларға қойылған бұрынғы талаптарын біріктірді [1].

ҚР СТ ИСО 9001-2016 стандартында «үздіксіз жетілдіру» сөзі «жетілдіру» деген сөздермен алмастырылады. Жетілдіру ешқашан аяқталмайды және басты мақсат болып табылады, сондықтан «үздіксіз» сөзі қажет емес. 2008 нұсқасында бір рет қана қолданылған, «сипаты» сөзі 2015 нұсқасында жиі пайдаланылады.

Сипаты сөзі төмендегі бөлімдерде көрсетілген:

8.5.1.a бөлімі: «Әзірлеу шаралары бойынша дамудың ұзақтығы мен күрделілігі сипаты»

8.5.1.d.1 бөлім: «Әзірленетін өнімнің және қызмет көрсетулердің сипаты және сәтсіздіктің ықтимал салдары».

Сілтемелерге қарамастан, сипаты түсінігі ИСО 9001:2015 жобасында анықталмаған.

Жаңа стандарттың талаптарын қанағаттандыру үшін басқару жүйелерінің көпшілігінде елеулі өзгерістер, тәуекелді төмендету үдерісін және процестік тәсілдерді формалды қолдануды құру болып табылады.

*Зерттеу нәтижелері.*

Пайдаланушы үшін әлеуетті артықшылықтар:

- жоспарланған нәтижелерге жетуіне назар аудару;
- құжатталған ақпараттың икемділігі;
- тәуекелдерді басқаруды жақсарту;
- процестерді басқаруды жақсарту арқылы, жақсы нәтижелерге жету;
- тұтынушылардың қанағаттану деңгейін арттыру;
- тұтынушыны сақтау және адалдық;
- бедел мен атағын жетілдіру;
- сенімді арттыру.

*Қорытынды(лар).* Қазіргі уақытта стандарттың жаңа нұсқасына көшу мекеме (ұйым) дамуының жаңа айналымы болып табылады, ол тек пайда табудың ғана емес, сонымен қатар тұтынушының күтуіне сай сапалы өнімдерді ұсынуды, сондай-ақ тұтастай алғанда қоғамның және қоғамның қажеттіліктеріне бағытталғандығын дәлелдейді. Осылайша, компания тауарлар мен қызметтер нарығында ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілікті талап ете алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Особенности международного стандарта ИСО 9001:2015: О-75 метод. рекомендации/ Владим. гос. ун-т им. А.Г. и Н.Г. Столетовых; сост.: А. М. Саралидзе, А. Г. Сергеев, Е. А. Баландина. – Владимир: Изд-во ВлГУ, 2015. -36
2. Web: [www.palata.kz](http://www.palata.kz)
3. <https://kazinst.kz>

УДК 621 86/87

### АНАЛИЗ И ИССЛЕДОВАНИЕ ПЕРЕГРУЗКИ НАВАЛОЧНЫХ ГРУЗОВ

**Айткаматова И. К., студент**  
КГУТИ им Ш. Есенова, г. Актау  
**Научный руководитель: Юсупов А.А.**  
КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

**Аннотация.** Мақалада бар вагонаударғыш құрылымдарға талдау және жаңа жартылай инерциялы вагонаударғышты өңдеу мәселелері қарастырылған.

**Ключевые слова:** роторный вагоноопрокидыватель, навалочный груз, вагон.

Вагоноопрокидыватели являются наиболее мощным и совершенным средством выгрузки навалочных грузов из полувагонов. В зависимости от способа опрокидывания различают следующие типы вагоноопрокидывателей:

- роторные – с опрокидыванием вагона на угол  $160^0-175^0$  относительно продольной оси, проходящей внутри контура вагона, и высыпанием груза по боковой стенке вниз;
- боковые — с опрокидыванием вагона на угол  $160-180^0$  вокруг продольной оси, проходящей вне его контура, сбоку и значительно выше уровня пути вагона, и с выгрузкой груза по боковой стенке вниз;
- башенные — с опрокидыванием люльки с груженным вагонном в приемную траншею. Опрокидывание осуществляется приводом с канато-блочной системой. [1]

#### **Роторный вагоноопрокидыватель**

Весьма существенный недостаток роторных стационарных вагоноопрокидывателей состоит в необходимости иметь глубокую подземную часть сооружения, предназначенную для приема огромной массы груза при интенсивно работающем вагоноопрокидывателе. Глубина фундамента для этих сооружений от головки разгрузочного рельса часто превышает 15–17 м. Указанный недостаток частично устранен в передвижных опрокидывателях такого же типа.

Стационарный роторный вагоноопрокидыватель (рис. 1.) состоит из двух или трех секций роторов 2, опирающихся бандажами своих дисков каждый на четыре роликовые опоры 5. Внутри роторов на вертикальных тягах подвешена к двум люлькам платформа 6, общая для роторов. Опорные диски каждого ротора связаны между собой продольными трубчатыми фермами. Роторы приводятся во вращение электродвигателями 1, через двухступенчатые редукторы и зубчатые зацепления, представляющие собой шестерни на общем тихоходном валу привода и зубчатые венцы на дисках роторов. Механизм вращения снабжен короткоходовыми тормозами. Подаваемый на платформу 6, полувагон автоматически закрепляется верхними упорами 3 и привалочной стенкой 4. [1]




Рисунок 1 - Роторный вагонопрокидыватель

### Боковой вагонопрокидыватель

Боковой вагонопрокидыватель имеет большую массу (148т вместо 121 т). Стоимость изготовления бокового вагонопрокидывателя более чем в два раза превышает стоимость роторного. [2]

Боковой вагонопрокидыватель вращается со скоростью 0,73 об/мин. Его габаритные размеры: длина 26 м, ширина 9,1 м и высота 12 м. Расчетная производительность вагонопрокидывателя 20 вагонов в час. Мощность его привода больше мощности привода роторного вагонопрокидывателя, что объясняется большими массами и более высокой степенью статической неуравновешенности.

На рис. 2 представлен стационарный боковой вагонопрокидыватель с зубчатым механизмом опрокидывания. Он состоит из двух закрепленных на валу фигурных роторов 5, двух люлек 1, к которым на тросах подвешены платформы 2, электропривода зубчатого механизма опрокидывания и четырех опорных колонн с подшипниками. На подшипники колонн опираются валы роторов, связанные между собой эластичной муфтой. Люльки снабжены привальными стенками 3 и верхними прижимами 4. Подвеска платформ и связь люлек с роторами выполнены так же, как и в стационарном роторном вагонопрокидывателе. Поворотная часть вагонопрокидывателя частично уравновешена противовесами 6.

Поворот роторов осуществляется от двух отдельных приводов, каждый из которых состоит из электродвигателя мощностью 100кВт, тормоза, двухступенчатого редуктора и ведущей шестерни, входящей в зацепление с зубчатым венцом ротора. Пульт управления механизмами сосредоточен в кабине 7. Для выгрузки груза из полувагона роторы поворачивают так, чтобы люльки из нижнего перешли в верхнее положение. Груз из вагона поступает в приемный бункер 8, откуда питателем 9 подается на конвейер 10. [2]




Рисунок 2 - Стационарный боковой вагоноопрокидыватель.

Проведенные исследования показали, что все существующие конструкции обладают рядом существенных недостатков. Основными недостатками являются большая металлоемкость и энергоемкость конструкции, которая как следствие ведет к удорожанию себестоимости единицы перегрузки. Авторами данной статьи разработана конструкция полуинерционного вагоноопрокидывателя рис.3. [3]




Рисунок 3. 1. – рама, 2. – лапа зажимная, 3 – основание, 4 – опора, 5 – сбрасыватель, 6 – блок шкива, 7 – бункер, 8 – блок отклоняющий основной, 9 – вагон, 10 – рельс, 11 – гидроцилиндр, 12 – привод.

Ценность и новизна разработанной конструкции заключается в использовании веса груженого вагона для собственного опрокидывания.

## ЗАКЛЮЧЕНИЕ

На основе проведенных исследований авторами Юсуповым А. А. и Айткamatовой И. К. выявлены достоинства и недостатки существующих конструкций и разработана полуинерционная конструкция вагоноопрокидывателя позволяющая повысить производительность и снизить себестоимость разгрузки вагонов.



## ЛИТЕРАТУРА

1. Ватулин Я.С. Погрузочно-разгрузочные машины. Учебное пособие. М., ПГУПС 2006г.
2. Барабанов В.Я. «Расчеты грузоподъемных и транспортирующих машин» М., Мастерство, 2002г.
3. Невзоров Л.А. «Устройство и эксплуатация грузоподъемных кранов» М., Издательский центр «Академия», 2004г.

УДК 656

### АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ

Джайкиев А., студент

КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Научный руководитель: Аруов Б.Б.

КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам организации дорожного движения. Автор раскрывает задачи деятельности автотранспорта. Особое внимание обращается на причины возникновения дорожно-транспортных происшествий.

**Ключевые слова.** транспорт, строительная индустрия, дорожное движение

Автомобильный транспорт играет большую роль в повседневной жизни, обеспечивая большинство перевозок в народном хозяйстве. Промышленность, строительная индустрия, сельское хозяйство, торговля широко используют и не могут нормально работать без автомобилей.

В Республике Казахстан в 2015 г. было 4,3 млн. единиц легковых автомобилей (64,4% легковых автомобилей, 13,9% грузовых, 2,0% автобусов и 19,6% мотоциклов и мотороллеров).

Автомобиль является на сегодняшний день самым массовым транспортным средством.

В отдельных странах уровень автомобилизации значительно выше и поданным на 1995 г. он составил в Люксембурге – 785 авт./1000 чел., США – 739, Италии – 666, Японии – 665, Швейцарии – 635, Канаде – 612, России – 135 авт./1000 чел. [1]

Однако, растущая автомобилизация вместе с положительными моментами, оказываемыми на экономику, несет отрицательные последствия, большое количество дорожно-транспортных происшествий (ДТП), погибших и раненых, материальный ущерб, загрязнение воздуха.

Ежегодно в мире после дорожных аварий погибает более 1 млн. и получают ранения около 10 млн. человек. Большинство погибших в ДТП молодые люди, в возрасте 21-24 года.

Основной причиной ДТП является нарушение правил дорожного движения водителями 70%, затем пешеходами 20%, плохое состояние улиц, техническая неисправность автомобилей.

Увеличившееся количество транспортных средств, создает дорожные заторы в часы пик и снижает скорость до 10-20 км/ч, что делает их малоэффективными. Развитие общественного транспорта позволит пересадить значительную часть водителей в автобусы и частично снять проблему.

Недостаточная обеспеченность хорошими автомобильными дорогами, плохая изоляция друг от друга транспорта, а также низкий уровень квалификации водителей определяют невысокий уровень безопасности.

Большое влияние на снижение безопасности дорожного движения оказывает множество людей, желающих сесть за руль, но недостаточная материальная база, нехватка преподавателей снижает качество обучения, а сегодня хорошая подготовка автомобилиста является главным фактором.

Исследования показывают, что основное количество ДТП происходит в местах пересечения дорог или на перекрестках. В городах наиболее распространенным видом аварий является попутное столкновение автомобилей на небольшой скорости, а за городом встречное столкновение или съезд с дороги с возможным опрокидыванием.

Статистика ДТП многих стран показывает, что в темное время суток резко повышается опасность движения. Несмотря на то, что интенсивность движения в этот период в 5–10 раз ниже, чем в светлое время, доля ДТП составляет 40-60 % их общего числа. [1]

Ночью последствия столкновений оказываются более тяжелыми, чем днем, так как большую часть информации водитель получает с помощью глаз.

Для снижения количества ДТП в темное время суток, нужно решать проблемы освещенности дорог, а также ослепления встречными автомобилями.

Движение зимой характеризуется ранним наступлением темноты, низкими температурами, снегом. Мерами по повышению безопасности являются удаление снега с дорог, борьба с гололедом, недопущение образования больших сугробов вдоль дорог, так как они ухудшают видимость.

Ремонт дорог вызывает большие дорожные заторы, что провоцирует нарушения правил дорожного движения и аварии. Для предотвращения данных недостатков нужно организовать объездные маршруты, установить предупреждающие знаки, проверить условия движения пешеходов.

При большом росте автомобилей в городах, не рассчитанных на такое их количество, возникают дорожные пробки, которые могут возникать из-за столкновений транспортных средств или возникать постоянно на перекрестках.

В последнее время наблюдается снижение количества ДТП с тяжелыми последствиями, это связано с мерами, предпринимаемыми на государственном уровне, а именно повышение штрафов за грубые нарушения, на пешеходных переходах или выезд на встречную полосу движения.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Клинковштейн Г. И., Афанасьев М. Б. Организация дорожного движения. Учеб. для вузов. – 5-е изд., перераб. и доп. – М: Транспорт, 2001 – 247 с.

УДК 621.7

## АДДИТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МАШИНОСТРОЕНИИ

**Дурбенов Ш.М., магистрант**  
КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау  
**Научный руководитель: Мадиярова А.С.**  
КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

**Аннотация.** В статье проанализированы основная суть, применение, достоинства и недостатки аддитивных технологий в машиностроении.

**Ключевые слова:** САД-модель, АМ-технологии, послойное наращивание, ABS-пластик

Принято считать, что первая промышленная революция случилась после внедрения механизации на производстве. Символом второй стала конвейерная сборка на заводах Ford. Третья прошла под лозунгом смещения центра формирования добавленной стоимости из производства в сферу продаж и дизайна.

Сегодня можно с уверенностью говорить о технологиях, которые изменят мир через 5–10 лет. Особенно интересно, что технологии, которые эксперты считают столь перспективными, затрагивают как небольшие компании, так и огромные международные корпорации.

Аддитивные технологии является частью 4-ой индустриальной революции.

Что такое аддитивные технологии?

Аддитивные технологии или Additive Manufacturing (AM-технологии) – обобщенное название технологий, предполагающих изготовление изделия по данным цифровой модели (или CAD-модели) методом послойного добавления (add, англ. – добавлять, отсюда и название) материала.

Суть Additive Manufacturing (AM) может быть проиллюстрирована простым примером.

**CAD-модель → AM-машина → деталь.**

Зачастую сложной геометрии, из специальных материалов достаточно много в авиационной промышленности, космической индустрии, энергетическом машиностроении и ряде других отраслей. И именно там возник интерес к AM-технологиям, «непосредственному выращиванию» металлических изделий, в качестве альтернативы традиционным технологическим методам для производства не прототипов или опытных образцов, а вполне товарной продукции. Причем мотивацией здесь является не возможность создать что-то уникальное, с необычными свойствами, а экономическая целесообразность. В ряде случаев при объективных расчетах реальных затрат аддитивные технологии оказываются менее дорогостоящими, чем традиционные [1].

Развитию AM-технологий в этом секторе промышленности, безусловно, способствовало существенное расширение номенклатуры металлопорошковых материалов. Если в начале нулевых годов это был перечень не более 5-6 наименований, то сегодня предлагаются десятки видов разнообразных композиций от обычных конструкционных сталей до жаропрочных сплавов и драгметаллов. И этот перечень стремительно расширяется. Одним из перспективных направлений применения AM-технологий является изготовление технологической оснастки – приспособлений и инструментов для серийного производства. В частности, изготовление вставок для *термопласт-автоматов (ТПА)* представлено на рисунке 1.




Рисунок 1-Вставка для ТПА и отливки ABS-пластика

Современное производство характеризуется относительно быстрой сменой продуктов, причем часто меняется не основные компоненты, определяющие функциональные качества продукта, а дизайн – корпусные детали, элементы декора, обычно изготавливаемые литьем, в частности и на термопласт-автоматах. По этой причине в ряде случаев отпадает необходимость в дорогостоящей инструментальной

оснастке, выдерживающей десятки и сотни тысяч циклов. Посредством АМ-технологий можно сделать матрицу или пресс-форму из легкого сплава с меньшим ресурсом [2,3]

Анализ преимуществ и недостатков методов АМ-технологий показал гибкость наиболее востребованных методов аддитивного производства, а также возможности получения конструкций с крайне сложными геометрическими размерами, с внутренними каналами и полостями, потребителями которых являются предприятия авиастроения, промышленной отрасли, медицины и энергетики. Преимущества аддитивных технологий заключается в разнообразии процессов, позволяющих применять их в различных областях производства. Существенным ограничением же является и экономическая составляющая, которая не позволит внедрить аддитивное производство повсеместно.

Несмотря на бум аддитивных технологий, можно отметить ряд причин медленного их внедрения: такие как низкий уровень осведомленности кадров о возможностях и перспективах; отсутствие стандартизации (как технологий, так и материалов) и САПР-моделей, регламентов, техпроцессов; сильная коммерциализация методов аддитивных технологий; отсутствие требуемого количества специалистов по методам аддитивного производства и другие.

Методы аддитивного производства не являются простыми, и для работы требуются специалисты в этой области, привлекая молодых специалистов из различных областей машиностроения, управляющих различных уровней, объединяя усилия, а также благодаря господдержке, возможно решение актуальных задач и быстрое приспособление к изменяющимся условиям в мире аддитивных технологий.

## ЛИТЕРАТУРА

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/primeneniye-additivnykh-tehnologiy-v-proizvodstve-izdeliy-mashinostroeniya>
2. <http://www.mashportal.ru/technologies-46844.aspx>
3. <https://kursiv.kz/news/kompanii-i-rynki/2017-09/chto-zhdet-3d-pechat-v-kazakhstan>

УДК 531.38

## ИССЛЕДОВАНИЕ КОЛЕБАНИЙ МАТЕРИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ С ПОМОЩЬЮ АНАЛОГОВЫХ МАШИН

Сариева Д. студент

КГУТИ имени Ш. Есенова, г. Актау

В результате масс-спектрального анализа сульфидно-иловой грязи были выявлены 27 элементов (табл. 3), среди которых бальнеологические значимые: Mg (2,6641 атом.%), B (0,0072 атом.%), Br (0,0064 атом.%), K (2,4583 атом.%). В исследуемом для внутрижелудочного введения экстракте содержится биологически значимые компоненты в соответствующих физиологически адекватному разведению концентрациях.

Токсичность сульфидно-иловой грязи проверялось по санитарно-микробиологической оценки (инфузории-парамеции) и при помощи методики определения токсичности в биопробе на лабораторных животных (мыши). Степень токсичности исследуемого образца методом санитарно-микробиологической оценки определяли по выживаемости инфузории через 1 ч экспозиции в вытяжки исследуемого образца.

В результате эксперимента обнаружено, что выживаемость инфузорий составило 88%.

В результате определения токсичности на лабораторных животных (мыши) было установлено следующее: все животные живы, клинические признаки интоксикации отсутствуют. Изменений в поведенческих показателях животных контрольной и подопытных групп не выявлено, отказа от корма не было. После окончания исследования животные были вскрыты. Видимых патологических изменений не обнаружено.

Таким образом, было установлено, что сульфидно-иловая грязь не является токсичной. В ходе исследования на мышах влияния грязевых аппликаций, кожно-

раздражающее действие, проявляющееся в виде гиперемии или гнойничковых поражений кожи, было оценено в ноль баллов. Кожно-резорбтивное влияние, проявляющееся как возникновение опухолей или отеков, также оценивалось в ноль баллов.

Санитарно-бактериологические показатели полностью соответствуют установленным нормам: ОМЧ (общее микробное число) значительно ниже 500 тыс., колититр >10, титр-перфрингенс >0.1, синегнойная палочка и кокковая микрофлора в 10 г грязи отсутствуют. Загрязнение илов тяжелыми металлами также не наблюдается. Содержание в грязях радионуклидов, как естественных, так и техногенных, не превышает установленных пределов. Эффективная удельная активность естественных радионуклидов (Аэфф) оказалась равной всего 25,58 Бк/кг при допустимой норме 370 Бк/кг, удельные активности техногенных радионуклидов практически не значимы.

Таким образом, грязь данного месторождения является перспективной для изучения и использования в бальнеологической практике.

Из этих исследований можно сделать выводы, что местные сульфидно – иловые грязи обладают лечебными свойствами и являются бальнеологически значимыми. Как только здесь был открыт лечебный центр «Шипалы су», велись разговоры о создании на этом месте бальнеологического курорта. Но замысел канул в лету. Все забыли о фонтане, лишь местный люд тихонько лечил свои недуги. Именно поэтому администрации области следует найти пути развития в данном направлении. Так как поселок Курык находится в достаточно дальнем расстоянии от города, не каждого туда заманишь. Исходя из этого, мы предлагаем пойти более легким путем: использовать данные грязи в косметологических целях (различные лечебные маски, тоники на грязевой основе, десневые аппликации, мыло и т.д.). Таким образом, их можно будет найти в каждой аптеке и по приемлемой цене. Многие страны, которые имеют схожие сульфидно – иловые грязи уже давно используют их в данной области. Например, грязи с оз. Карантинное, грязи Сакского озера и т.п.

## ЛИТЕРАТУРА

1. [https://www.fizioterapiya.info/?page\\_id=213/;](https://www.fizioterapiya.info/?page_id=213/)
2. [https://tumba.kz/zhizn-regiona/11-zhizn-regiona/12225/;](https://tumba.kz/zhizn-regiona/11-zhizn-regiona/12225/)
3. Касимова С.К. Сравнительный анализ токсикологического и радиологического показателей сульфидно-иловой грязи соленых озер Астраханской области // Материалы II Всероссийской научной конференции студентов и молодых ученых с международным участием «Актуальные проблемы современных аграрных технологий». - Астрахань: ООО КПЦ «Полиграф-Ком», 2007. - С. 61-63.
4. Касимова С.К., Кондратенко Е.И. Оценка влияния грязевого экстракта, вводимого внутривенно, на свободнорадикальный гомеостаз самцов крыс // Естественный науки. 2009. № 2. С. 117-123.
5. Касимова С.К., Кондратенко Е.И. Возрастные особенности лазерно-доплерографических параметров микроциркуляции кожи лица женщин и их изменение под влиянием аппликаций сульфидно-иловой лечебной // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Социальные, гуманитарные, медико-биологические науки. 2009. Т. 11. №1-5. С. 865-868.

## МҰНАЙ-ГАЗ ҰҢҒЫЛАРЫ ТҮП МАҢЫНА ӘСЕР ЕТУ ӘДІСТЕРІНЕ СИПАТТАМА

**Алиев Р. студенті**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Койшина А.И.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Андатпа.** Қазіргі кезде өнімді қабаттың әртүрлі геологиялық жағдайында қолдануға мүмкінді қышқыл композициялары және реагенттер түрлері айтарлықтай көп. Сондықтан кенорынды тиімді игеру және өндіру ұңғы түп маңы жағдайына байланысты.

**Түйінді сөздер:** мұнай, газ, қабат, ұңғы, тау жыныстары, түп маңы.

Қабаттан мұнайды алу және қабатқа әсер ету жұмыстары ұңғы арқылы жүзеге асады. Ұңғының түп аймағы (ПЗС) – барлық процестер қарқынды жүретін облыс болып табылады. Бұл жерде, сұйықтың қозғалу жылдамдығы, қысым градиенті, энергия шығыны, сүзілу кедергісі өте үлкен болады. Кен орнын игерудің тиімділігі, өндіру ұңғысының өнімі, айдау ұңғысының тұтымдылығы және ұңғымен сұйықты көтеруге арналған қабат энергиясы ұңғының түп аймағындағы жағдайына тікелей байланысты [1].

Қабаттан сұйықты алу кезінде немесе қабатқа сұйық айдау кезінде ұңғы түбі аймағының сүзілу кедергісін жою үшін жұмсалатын энергияны бір қалыпта сақтап қалу өте маңызды. Шегендеу құбырларын перфорациялау жұмыстары ұңғының түп аймағына қысқа мерзімде әртүрлі жиелікпен қабатқа толқынмен соққылап әсер ететін кристалдардың көмегімен жүзеге асады.

Мұнай өндіру процесінде қабаттан өндірілетін сұйықтар - мұнай, су және газ өндіру ұңғысының түп аймағы арқылы өтеді, ал қабатқа айдалатын барлық су көлемі су айдау ұңғысының түп аймағымен өтеді.

Бұл үрдерістер қабат ішінде қысымға және температураға байланысты жүреді. Нәтижесінде, ұңғының түп аумағын сүзгі есебінде қарастыратын болсақ, онда термодинамикалық теңесудің бұзылуы нәтижесінде әртүрлі көмірсутегі компоненттері (шайыр, асфальтендер, парафиндер және т.б.) және әртүрлі тұздар бөлінуі мүмкін.

Сүзілу кедергісін және қабаттың түп аумағындағы энергетикалық шығынды төмендету, сонымен қатар ұңғының түп аумағының өткізгіштігін және сұйық ағынының жылдамдығын жоғарылату мақсатында ұңғының түп аумағына әсер ету іс-шараларын жүргізу керек. Ұңғыманың түп аумағына әсер ету әдістерін негізгі үш топқа бөлуге болады: химиялық, механикалық, жылулық.

Химиялық әдіспен әсер ету ұңғыма түп аумағында өткізгіштік нашарлап кеткен жағдайда, қабат жынысын немесе элементтерді еріту кезінде қолданылады, мысалы: тұз немесе темір шөгінділері және т.б. Мұндай әсер ету әдістеріне қарапайым тұз қышқылымен өңдеу әдісі жатады.

Механикалық әдіспен әсер ету қатты тау жыныстарға тиімді, яғни ұңғының түп аумағына қосымша жарықтар салып, қабатта сүзілу процесін жақсартады. Бұл түрге қабатты сұйықпен жару (ГРП) әдісі жатады.

Жылулық әдіспен әсер ету тек қана ұңғының түп аумағында қатты және тұтқыр көмірсутегілер, яғни парафиндер, шайырлар, асфальтендер қатып, тұрып қалған жағдайда, сонымен қатар тұтқыр мұнайдың сүзілуін жақсарту үшін қолданылады. Әсер етудің бұл түріне ұңғының түп аумағын тереңге арналған электр қыздырғыштармен, бумен және басқа да жылу тасығыштармен жылыту әдістері жатады.


Сонымен қатар ұңғының түп аумағына әсер етудің жоғарыда аталған үш әдіске ұқсас келетін басқа да әдістері бар. Мысалы: ұңғыны термохимиялық өңдеуді қабат

жынысына химиялық әсер ету әдісімен байланыстыруға болады, сол сияқты арнайы енгізілген заттардың химиялық реакциясы кезінде үлкен көлемде жылудың бөлінуінде жатқызуға болады.

Сол себептен, қабатқа әсер ету әдісін таңдамас бұрын, толық кенорын бойынша қабаттың термодинамикалық шарттарын, ұңғының түп аумағының жағдайын, сонымен қатар тау жынысының және сұйықтың құрамын мұқият түрде зерттеп алу қажет.

Өндірістік материалдарын талдаудан кенорында келесі технологиялар қолданылған: Қабатты гидравликалық жару (ГРП); Толқынды-ұрумен өңдеу (УВО); Тұз қышқылымен өңдеу (СКО).

Қолданылған технологиялардың жалпы қорытындылары мен көлемі 1- суретте көрсетілген.



Сурет 1 - Қолданылған технологиялар түрлері бойынша жұмыстар көлемі

Талдау периодында қолданылған технологиялар түрлері бойынша жұмыс көлемі 134 ұңғы-операциясы, оның ішінде ГРП – 57 ұңғы-операциясы (43%), СКО – 43 ұңғы-операциясы (32%), УВО - 34 ұңғы-операциясы (25%).

1-кесте - Ұңғының түп маңын және өнімді қабатқа әсер ету технологиясының қорытындылары

№ п/п	Технологиялар	Ұңғы саны		Мұнайды қосымша өндіру, т		Мұнайды қосымша және жинақтап өндіру
		Барлығы	Тиімділігі	т/сут	%	
1	Қабатты гидравликалық жару (ГРП)	57	49	13,1	67	52510,2
2	Тұз қышқылымен өңдеу (СКО)	Өндіруші ұңғы		1,9	46	867
		4	2			
		Суайдаушы ұңғы		Қабылдағыштығы (дейін) = 69,6 м3/сут Қабылдағыштығы (кейін) =125,4 м3/сут		
3	Толқынды-ұрумен өңдеу (УВО)	Өндіруші ұңғы		3	35	530,9
		3	2			
		Суайдаушы ұңғы		Қабылдағыштығы (дейін) = 71 м3/сут Қабылдағыштығы (кейін) 142,5 м3/сут		

Өндіруші ұңғылардың өнімділігін арттыру бойынша жұмыстың максималды көлемі қабатты гидравликалық жарумен жүреді – 57 ұңғы-операциясы, максималды қосымша мұнай өндіру ҚГЖ да жүреді – 13,1 т/тәу. Суайдаушы ұңғылар бойынша Тұз қышқылымен өңдеу (СКО) және Толқынды-ұрумен өңдеу (УВО) жүргізу есебінен қабылдағыштың артуы байқалады, яғни 1,8 және 2 есе. Талдау периодында ГТШ жүргізу есебінен қосымша мұнай өндіру жалпы 53,908 мың тоннаны құрады.

Қазіргі кезде мұнай өндірісінің тәжірибесінде реагенттік, репрессивті, депрессивті және аралас импульсті -толқынды әсер ету әдістерін қолданумен ұңғы раскольматация әдістері таралған.

Реагенттік және репрессивті әсер ету (біруақытта) толқынды-ұрумен сәйкес жүзеге асады. Ал репрессивті және депрессивті әсер ету циклды кезекпен, түп қысым қабат қысымынан төмендеген жағдайда жүзеге асады.

Мұнай кенорында ұңғы түп маңын тазалау мақсатында толқынды-ұру әсер ету технологиясын өндіруші және суайдаушы ұңғыларда қолданылады.


Суайдаушы ұңғылардың қабылдағыштығы және өндіруші ұңғылар дебитінің өзгерісінің динамикасы бойынша қолданылған технологияның тиімділігіне талдау жасалынды.

2-кесте - Өндіруші ұңғыларда ТҰӨ технологиясының тиімділігін талдау

Ұңғы №	ТҰӨ мерзімі	ҚЖ, м <sup>3</sup> /тәу		ҚН, т/тәу		Сулану, %		Өсуі, т/тәу	Жинақталған өнім, т	Тиімділіктің ұзақтығы, тәу
		дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін			
4223	16.9.13	5,3	7,7	4,4	5,9	18	24	1,5	130,5	87
4137	18.9.13	7,7	12,7	6,8	11,2	12	12	4,4	400,4	91
4111	13.9.13	4,9	4,3	4,4	3,6	12	16	0	0	0
Барлығы		6,5	10,2	5,6	8,6	15	18	3,0	530,9	89

2 кестеде келтірілгендей, 4111 ұңғыда технологиялық тиімділік алынбаған. Ұңғы бойынша қосымша мұнай өндіру оң тиімділігі ұңғыда 3,0 т/тәу, жұмысты жүргізгеннен жинақталған өндіру 530,9 тоннаны құрады.

2-суретте ТҰӨ жүргізуден кейінгі және дейінгі мұнай өндіру ұңғысының жұмысының технологиялық параметрлері көрсетілген.



Сурет 2 - Ұңғы жұмысының технологиялық параметрлерінің өзгерісі

Ұңғы технологияны қолданбай тұрғанда 6,8 т/тәу орташа мұнай өнімі мен 12 % суланумен жұмыс жасап тұрды. ТҰӨ жүргізгеннен кейін ұңғы өнімі 14,8 т/тәу артты, ал сулануы 12 % өзгермеді.

Талдау периодында 31 ұңғыға тұз қышқылымен ТҮӨ қолданылды. Технологияны қолдануға дейінгі және кейінгі суайдаушы ұңғылардың қабылдағыштығының өзгерісі бойынша технологияның тиімділігіне талдау жасалды. Нәтижесі 2- кесте және 2-суретте көрсетілген.

Қазіргі кезде өнімді қабаттың әртүрлі геологиялық жағдайында қолдануға мүмкінді қышқыл композициялары және реагенттер түрлері айтарлықтай көп. Мұнайды шығаруды арттыру бойынша жоғары тиімді жұмыстарды қамтамасыз ету үшін мұнай өндірудің жоспарлы деңгейін қалпында ұстап тұру керек және жаңа құрамдар мен технологияларды белсенді түрде іздеп әрі ендіру керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болонкина А.М. Отчет о научно-исследовательской работе по договору 25/95 «Исследование физико-химических свойств нефти разрабатываемых и разведочных площадей ОАО «Мангистаумунайгаз». Ақтау, 1995 г.

2. Лысенко В.Д. «Разработка нефтяных месторождений». Теория и практика. М, Недра, 1996 г.

3. Регламент проведения текущего геолого-промыслового анализа разработки нефтяных месторождений. РД 39-9-600-80г.

**ӘОЖ 622.277**

## МҰНАЙ ӨНДІРІСІНДЕ ТАУАРЛЫҚ ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

**Аманмырзаев Е., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Койшина А.И.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Андатпа.** Мұнай және газ өндірісінің қызметкерлерінің алдынала тауарлы мұнай сапасын арттыру, оны өндіруде шығындардың төмендеуіне бағытталған және мұнайды дайындау технологияларын жетілдіру әрі игеру болып табылады.

**Түйінді сөздер:** мұнай, газ, сепаратор, кенорын, деэмульгатор, объект.

Қазіргі кезде ұңғыдан өнім өндірісімен, оның сепарациясын өткізу және алдын ала дайындау объектісіне тапсырумен қоса, мұнай-газ кенорындарында мұнайды алдын ала және тауарлы дайындау өндірілуде, яғни деэмульгатормен өңдеу, қыздыру мен тұндыру жолымен ағынды судың жартылай іріктелуі және қабат қысымын қалыпта ұстау жүйесі арқылы оның өнімді қабаттарға айдауы жүзеге асады, ал жартылай сусыздандырылған мұнай, тұндырғышпен, деэмульгатормен қайта өңдеу, терең газдан тазарту және ілеспе суды айыру жолымен тауарлық (өткізетін таза мұнай) сапада мұнай алуды қамтамасыз етеді, оны тауар дайындау объектісіне шығарылады, ал айырылған ілеспе су қайтадан өнімді қабатқа айдалады.

Сонымен қатар, деэмульгаторлардың үйлесімді болу шартын сақтай отырып, оның бір немесе әр түрлері, мұнайды алдын ала және тауарлық дайындау объектілерінде қолданады.

Бұл тәсілдің кемшілігі, деэмульгаторлардың деэмульгирлендіргіш қабілетінің олардың түріне тәуелділігін ескермейтіні болып табылады. Алайда:


- мұнай су эмульсияға мұнайбергіншілік деэмульгатормен әсер ету кезінде, бұдан, құрамында аз мөлшерде мұнай өнімін құрайтын судың бөлінуі қамтамасыз етіледі;

- су ерігіштік деэмульгатормен мұнайсу эмульсияға әсер ету кезінде, бұдан көп мөлшерде мұнай өнімі қамтамасыз етіледі [3].

Мұнайды алдын ала дайындау объектісінде, сулану мәні 15%-98%-ға дейін құрайтын (яғни тиімділік шегіне дейін), ал шығарылған су көлемінің мәні, кенорыннан өндірілетін жалпы су көлемінің 80-95%-н құрайтын, мұнайды алдын ала дайындау процесін мұнайерігіштік деэмульгатор көмегімен өндіру ұсынылады, сонымен қатар, өндірілген судың неғұрлым көп көлемінде мұнай өнімдерінің аз мөлшерін қамтамасыз ететінін жаңалықтың болжау маңызы қорытындылайды; ал шығарылған су көлемінің мәні, кенорыннан өндірілетін барлық су көлемінің 5-20%-н құрайды, сулану мәні 5 %-дан 20%-ға дейін құрайтын, мұнайды тауарлы дайындау объектісінде, мұнайерігіштік деэмульгатормен қатар, суерігіштік деэмульгаторды да қолдана отырып, мұнайдың тауарлы дайындау процесін өндіруді ұсынады, олардың үйлесімділігі міндетті шарт бойынша және тауарлық мұнайдың сапаға қол жеткізуі МемСТ талаптарына сәйкес болуы керек.

Акустикалық бугенераторында алынған сулы будың су мұнай эмульсиясын қыздыру үшін қолданылатын мұнай өндірістерінде тауарлы мұнайды алатын қондырғы 1-суретте көрсетілген. Мұнай өнімі (сызбада НП) қабат қысымы арқылы 1-ші сатылы сепарациялы сепараторға келеді, одан бос мұнай газының негізгі массасынан бөлінеді (НГ) және қысымның төмендеуі орын алады.

Мұнайгазжинау жүйесінде мұнайды тасымалдау және жинауда сұйықгазды инжекторды қолдану келесі техникалық тапсырмаларды комплексті шешуге мүмкіндік береді: тауарлы мұнайды тапсырылған оның буының серпімділігі бойынша алу; соңғы сатылы сепарацияда газды қайта өңдеу; құрамында күкіртсутегі бар газды тасымалдау және жинау; ылғалдан газды құрғату; газдусұйық қоспаны бөлу; ұңғыны меңгеру және жуу үшін екіфазалы қоспаны дайындау; қыздырылған мұнайдың жылуын қайта өңдеу; құрамында дайындалған мұнай реагентін қайта өңдеу; салқын және қыздырылған мұнайды араластыру.



Сурет 1 - Мұнай өндірісінде қолданылатын тауарлы мұнайды алатын қондырғы

1 – бірінші сатылы сепарациялы сепаратор; 2- екінші сатылы сепарациялы сепаратор; 3-үшінші сатылы сепарациялы сепаратор; 4- алдын ала суды ағызу аппараты; 5- деэмульгатор; 6- вакуумды сепаратор; 7- сорап; 8- флотатор; 9-жинак; 10, 11- сораптар; 12- акустикалық бу генераторы.

Осылайша қабат суы және ілеспе мұнай газы, мұнайды бірлескен тасымалдау, дайындау және жинаудың негізгі технологиялық герметизацияланған жүйесінің жабдықтары болып табылады: үш сатылы сепарация сепараторлары; алдын ала суды ағызу аппараты; деэмульгатор; бу генераторы; соңғы сатылы сепаратор; көпсекциялы аэрогидродинамикалық флотатор; жинак; сұйықгазды инжекторлар; сораптар.

Кенорынның игеру өнімінің дайындық, көлік және ішкікәсіби жинау жүйесі, игеру өнімінің кәсіби көлігін мен жеке өлшеуін ұңғыдан, оның тауарлық кондицияға дейінгі дайындық объектісіне жинау үшін және тұтынушыға жеткізу, ағынды су мен газды тазалау және пайдаға асыру үшін, капиталсыйымды, металлсыйымды және еңбекшығынды пайдалану объектілердің тұтастығын ұсынады [3].

Қазақстан Республикасының мұнай және газ кенорындарын игерудің бірыңғай ережелеріне сәйкес, ішкікәсіпшілік жинау жүйесінің және ұңғы өнімінің тасымалдау мен дайындау технологиясы келесі талаптарды қамтамасыз етуі керек: өндірілетін өнімнің саңылаусыздандырылған жинауы; гидродинамикалық зерттеулер жүргізу мүмкіндігін мен әр ұңғының өнімділігін (дебитін) айқын өлшеу; тұтас кенорынның кәсіби өнімін есепке алу; өз қажеттіліктеріне жұмсалған ілеспе газдың көлемін есепке алу; барлық технологиялық сілтемелердің пайдалану сенімділігі; барлық технологиялық процестердің автоматизациясын; мұнай мен газдың минималды технологиялық жоғалуы.

Кенорын мұнайының тасымалдау мен ішкі кәсіби жинаудың қазіргі жүйесі, оған қойылатын: өндірілетін өнімнің саңылаусыздандырылған жинақ бойынша, оның өлшемі, бөлудің (сепарация) бірінші сатысы және әрі қарай су мен газдың бөлек құбыр арқылы тасымалдау, алдын ала тауар дайындау объектісіне тасымалдау бойынша талаптарды қамтамасыз етеді. Өте қиын технологияларды және технологиялық жабдықтарды қолдану көмегімен қол жеткізіледі. Сонымен қатар ішкікәсіби жинаудың жүйесі мұнай мен сумұнай эмульсияның өзіндік ерекшеліктерімен байланысты, пайдаланудың қиын шарттарымен сипатталып жалғасуда: құрамында парафинасфальтті шайыр заттың көп болуы; көп парафинді мұнайдың жоғарғы суу температурасы; өндірілетін өнім сулануының үздіксіз өсуі; өндірілетін өнімдегі газдың құрамы аз деңгейі; аз дебитті ұңғы қорының едәуір қолжетімділігі; кенорынның кең ауданы.

Кәсіпшілік орналастыруды көп объекті кен орнында құру процесінде іздеу жүргізілді, ішкікәсіби жинаудың жүйесін одан әрі жетілдіру үшін шаралар құрылуда және іске асырылуда.

Кенорында жүргізілген алдыңғы зерттеулерден, яғни мұнайдың дайындық объектісі ұңғы сағасына жақын орналасуы бойынша, «қартаю» процесінің нәтижесінде оның тұрақтылығы төмендейуінен, ең тиімді бұзылу жаңа сумұнай эмульсияда болатыны анықталды. Бұл, кәсіпшілікте орналасқан суды қосымша шығынсыз мұнайдан айыру және оның сулану мөлшерін 10-15%-ға дейін түсіру үшін, қондырғыда алдын ала суды лақтыруға мүмкіндік береді [2].

Өндірілетін өнімнің, 1983 жылы мекемемен бірлесіп жүргізілген институттың кәсіпшілік байқау нәтижесі бойынша, жоғары сулану деңгейін ескере отырып, САЛҚ (суды алды-ала лақтыру қондырғысы) технология кенорынында ұйымдастырудың бірнеше нұсқалары қарастырылды [1].

Қазіргі уақытта тапсырылатын мұнай сапасына қойылатын талаптар тасымал ұйымымен күшейтіле түсті – бірінші топпен ғана қабылданады МемСТ Р 51858-2002, оған сәйкес судың массалық үлесі 0,5 %-дан, хлорды тұздың құрамы 100 мг/дм<sup>3</sup>, механикалық қоспалар 0,05%-дан аспауы керек.

1 – кесте - Тауарлы мұнай сапасы

Атауы	ГОСТ немесе ТУ	ГОСТ немесе ТУ көрсеткіштері		Ескерту
		I топ	Топ үшін норма	
Тауарлық мұнай	ГОСТ Р 518582002	Су құрамы %	0,5 артық емес	ГОСТ 2477-65
		Хлор, тұз құрамы, мг/л	100 артық емес	ГОСТ 21534-76
		Механикалық қоспалар құрамы	0,05	ГОСТ 6370-83
Соңғы айыру сатысында газ		Тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	0,79	



Қажетті параметрлерге қол жеткізу үшін, егер тауарлық резервуарларға сапасыз мұнай түссе, оны бастапқы технологиялық циклге жіберуде дайындауды алдын ала жасау керек. Бұның бәрі электркуатының шығынын, отындық газдың, химреагенттің арттыруына әкеледі, яғни мұнай өңдеу процесінің ұзақтығына байланысты, саябақ тауарға толып қалады.

Мұнайды дайындау бойынша ірі қондырғылар басқаруды мобильдікті және оперативтілікті қамтамасыз ету мақсатпен МДАЦ-да қайта құру қажеттілігі туындады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Анализ текущего состояния разработки месторождения Узень по состоянию на 01.01.2009 г., Том 2. Договор №02/03 с ОАО «УзенМунайгаз», Жанаузен, 2009.

2. Гиматулин Ш.К. Справочное руководство по проектированию разработки и эксплуатации нефтяных месторождений // Москва, Недра, 1983, С.455.

3. К.И. Жиенбаева, Н.В. Лалазян. Сбор и подготовка скважинной продукции на нефтяных месторождениях // Алматы, 2005.

ӘОЖ 55.061

## КАРСТ ЖӘНЕ КАРСТЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

Демесинов Б.Қ., студент

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Ғылыми жетекші: Жүсіп М.Қ.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада карст, карсттық құбылыстардың қалыптасуы, пайда болу жағдайлары және Маңғыстау облысындағы карст құбылыстарының геологияда алатын ролі баяндалады.

**Түйінді сөздер:** карр, понор, қазаншұңқыр, полье; құрғақ, соқыр және қап тәрізді аңғарлар, суффозия

Карст (*нем.* Karst) – суда еритін және су өткізгіш тау жыныстарынан – ізбестастардан, доломиттерден, гипстен, тау тұзынан құрылған жерлерге тән рельефтің өзгеше формалары мен гидрологиялық режимі. Осындай жерлерде ағын және жер асты суларының тау жыныстарын ерітуінің салдарынан жер бетінде орлар, шұңқырлар, үлкен дөңгелек қазан шұңқырлар, ал жер астында үлкен бос кеңістіктер, үңгірлер пайда болады. Мұндай жерлерде өзендер жер жарығына, шұңқырға құйылып, жер астында, сонан кейін қайта жер бетіне шығып ағады. Жұмсақ және борпылдақ жыныстарға су әсер ететін болса, шөлдік климат жағдайларында суға ерігіш жыныстарда (сазды мергельде) «жалған карст» немесе саздық карст пайда болады. Бұл жағдайда рельеф өте қатты бедерлі болып келеді. Карстық құбылыстар Қырымда, Кавказда, Орта Азияда, Оралда, Сибирьдің кейбір аудандары мен еуропалық бөліктегі Горький, Тула, Архангельск, Калининоблыстарында кең тараған [2] [3].

Карст дамуы үшін: тегіс және шамалы еңіс бет; Карст жаралатын таужыныстардың қалыңдығы біршама, жер асты суларының деңгейі төмендеу болу керек. Карст қуыстары терендік жағдайы бойынша терең және саяз түрлерге бөлінеді. Қопсық жабынының дамуы бойынша: ашық (Жерорта теңізі, Қырым) және жабық (Орал) Карсттар болады; 2) біршама тез еритін таужыныстардан (гипс, әктас, доломит, тас тұз) тұратын өңірлерде пайда болатын бедер пішіндерінің өзіндік кешені. Карст көбінесе теріс бедер пішіндерін қалыптастырады. Жаралуы бойынша еру арқылы (Карст) және еру мен механикалық

шайылу арқылы (Карст және суффозия) пайда болған түрлерге бөлінеді. Морфологиясы бойынша бөлінетін пішіндер:

а) жер бетілік Карст – карр, понор, қазаншұңқыр, полье; құрғақ, соқыр және қап тәрізді аңғарлар;

б) жерастылық Карсттік каналдар, үңгірлер, көлбеу каналдар-галереялар. Жерастылық пішіндер жер бетіне дейін дамуы мүмкін. Жерастылық пішіндер карст базисі деңгейінен төменгі бөліктерде жаралады.

Карст қазаншұңқырлары Біршама байтақ ойпаң, карст шұңқырларының бірігуінен жаралады, олармен салыстырғанда төмен және грунт сулары деңгейіне жақын орналасуымен, бірнеше поноры болуымен сипатталады. Карст қазаншұңқырлары айналадағы аумақты сорғытады, кейде воклюздер байқалады Ерігіш таужыныстарда (экті, доломит, тұз, кейде мергель мен бор) жер асты суларының еріткіш әсерінен туындайды. Өлшемдері әр түрлі: ірі үңгірлерден майда каверналарға дейін. Әр түрлі пішінді тұйық ойпаң; таужыныстардың жасына, типіне және жатысына байланысты саңылау, құдық және табақ пішіндес болады. Қопсық жабын түзілімдерінде ерімей, механикалық жолмен (суффозия) пайда болған карст шұңқыры карст-суффозиялық шұңқыр деп аталады

Понор (хорв.шексіз, тұңғыық) – тау жынысындағы тесік, тұрақты немесе уақытша су ағысын сіңіретін, сондай-ақ осындай тесігі бар карст шұңқыры. Жер бедерінің кең таралған түрі әлемнің көптеген карст аудандарында. Ірі үңгірлердің едәуір бөлігіне кіретін жері -бұл понор. Қазіргі уақытта үңгірге кіретін ашық есіктердің көпшілігі бұрыннан табылған кезде, табанның борпылдақ шөгінділері жуылған қазба жұмыстары спелеологтарға жаңа үңгірлерді ашуға мүмкіндік береді.

**Карстық бастау-бұлақ** – карстық сулардың жер бетіне шығуы. Табиғи жағдайда ол көбінесе түрлі құрамды жер асты суларының еріткіш әсеріне бейім келетін карбонатты тау жыныстарда кездеседі. Басқа жарықшақты тау жыныстармен байланысты бұлақтарға қарағанда, карстық бастау бұлақтың су өтімі молырақ болады Олардың химиялық құрамы су сыйыстырушы тау жыныстардың минералдық құрамына сәйкес келеді. Әктас, доломиттерде қалыптасқан карстық жер асты сулары көбінесе тұщы болады, минералдылығы 1г/дм<sup>3</sup>-ден аспайды. Егер карстық жер асты сулары тұзды шөгінділермен байланысты болса, олардың минералдылығы 50-100 г/дм<sup>3</sup>-ден 300-350 г/дм<sup>3</sup>-ге жетеді, кейбір жерлерде одан да асады. Карстық жер асты сулары көбінесе таулы аудандарда, қыраттарда кездеседі, жылға, бұлақ болып ағып жатады. Су сыйыстырушы тау жыныстардың ерігіштігінің нәтижесінде, оқпалық сулардың жүру жолдары, әдетте, кеңіп отырады. Осыған байланысты кейбір аймақтарда ұзындығы 50-250 км, ені жүздеген метр қуыстар пайда болып, олардан ірілі-уақты өзендер басталып ағады. Карстық жер асты сулары әр түрлі шаруашылық қажеттіктерге кеңінен пайдаланылады, сонымен қатар, олар кен қазылып алынатын орындарда шахталарға құйылып, зиян келтіруі де мүмкін. Карстық жер асты сулары Қазақстанда Жезқазған маңында, Қаратауда, Талас, Жоңғар таулы аймақтарында таралған

**Карст воронкасы** – табақша тәрізді асимметриялы ойықтар. Олардың диаметрі мен тереңдігі бірнеше м-ден ондаған м-ге дейін жетеді. Дөңгелек, жайпақ әрі саяз воронкалар долина деп аталады, Карст воронкаларының және басқа карст бедері пішіндерінің түбінде понор деп аталатын терең тесіктер кездеседі. Олар әктас массивінің ішіндегі жерасты карст қуыстарына апаратын өзіндік пішінді тік каналдар болып табылады. Понорлар бір-бірімен қосылып, карсы бетінде ірі пішіндер - қазаншұңқыр мен полье жасайды. Бедерде польелер үлкен өлшемдерімен білінеді. Олардың түрі жақтаулары қия және түбі біршама жалпақ тұйық ойпаңдар сияқты. Кейде мұндай депрессиялар суға толып, карст көлдерін жасайды

Еріту процестері, яғни карст процестері немесе карст көп дүркін қайталады. Нәтижесінде сыйыстырушы таужыныстарда бір-бірімен жалғасқан қуыстар мен каналдардың тұтас жүйесі жалып, біртіндеп олардың өлшемдері үлкейе береді. Осындай жолмен әртүрлі қуыстар - карст үңгірлері пайда болады. Карст үңгірлерінің өлшемі кейде

өте үлкен болады. Олар ТМД, АҚШ, Франция, Италия, Венгрия, Чехия, Словакия, Югославия және басқа елдерде кең таралған. Мысалы, көптеген үңгірлер (жүзден асады) Кентукки (АҚШ) үстіртін құрайтын «каверналы әктаста» белгілі. Мұнда жалпы ұзындығы шамамен 300 км-ге жететін, каналдар мен гроттардың бес ярусынан тұратын Мамонт үңгірі орналасқан. Еуропада ұзынды 40-60 км болатын өте үлкен үңгірлер Швейцарияда (Хельхох) және Австрияда (Айсризенвелт) белгілі. Ірі үңгірлер Венгрия, Югославия, Германияда да бар. Ең жақсы зерделенген Новофон карст үңгірі (Абхазия) Қара теңіз жағалауындағы әктас массивінде орналасқан. Мұнда зерттелген өте ірі карст қуыстарының бірінде ұзындығы 50 м-ден 275 м-ге, ал биіктігі 97 м-ге дейін жететін сегіз зал анықталған. Үңгірдің жалпы ұзындығы 1840 м-ге жетеді. Үңгірде үш өзен бар, олардағы судың деңгейі теңіз деңгейінен  $40 \text{ м}$  биік орналасқан.

Маңғыстау жер бедерінің енді бір ерекше түрі – жер асты тау үңгірлері. Адам баласы осы үңгірлерді өте ерте кезден-ақ баспана ретінде пайдаланған, өз қажетіне жаратуды білген. Үңгірлер өз жаратылысына байланысты бес топқа бөлінеді. Бұлар: тектоникалық мұз дәуірінен қалған, табиғаттың эрозиялық әсерінен, вулканның әсерінен пайда болған және карст үңгірлері. Карст үңгірлерінің пайда болуына су көп әсерін тигізген [1].

Маңғыстау өлкесінде үңгірлердің пайда болуы ұзақ уақытқа созылған геологиялық поцестердің нәтижесі. Құрғақ климат пен тау жыныстарының суда ерігіштігі үңгірлердің пайда болуында негізгі рөл атқарады. Маңғыстауда негізінен карстты үңгірлер тараған. Карстты үңгірлерден басқа теңіз жағалық үңгірлер де дамыған. Үңгір дегеніміз жер қыртысының жоғарғы қабатындағы табиғи жолмен пайда болған, бір немесе бірнеше жолы бар қуыстар.

Карстты үңгірлер ең көп тараған түрі. Карстты үңгірлер терең және ұзын болып келеді. Үңгірлер жыныстардың еруінен пайда болады. Сондықтан карстты үңгірлер ерігіш жыныстары: әктас, мрамор, доломит, бор сонымен қатар гипс және тұзы бар жерлерде дамиды. Көптеген Үңгірлер әдетте алма-кезек орналасқан тар және кең бөлмелерден тұрады. Жарылымдар бойында түзілген үңгірлер иір пішінді келеді. Табиғатта үңгірлердің ашық (екі жағы да ашық, кесіп өтуге болады) және тұйық (қап сияқты бір жағы ғана ашық) түрлері кездеседі. Қалыптасу сатысындағы үңгірлердің қабырғалары ашық болса, ал қалыптасуы аяқталғандарда әр түрлі сауыстар (сталактит, сталагмит, сталагнат, т.б.) түзіліп, қуыстарды толтыра береді. Үңгірлердің өлшемдері әр түрлі болып келеді [2].

Үңгір ішіндегі эволюциялық өзгерістердің өте жай өтетіндігі, ондағы, бір қалыпты климат, сыртқы әлеммен байланыстың жоқтығы бұл үңгірден көптеген археологиялық мол олжа табуға мүмкіндік береді. Бұларға өсімдік қалдықтары, өте ерте заманнан қалған аң сүйектері, жартасқа салынған ежелгі адамдардың суреттері, еңбек құралдары, бірнеше мәдени кездерге жататын адам сүйектері.

Жағалық үңгірлер Каспий теңізінің жағалауындағы жарларда және Үстіртте, басқа да жарлар мен мен шыңдарда кездеседі. Олар, көбінесе бір, кейде екі гроттан тұрады. Маңғыстау үңгірлері түпкілікті зерттелмеген. Қазіргі кезде 30 дан астам ірі үңгірлер белгілі. Ең ірі үңгірлер Үстіртте орналасқан. Олар негізінен карстылық ойықтардың түбінде дамыған. Олардың ішінде Булюойық пен Өтебай үңгірлері көзге түседі. Бұл екі үңгір де Оңтүстік Үстіртте орналасқан. Булюойық атауы қыста ауызынан бу шығып жатуына байланысты қойылған. Булюойық үңгірінің ұзындығы 2,5 км, өзі аттас ежелгі зираттардың оңтүстік шығысында. Кіреберісінің ені 1,4 м, биіктігі 5 м, ары қарай еңістеу коридор ұзындығы 40-80 м, ені 9 м, биіктігі 6-15 м болады. Үш залы бар. Біріншісі 28 м тереңдікте орналасқан, биіктігі 7 м, ені 4-6 м, ұзындығы 15-20 м, екінші залдың мөлшері де осымен шамалас, ол 75 м тереңдікте орналасқан, ал ең төменгі, үшінші залдың бір бөлігін жерастыкөлі алып жатыр ұзындығы 20 м, ені 10 м, тереңдігі 4 м.

Өтебай үңгірі де өзі аттас зияраттың оңтүстігінде 1,6 км жерде орналасқан, карст ойығының қабырғасының төменгі жағында. Ойықтың ұзындығы 57 м, ені 30 м, тереңдігі 10 м. Ойықтан екі үңгір басталып, оңтүстік-батысындағы 23 м бітіп қалса, қарама-қарсы

орналасқан екінші үңгір кіре берісінің ені 4 м, биіктігі 12 м еңістеу тереңдеп 96 метрге созылады. Үңгірдің түбі мен қабырғаларында қуыс-тесіктер көп. Көктемгі жаңбырдан пайда болған көлшік бірте-бірте осы тесіктер арқылы ағып кетеді.

Бұлардан басқа Үстірт пен Маңғыстау түбегіндегі белгілі үңгірлердің қатарына Өліқолтық, Қарашек, Тұзбайыр, Қарабауыр, Сағындық, Жазғытұрлы, Қарамая, Борлымүйіс, Жыланды, Үшауыз және басқа да үңгірлерді жатқызуға болады.

Үңгірлердің көбі көне заманнан белгілі. Маңғыстау мен Үстірттегі жер асты үңгірлері өзінің пайда болуы мен пайдалануы туралы ұзақ мерзімдерге созылған құрылымдар болып табылады. Маңғыстаудың әр жерінде қатты тау жыныстарынан ойып салынған бір немесе бірнеше бөлмелі құрылыстар көптеп кездеседі. Олардың ішінде 4-5 адамнан бастап, елу адамға дейін сиятындары бар. Бұлар XVI-XIX ғасырларға жататын мешіттер, болмаса қасиетті адамдар жерленген киелі орындар. Маңғыстау жер асты мешіттері салыну уақыты мен көлемі жағынан әртүрлі кезеңдерге жатады. Кейбірі киелі орындар болып саналады. Сонымен қатар өлкедегі көп тараған сәулет және тарихи ескерткіштері - Шақпақ Ата, Шопан Ата, Бекет Ата, Қараман Ата сияқты жерасты мешіттерінің салынуына да осы үңгірлердің маңызы зор. Сондықтан да оларды зерттеп, насихаттау керек [3].

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Калменов М., Кошбайулы О. «Маңғыстау жерасты мешіттері», 2010 ж.
2. Дублянский В.Н. Занимательная спелеология.
3. Серікбол Қондыбай «Маңғыстау географиясы», 2008 ж.

ӘОЖ 665.6/7 (045)

## ГАЗДАРДЫ КҮКІРТСУТЕК $H_2S$ ЖӘНЕ $CO_2$ КӨМІРҚЫШҚЫЛ ГАЗДАРЫНАН ТАЗАЛАУДА АЛКАНОЛАМИН ҚОСПАЛАРЫНЫҢ СОРБЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Молдагазиева Г.Ғ.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Енсегенова У.К.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Газдарды күкіртсутек  $H_2S$  және  $CO_2$  көмірқышқыл газдарынан тазалауда алканолламин қоспаларының сорбциялық қасиеттерін Зерттеу нәтижелерінде өндіріс қондырғыларының коррозияға ұшырау себептерінің төмендеуі, газдарды зиянды қоспалардан тазалау процесінің қарқындылығы, қышқыл компоненттерінен жойылудың жоғары көрсеткішін осы аталған, аралас метилдиэтанолламин мен диэтанолламин абсорбенттерінің қоспасының нәтижелері болып табылады.

**Түйінді сөздер:** күкіртсутек, көмірқышқыл газы, абсорбент, диэтанолламин ерітіндісі.

Қазақстанның ірі мұнай және газ кенорындарынан өндірілетін шикізат қоры, жоғары қосылысты қышқыл компоненттерімен және күкірторганикалық қосылыстармен сипатталады. Бұл жағдайда дәстүрлі тазалау процестерін қолдану үлкен капиталдық және эксплуатациялық шығындарға ұшыратады. Бұл жаңа экономикалық тиімді, қалдықсыз технологиялық өндірісті дамытуда, негізгі мәселердің бірі болып табылады. Экологиялық қауіпсіздікті және энергияны үнемдеуді талап ететін талаптарды ескере отырып, өңделетін шикізаттың барлық компоненттерін толық және сапалы пайдалануды қамтамасыз ету [1].

Қондырғылар мен құбырларды каррозиядан қорғау, халықты улы әсерден қорғау, көптеген өнеркәсіптік катализаторларды уланудан қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау талаптарына байланысты, газ магистралды құбырға берілер алдында күкірт қосылыстарынан тазалану қажет. Сонымен қатар, газды тазарту кезінде алынған күкірт сутегі күкіртке өңделеді, бұл газды тазарту шығындарын азайтады және ұлттық экономикаға қажетті сапалы шикізатпен қамтамасыз етеді.

Табиғи газды күкірторганикалық қосылыстардан,  $H_2S$  және  $CO_2$  қосылыстарынан тазарту процестерін интенсификациялаудың басты бағыты диэтанолламин мен метилдиэтанолламин негізіндегі сулы, сулы емес сіңіргіштерді қолдану болып табылады. Бұл газдарды қышқыл компоненттерінен және күкірторганикалық қосылыстарынан комплексті тазартуда және көміртегі диоксиді қоспасынан күкіртсутек газын алуда негізгі рөл атқарады.

Зерттеулер нәтижесінде бірнеше жаңа тиімді және экономикалық процестер жасалды:

- жоғары концентрациялы диэтанолламин ерітіндісімен (40% масс.) газды күкіртсіздендіру процесі;
- МДЭА және ДЭА ерітінділерімен газды күкіртсутектен селективті тазалау процесі;
- абсорбенттердің физико-химиялық әсерлері арқылы бірізгі газды қышқыл компоненттерінен және күкірторганикалық қосылыстардан тазалау процесі.

Мұндай жағдайларда, бір мезгілде  $H_2S$  және  $CO_2$  қосылыстарынан тазартуда әртүрлі қоспалармен активтелген МДЭА қолданылады. Зерттеулер нәтижесінде аминнің жалпы концентрациясы 50 % дейін болатын, МДЭА+ДЭА қоспасынан тұратын селективті емес сіңіргіштер дайындалды. МДЭА ерітіндісіне ДЭА ерітіндісінің әртүрлі қатынаста қосу арқылы, газдардан  $CO_2$  мен  $H_2S$  қоспасын толықтай тазартылады [2].

Араласқан абсорбенттерден МДЭА+ДЭА қоспасынан өңделген газ, тәжірибелік-өндірістік сынақтардан жоғары деңгейде анықталды. Бұл процестер бірнеше тарелкалардан тұратын абсорбер қондырғысында жүргізіледі. Қондырғының төменгі жағынан шикізат берілсе, ал жоғары жағынан тәжірибелік –өндірістік сынақтан өткен абсорбент, яғни метилдиэтанолламин мен диэтанолламиннің қоспасынан дайындалған сіңіргіш беріледі. Ол абсорбент жоғарыдан төмен қарай тарелкалар арқылы өтіп, өзіне қажетсіз көмірқышқыл газы, күкіртсутек және қышқыл компоненттерін бойына сіңіріп алып, қондырғының төменгі жағына түседі. Процесс нәтижесінде газ  $CO_2$  - 0,03% көп емес тазартылады, 20 мг /м<sup>3</sup> аз емес  $H_2S$  күкіртсутек алынады. Эксперименттің негізгі зерттеу нәтижелері кесте 1 көрсетілген.

Кесте 1 - Газды күкірттен тазалау қондырғысындағы аралас (МДЭА+ДЭА) абсорбенттерінің зерттеу көрсеткіштері

Бастапқы газдың мөлшері, тыс. м <sup>3</sup> /сағ	Бастапқы газдың құрамы, % об.		Ерітіндінің жалпы мөлшері, м <sup>3</sup> /сағ.	Меншікті су алу, л/м <sup>3</sup>	Аминнің жалпы концентрациясы, % масс.	Қоспадағы ДЭА, %	Тазаланған газдың құрамы		Бу шығыны, т/сағ
	H <sub>2</sub> S	CO <sub>2</sub>					H <sub>2</sub> S мг/м <sup>3</sup>	CO <sub>2</sub> % об.	
254	1,72	0,58	272	1,07	25	100	6	0,01	21,5
281	1,59	0,49	290	1,03	25	25	12	0,03	21,4
276	1,6	0,4	275	1,00	26	30	10	0,0	20,8

	3	8						2	
239	1,8 8	0,8 8	285	1,19	28	35	13	0,0 2	23,0
228	2,3 3	2,0 0	2,95	1,28	34	40	12	0,0 3	31,7
140	3,7 2	5,2 6	320	2,29	35	50	14	0,0 3	37,2
237	1,7 8	0,5 5	170	0,72	30	40	15	0,0 2	16,4

Өндірістік процестердің нәтижесінде араласқан сіңіргішпен газ тазарту процесінің технологиясы ДЭА абсорбентін қолдану жобасынан айырмашылығы жоқ екендігі анықталды. Араласқан абсорбентке өту, технологиялық схеманы және газды тазалау режимін өзгертуге талап етпейді. Алынған нәтижелер нақты тапсырмаға байланысты сіңіруші қоспадағы МДЭА/ДЭА абсорбенттерінің арақатынасын анықтауда қолданылады. Осылайша,  $H_2S$ -пен қатар  $CO_2$ -ні толық шығарып алу қажет болса, онда МДЭА/ДЭА молярлық қатынасы бастапқы газдағы  $H_2S/CO_2$  молярлық қатынасынан шамамен екі есе төмен болуы керек.

Қазіргі уақытта аралас абсорбент (МДЭА+ДЭА) газдарды күкірттен тазалаудың барлық қондырғыларында қолданылады. Қоспадағы оңтайлы ДЭА мөлшері салмағы бойынша 40% аминдердің жалпы концентрациясы бар шамамен 30% құрайды. Ерітіндідегі аминдердің жалпы концентрациясын 50%-ға дейін көбейту тазарту сапасын нашарлатпай, абсорбенттің айналым мөлшерлемесін төмендетуге мүмкіндік береді және осылайша процестің экономикалық көрсеткіштерін жақсартады [3].

ДЭА абсорбентінің орнына араласқан (МДЭА+ДЭА) қоспасын қолдану газды күкіртсіздендіру процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [4].

Зерттеу нәтижелерінде өндіріс қондырғыларының коррозияға ұшырау себептерінің төмендеуі, газдарды зиянды қоспалардан тазалау процесінің қарқындылығы, қышқыл компоненттерінен жойылудың жоғары көрсеткішін осы аталған, аралас метилдиэтанолламин мен диэтанолламин абсорбенттерінің қоспасының нәтижелері болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Суербаяев Х.А. Мұнай мен газды өндірудің және тасымалдаудың техникасы мен технологиясының негіздері. Алматы: Фолиант, 2008, 376 б.
2. Бишимбаева Г.К., Букетова А.Е., Надиров Н.К. Химия и технология нефти и газа: учебное пособие. Алматы: Бастау, 2007, 280 с.
3. Рябов, В.Д. Химия нефти и газа: учебное пособие. Москва: ИД ФОРУМ, 2012, 336с.

## ҰҢҒЫМАЛАР МЕН ҚАБАТТАРДЫ ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

**Есжанова А. Б., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Есболай Г. К.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа:** Бұл жұмыста Тасболат кен орнында ұңғымалар мен қабаттарды гидродинамикалық зерттеу нәтижелерін талдау. Қабат қысымын өлшейтін және қабат флюидінің қозғалысын анықтайтын гидродинамикалық зерттеулер жүргізу нәтижелері талданды.

**Түйінді сөздер.** индикаторлық диаграммалар, гидродинамикалық зерттеулер, интерпретациялау, логарифмдік координаттар, жартылай логарифмдік координаттар, Хорнер координаттары.

Тасболат кен орнын игеруде 2015 жылдың I жарты жылдығында 20 акустикалық тәсілмен зерттеулер көмегімен статикалық қысым есептелінді, оның ішінде II нысанда 6 ұңғымада 16 зерттеу, III нысанда 1 ұңғымада 4 зерттеу жүргізілді.

Өнімді қабаттардың өндіру мүмкіншіліктерін анықтау мақсатында 1, 5, 15, 16, 18, 24, 28 және 32 ұңғыларында тұрақталған режимде өндіру әдісі бойынша гидродинамикалық зерттеулер жүргізілді. Осы индикаторлық диаграммаларды интерпретациялау қорытындысында қабаттың 1 метрге келетін өнімділігі анықталған [1].

Кенорында қабаттың ағымдағы өнімділік және сүзілу сипаттарын анықтау үшін деңгейді қалпына келтіру әдісімен (ДҚӨ) гидродинамикалық зерттеу жүргізіліп, кезегінде қабат қысымын қалпына келтіру (ҚҚК) сызығы тұғызылып есептеулер жүргізілді. Жүргізілген зерттеулер көлемі 1 кестеде берілген. Сонымен қатар кестеде жаңа ұңғыларға жасалған зерттеулер қорытындылары да берілген.


Қысымды қалпына келтіру (ҚҚК) 306 ұңғысында (Ю-Х горизонтында) орындалды. ҚҚК интерпретациялау Saphir бағдарламалық қамтамасыз етілумен жасалған [2].

Қосымша екі логарифмдік координаттарда (log-log) (1 сурет) және жартылай логарифмдік координаттарда (semi-log), Хорнер координаттарында графиктер тұрғызылған. Қысымнан жүргізілген сызықтың өзгерісін еске ала отырып, шынайы қабаттық жағдайды барынша нақты көрсететін модель таңдалды: түпмаңы аймағында жасанды пайда болған сызатты ұңғы, біртекті қабат, қабатта ұңғыдан 32 м арақашықтықта шектеулі өткізгішті ақау орналасқан. Ескеретін жай ұңғы бағаны жанында сызаттың болуы – бұл ұңғыға ертерек ҚСЖ жүргізілгендіктің қорытындысы. Интерпретациялау қорытындысы бойынша 2415 м тереңдіктегі өлшемде орташа статикалық қысым 16,1 МПа, қабаттың өтімділігі  $0,604 \text{ мкм}^2 \cdot \text{м}$  тең, тиімді өткізгіштік –  $0,0302 \text{ мкм}^2$ . Баған маңы жағдайы ҚСЖ жұмыстарын жүргізу бойынша барынша жағымды: жалпы скин-фактор 0,612 тең, геометриялық скин – (-4,94), скинді аймақты жою үшін энергия шығындарыда отрицательные:  $dP=(-2,419 \text{ МПа})$ , ұңғының шынайы өнімділік мүмкіншілігі  $23,3 \text{ м}^3/\text{сут}/\text{МПа}$  құрайды, меншікті өнімділік –  $1,167 \text{ м}^3/\text{тәу}/\text{МПа}/\text{м}$ , ал бұл параметрлер өте жақсы жағдайда (skin=0 кезде) төмен болар еді, яғни –  $12,89 \text{ м}^3/\text{тәу}/\text{МПа}$  и  $0,644 \text{ м}^3/\text{тәу}/\text{МПа}/\text{м}$  сәйкесінше. Осылайша ҰТМ әсер ету бойынша жасалған жұмыстар ұңғының өнімділігін 81% жақсартқан.

1 - кесте - ҰГДЗ негізінде ағымдық өнімділік және сүзілу сипаттамалары

Гор-т кеніш	Ұңғ.	Зерттеу аралығы, м	Тиімді қалың, м	Өлш. терең, м	Динам. қысым өлшеу тереңде, МПа	Стат. қысым МПа	
						Өлшеу тереңде	Орташа терең
1	2	5	6	7	9	10	11
Ю-І	108	1864-1867	3	1865.5	4.7	13.4	13.4
	318	1874-1876	2	1875	1.4	13.5	13.5
	318	1854-1860	3	1857	7.5	15.5	15.5
Ю-ІА <sub>1</sub>	18	1922-1930	4	1818	1.1	10.8	11.6
Ю-ІА <sub>2</sub>	21	1924-1948	8.5	1825	3.3	14.5	15.3
	313	1936-1947	7	1706	0.7	13.1	14.9
	319	1937-1946	10	1861	2.1	13.1	13.9
Ю-ХБ	213	2436-2455		1845		11.5	17.4
	305	2440-2455	28	1802	8.1		17.3
	306	2435-2453	20	2415	13,1	16,1	16,3
	307	2441-2452	22.4	1880	3.7	16.1	20.4
	307	2441-2451	18	2420	13.2	17.0	17.2
	309	2437-2460	23	2450	16.6	21.3	21.3
					20.1	21.2	21.2
	309	2448-2462	23	1928	7.6		19.1
324	2430-2440	20	2410		15.9	16.1	





Сурет 1 – Ұңғы 306, ҚҚС (log-log)

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Анализ разработки месторождения Тасбулат. АО «НИПИнефтегаз», Актау, 2013 г.
2. Стандартный комплекс исследований керна горизонтов Ю-1 и Ю-10Б из скважины 327 месторождения Тасбулат, Отчет ТОО "Везерфорд-КЭР", г, Актау, 2014 г.

ӘОЖ 614.31

### ҚОШҚАР-АТА ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ЖӘНЕ ІРГЕЛЕС ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ХАЛҚЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

**Изим А., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Актау қаласы

**Жаукеева А., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Актау қаласы

**Ғылыми жетекші: Сырлыбекқызы С., Серикбаева А.Қ.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Актау қаласы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қошқар-Ата қалдық қоймасының қоршаған ортаның жай-күйіне және іргелес елді мекендер халқының денсаулығына әсері бағаланған.

**Түйінді сөздер:** «Қошқар Ата» қалдық сақтау қоймасы, радиациялық қауіп-қатер, булану, шаң.

Қошқар-ата қалдық сақтау орны Қазақстан Республикасы Актау қаласынан 5-6 км солтүстік-шығысқа қарай және Каспий теңізі жағалауынан 7-8 км шығысқа қарай ағыны жоқ табиғи Қошқар-ата шұңғымасының оңтүстік бөлігінде орналасқан (сурет 1). Бұл қалдық сақтау орны кешенді уранды-фосфорлы кендерді қайта өңдеуші Каспий тау-кен


металлургиялық комбинаты (КТМК) өндірісінің қалдықтарын, күкірт қышқылды зауыттың ағынды суларын, Ақтау қаласының жоғарғы шағын ауданының тазартылмаған шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларын жіберуден түзілген [1].



Сурет 1 – Қошқар Ата қалдық қоймасы маңында орналасқан елді-мекендер

Пульпа түріндегі қайта өңдеу қалдықтары ағыны жоқ табиғи Қошқар-ата шұңғымасына тасталып отырған. Жиналған қалдық көлемі 105 млн. тоннаға жеткен, оның ішінде жиынтық белсенділігі – 11242 Ки. Қалдық сақтау орны жұмыс жасап тұрған кезде құйылатын ағынды сулар мен пульпа көлемі булану көлемінен асып кетуіне байланысты қалдық сақтау орнының ылғалды ауданы кеңейе беріп, 1984 жылы барынша жоғары мәнге – 77, 18 км<sup>2</sup> жетті.

Кейінгі жылдары бұл қалдық сақтау орнындағы булану көлемі керісінше келіп түсетін заттар көлемінен артып, 2003 жылы ылғалды ауданы 39,3 км<sup>2</sup> жетсе, 2009 жылы 27,8 км<sup>2</sup> болды, қазіргі таңда – 16,5 км<sup>2</sup> дейін (сурет 2) [2].



Сурет 2 – Қошқар Ата қалдық қоймасының су фазасының өзгеруі

Ауданның бұлай бұрынғы көлемнен азаюы салдарынан пульпа қалдықтарының кеуіп қалған елеулі бөліктері жалаңашталып, жақын маңдағы елді мекен тұрғындарының денсаулығы үшін ықтимал қауіп тудырғыш «шаңы көтерілген жағажайлар» түзген. Ластанған жағажайлар уытты шаң-тозаң көзіне айналып, қалдық сақтау орнының оңтүстік бөлігінде 20 км<sup>2</sup>-тан астам ауданды алып жатыр.

Қалдық сақтау орнында жинақталатын сұйық фазалы өнеркәсіптік ағынды сулардың беткейінен минералды тұздары үнемі булана отырып қоюлануы нәтижесінде

тұздық түзіледі. Сулы фазаның жалпы минералдануы 2003 жылы 168,0-200,8 г/дм<sup>3</sup>, ал 2009 жылдың басында 234,4-248,0 г/дм<sup>3</sup> құрған.

Құрамында ураны бар рудаларды (фосфогипс, фосфомел) қайта өңдеу өндірісінің қалдықтары гранулометрлік құрамы бойынша шаң-тозаңды саздаққа жатады. Қалдықтардың химиялық құрамы келесі [2]:

- Фосфогипс – CaSO<sub>4</sub> – 84-92% салмаққа; жалпы P<sub>2</sub>O<sub>5</sub> – 1,5%; суда ерімейтін P<sub>2</sub>O<sub>5</sub> – 1,7%, F – 0,3-0,4%, SiO<sub>2</sub> – 2,0%, Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> – 0,5%, Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> – 0,5% MgO – 1,0%, ортасы – әлсіз қышқылды ерітінді;
- Фосфомел – CaCO<sub>3</sub> – 80-90%, CaSO<sub>4</sub> – 7-13%, ортасы – әлсіз сілтілі ерітінді.

<sup>226</sup>Ra мөлшері құмда – (2-3) · 10<sup>-10</sup>г/дм<sup>3</sup>, шламдарда – (10-13) · 10<sup>-11</sup> г/дм<sup>3</sup>. Осы радиобелсенді изотоптың болуынан қалдықтарда радиация деңгейі жоғары, әсіресе пульпаның сұйық бөлігінде. Пульпаның минералдану дәрежесі де аз емес.

<sup>226</sup>Ra изотопы ыдырағанда радон <sup>222</sup>Rn түзіліп, атмосфераға бөлінеді. Ол өз кезегінде тағы ыдырап, бірнеше еншілес аз өмір сүргіш өнімдер береді. Тыныспен бірге ішке түскен радон <sup>226</sup>Ra онкологиялық аурулардың туындауына әкеп соқтыруы мүмкін. Бұл элементтің бөліну қарқындылығы көптеген факторларға байланысты, айта кетсек, концентрациясына, қалдықтар мен ауаның ылғалдылығына, т.с.с. Уытты шаң-тозаң көзіне айналған ластанған жағажайлар негізінен қалдық сақтау орнының оңтүстік бөлігінде 20 км<sup>2</sup> астам ауданды алып жатыр. ҚР Ұлттық ядролық орталығының Ядролық физика институты 2008 жылы Қошқар-ата қалдық сақтау орнының жақын маңдағы елді мекен тұрғындары мен Ақтау қаласы тұрғындарының денсаулығына тигізетін қаупін зерттеп, қауіптілік дәрежесін бағалаған.

2009 жылы Қошқар-ата шұңғымасының оңтүстік бөлігіндегі радиациялық қаупі бар екі учаскені реабилитациялау бойынша шаралар жүргізілген. Бұл қадам қалдық сақтау орнында санкциясыз аршылған радиобелсенді қалдықтарды оқшаулау арқылы жылдар бойы қалыптасып үлгерген апатты жағдайдың жойылуын қамтамасыз етті және қалдықтарды сақтау орнының радиобелсенді ластану ауданын азайтты [2].


Ақтауға іргелес жатқан қойманың экологиялық жағдайы әлі де болса аса күрделі саналады. Әсіресе желді күндері уытты қалдықтардың шаңдануын бәсеңдету маңызды. Осы үшін жыл сайын 8,5 млн текше метр кәріз суы төгіледі. Сондай-ақ 3 жылдан бері қойманы айнала сексеуіл отырғызылып жатыр. Қазіргі таңда жасыл белдеу 8,2 га аумақты қамтиды. Енді тағы 30 гектар жерге көшет егіледі. Сөйтіп уытты қалдық қоймасын алдағы екі жылда толық қоршап шығу жоспарланып отыр. «Қошқар Ата» қалдық қоймасы 2015 жылдан бастап мемлекет меншігінде [3].

Қошқар-Ата қалдық қоймасына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарға әсерін, радиациялық жағдай туралы ақпараттардың жеткіліктілігін анықтау мақсатында Басқұдық елді мекенінің тұрғындардан сауалнама алынды. Сауалнамаға Маңғыстау облысының Қошқар-Ата қалдық қоймасының ықпал ету аймағында орналасқан елді мекендердің 122 тұрғыны қатысты.




Сурет 3 – Ауыл тұрғындарынан сауалнама алу

Сұралғандардың 40%-дан астамы Қошқар Ата қалдық қоймасының ықпал ету аймағында 10 жылдан астам уақыт тұрған.




Сурет 4 – Қошқар-Ата қалдық қоймасының әсер ету аймағында тұру уақыты бойынша бөлу (%)

Жергілікті тұрғындар экологиялық жағдайды қалай бағалайтынының маңызды индикаторы олардың жергілікті өнімнің қауіпсіздік дәрежесінің сипаттамасы болып табылады. Алынған нәтижелерге сәйкес, сұралғандардың 21,9% жергілікті өнімді пайдалану зиянды деп санайды, сұралғандардың үштен бірі жауап беруге қиналды. Сұралғандардың 46,6% -ы жергілікті азық-түлік ретінде күмәнданбайды



Сурет 5 – Сұралғандардың жергілікті азық-түлікті жеуге зиянды екендігі туралы пікірі (%)

Тұратын жердегі радиациялық жағдай туралы мәліметтердің жоқтығына сұралғандардың 40%-ы (37,9%), сұралғандардың жартысына жуығы (50,6%) өз елді мекеніндегі радиациялық жағдай туралы білетіндерін мойындады. Сұралғандардың 11,5%-ы ғана радиациялық жағдайды жақсы білетіндігін атап өтті. Әсіресе, зерттелетін кенттердің тұрғындары тұрғысынан, олар үшін тамақ өнімдерінде радиоактивті ластанудың болуы туралы ақпарат маңызды болар еді (бұл сұралғандардың 39,5%-ын көрсетті). Маңыздылығы бойынша аумақтың радиациялық ластануының болуы туралы (35,6%), тұрғын үйлердегі радиациялық жағдай туралы (21,0%) мәліметтерді атауға болады.



Сурет 6 – Тұрғындардың елді мекендердегі радиациялық жағдай туралы қажетті ақпарат туралы пікірі (%)

Ауыл емханасының статистикасы бойынша ауырып келген тұрғындар арасында жүйке жүйесі дамымай, жетілмей қалған адамдар саны – 149, ауыр рақпен ауырғандар саны – 23, тыныс алу жолдарынан ауырған адамдар (астма) саны – 1961, баланы іштен алдыру саны – 4, нейро пластомен туылған саны – 1, 7,5-жасқа дейінгі балалардың рақпен ауырғандар саны – 1.

Қазіргі таңда ауыл тұрғындары Қошқар Ата қалдық қоймасына қатты аландап, онымен байланысты экологиялық мәселелерді шешуді тағатсыздана күтуде. Сұралғандар қалдық қоймасы қазіргі уақытта тек полигон аумағында ғана емес, сонымен қатар үлкен қашықтықтарға да әсер етеді деп санайды. Ауыл тұрғындары радиация туралы көбірек білгісі келеді, яғни радиацияның денсаулыққа әсері, радиациядан өзін-өзі қорғау шаралары, қауіпті және қауіпсіз радиация деңгейлері туралы.

Жүргізілген сауалнаманың нәтижелерін жинақтай отырып, Қошқар-Ата қалдықтар қоймасының әсер ету аймағында орналасқан кенттердің тұрғындары нақты радиациялық жағдай туралы жеткіліксіз хабардар болу аясында радиоқызылдың белгілерін, оның ішінде, мүмкін, негізсіз деп қорытынды жасауға болады. Бұл жергілікті тұрғындарды белсенді түрде тарта отырып және оларды орындалатын жұмыстар мен алынған нәтижелер туралы ашық ақпараттандыра отырып, осы өңірде қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кенжетаев Г.Ж., Нурбаева Ф.К., Дюсенова Г.С., Жардем А.Г. Предотвращение испарения с поверхности токсичных вод // Материалы Международной научно-практической конференции КазНУ им. аль-Фараби «Проблемы экологической геоморфологии «IV-е Жандаевские чтения». Алматы, 17-19 апреля 2007 г. – С. 157-162.
2. С. Сырлыбекқызы, Г.Ж. Кенжетаев, Н.Ш. Сулейменова. К вопросу испарения токсичных вод и влияния техногенного объекта на состояние прибрежной зоны Каспия. Вестник КазНУ. Серия экологическая. №1/1 (43). 2015.
3. <https://24.kz/ru/zha-aly-tar/o-am/item>
4. Қ. Төрежанов. Уран қалдықтары түбекті уландырып жатыр // Атамекен. - 2006. - 26 шілде (№14).

## АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІНЕН БИОГАЗ АЛУ

**Қайырбаева А., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Сырлыбекқызы С.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ауыл тұрғындарының тұрмысына және шаруашылығына қажетті энергия көзін олардың малдары түзетін шикізат бөліп шығаратын биогаз арқылы қамтамасыз ету жолдары қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** биогаз, ауылшаруашылық өнімдері, биотыңайтқыш, гербицид, ақаба сулар.

Қазір энергиясыз тіршілік жоқ. Бүгінгі ғылыми өрлеумен техникалық шарықтау осыны дәлелдеп отыр. Сол сияқты энергетика өнеркәсіптің өрлеуіне ғана емес, барлық салалардың өсіру мен ілгерлеуіне революциялық күш-қуаттай ықпал етеді. Сонымен бірге қазіргі заманда энергияның тапшылығы тек мамандарды ғана емес, қалың жұртшылықты да толғандырып отырғаны аян. Сол сияқты әлемнің көмірсутегі қоры азайып келеді, енді бір 40-50 жыл өткенде түгесіледі деген әңгіме қазір ғалымдарды сан-тарау ойға жетелеуде. Өйткені соңғы жылдары дүние жүзі халықтары энергияны тым мол пайдалануда. Жалпы қоғамның дамуымен ғылыми – техникалық прогрестің тек ғана осы энергия көздерін пайдалану арқылы іске асырылатыны кімге болса да белгілі. Энергетика саласы әр елдің стратегиялық маңызды салаларының бірі болып саналады. Оны өндіру, жеткізу және үнемдеуде алға шыққан ел дамыған елдердің қатарында тұрады.

Биогаз – бұл тамаша қалпына келетін ресурс және мұны кез келген органикалық қалдықтан (тамақ қалдығы, мал қалдығы, тұрмыстық қалдық, ағын суларының тұнбасынан және т.б. сол сияқты) алуға болады. Тек бір ғана ауылшаруашылық өнімдерінің қалдықтарынан пайда болған биогаздың потенциалдық қоры жылына 1-1,3 млрд. тонна жанғыш шикізат береді екен, ал бұл дегеніміз пайдаланылатын дүниежүзілік энергия ресурстарының оннан бір бөлігі. Биогаз өміріміздегі көптеген проблемаларды шеше алады: экологиялық, энергетикалық, агрохимиялық. Мысалы далаға кететін қалдықтың қоршаған ортаға жағымсыз әсері зор-ақ. Ал биогазды алудың экономикалық бағаланулары бүгінгі күні ақталуда. Биогазды жарықтандыруға, үй жылытуға, тамақ пісіру, транспорт, электрогенератордың роторларын қозғалту мақсатында қолданады. Ғалымдардың есептеуінше 1 м<sup>2</sup> аумақты жылыту үшін жылына 45 м<sup>2</sup> биогаз қажет, ал су жылыту үшін күніне 5-6 м<sup>3</sup> биогаз керек. Көмірсутегі қорларының таусылу кезеңінде бұл күн, жел, биогаз энергиялары – құндылығы ерекше бізге табиғаттың берген сыйы десе де болады. Биогазға жалпы энергетикалық баға берсек, кейбір көрсеткіштерге сенсек, биогаздың дүние жүзі бойынша потенциалдық қоры тек ауыл шаруашылығының биоқалдығынан тұрады деп санағанның өзінде ол бізге жылына 1-1,3 млрд. тонна жанғыш шикізат береді екен. Биогаз дүние жүзінің энергоресурстарының оннан бірін құрайды.

Органикалық өнімдерден биогаз алу – органикалық өнімдердің анаэробты жағдайда «метандық ашу» нәтижесінде жанар газ бөлу қасиетіне негізделген. Метандық ашу нәтижесінде бөлінетін биогаз құрамы – 50-80% метан, 20-30% көмірқышқыл газы, шамамен 1% күкіртсутек, сонымен қатар шамалы мөлшердегі басқа газдардан (азот, оттегі, сутегі, аммиак, т.б.) тұрады.

Орташа есеппен 1 кг органикалық заттан 70% тік биологиялық шіру процесі кезінде 0,18 кг метан, 0,32 кг көмірқышқыл, 0,2 кг су және 0,3 кг ыдырамайтын қалдықтар алынады. Органикалық қалдықтардың ыдырауы (шіруі) биогаз бөліну арқылы жүреді. Ол әрине белгілі бір топтағы бактериялардың қатысуымен болады да, әрекеттің

тезірек жүруіне қоршаған ортаның әсері мол болмақ. Таратып айтсақ – температура. Жылырақ болса, органикалық шикізаттың ферменттелу дәрежесі мен жылдамдығы артады.

Бұл күрделі жүйелену комплексіне микроорнизмдердің мыңдаған түрлері қатысады. Бірақ олардың негізгісі – метантүзуші бактериялар. Метантүзуші бактериялар қышқылтүзуші ашытқы микроорганизмдер мен салыстырғанда көбеюге ұзақ уақыт қажет етеді және қоршаған ортаның өзгерістеріне қарсы тұру потенциялы төмен. Сондықтан, ашу ортасында алғашында ұшқыш қышқылдар түзулуіне байланысты, метандық ашудың бірінші кезеңін қышқылдық деп атайды. Ары қарай қышқылдардың түзілуі және өнделуі жылдамдығы тенеледі. Сондықтан субстрактының ыдырауы мен газ түзіледі бір уақытта қатар жүреді. Газдың түзілу өнімділігі метантүзуші бактериялардың тіршілік жағдайына байланысты.

Бұл процестің ерекшелігі сол таза культура жағдайында басқа өнім, ал синтрофиялық бірлестік жағдайында басқа өнім алынады. Мысалы, ірі қара мал қарнында *Selenomonas ruminantum* глюкозалы лактатқа дейін ашытады. Ал синтрофиялық ассоциацияда *Methanobrevibacter ruminantium* ацетат, метан және  $\text{CO}_2$  түзеді.


Егер клетканы термофильді эубактериямен *Clostridium thermocellum* бактериясының таза культурасымен ашытса этанол, ацетат,  $\text{H}_2$  және  $\text{CO}_2$  түзіледі. Синтрофты ассоциацияда *Metronobacterium thermoautotrophicum* ацетат, метан  $\text{CO}_2$  түзіледі.

Сазды балшық газы «болотный газ» деп аталады. Көк түсті жалынмен жанады, иіссіз, түтінсіз жанады. Ал ағаштың, тезектің жануынан қорашаған ортаны ластайтын түтін бөлінеді.




Биохимиялық тұрғыдан метандық «ашыту» анаэробтық тыныс болып табылады. Органикалық заттардың (сірке қышқылы) электрондары көмірқышқыл газына тасымалданып, метанға дейін тотықсызданады. Метантүзуші бактериялар үшін электронның доноры қызметін сутегі атқарады.



(бензоат)



(ацетат)



Бактерия түрлерінен *Methanobakterium formicicum* және *Metahanospirillum hungati* басым қатысады. Мысалы, *Methanobakterium kadomensis* st 23-20күн жүретін метаногенезді 8 күнде жүргізеді. Ірі қара малдың, үй құстарының көнінің өнелуіне 20 күдей, ал шошқаның сұйық көнінің ашу процесіне 10 күндей қажет. Егер жыл сайын түзілетін сиырдың 300 млн. т тезегін биогазға айналдырса, алынған энергия мөлшері 33 млн.т. мұнайдан алынатын энергия мөлшеріне тенседі. Яғни, 1т сиыр тезегінің құны 0,11т. мұнайға тен. Ірі қара мал және шошқа көндерінің тең мөлшерінен, шошқа көнінен 50%-ға көп биогаз өндіріледі.

Зерттеу барысында дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылына қажетті биореактордың көлемі, биогаздың өнімі мен қажетті мөлшері анықталды. Үй жануарларының (малдың) санына қарай шикізаттың (көңнің) тәуліктік дозасы (мөлшері) анықталды. ДШ – шикізат дозасы. Малдың санына қарай ДШ анықтау:

Мүйізді ірі қара 425 x 36 кг = 15300 кг = 15,3 т (тонна)

Қой-ешкі 6456 x 4 кг = 25824 кг = 25,824 т

Жылқы 568 x 10 кг = 5680 кг = 5,68 т

Барлығы 46804 кг немесе 46,804 т

Яғни бір тәулікте түзілетін шикізаттың дозасы ДШ = 46804 т құрайды.

Зерттеу жұмысы жаз айларында жүргізілуіне байланысты, қажетті ылғалдылыққа жеткізу үшін шикізатпен су мөлшерінің арақатынасы 2:1 құрады. Яғни, шикізатқа қосылатын су дозасы  $ДС = 23402$  литр.

Мүйізді ірі қара, жылқы, қой-ешкінің көңінің, құс саңғырығының ашу процесінде биогазды көп мөлшерде 10-15 күнде бөлуіне байланысты, реактордағы ашу процесіне мезофилді режим таңдалды. Ашытудың мезофилді режимінде реактордың айналу уақыты 10-20 тәулік құрайды және шикізатты қолданудың тәуліктік дозасы (Д) реактордағы шикізаттың жалпы көлемінің (ШЖ)  $1/20$ -ден  $1/10$  құрайды. Қондырғыдағы шикізаттың жалпы көлемі реактордың  $2/3$  көлемінен (РК) аспауы қажет.

Яғни, реактордың көлемі  $РК = 1,5 \times ШЖ$  тең болады.

$ШЖ = 10 \times Д$ , ал  $Д = ДШ + ДС$

$ДШ = 46804$  кг

$ДС = 23402$  л

$Д = 46804 \text{ кг} + 23402 \text{ л} = 70206 \text{ кг} = 70,206 \text{ т}$ .

$ШЖ = 10 \times 70,206 \text{ т} = 702,06 \text{ т}$ .

$РК = 1,5 \times ШЖ = 1,5 \times 702,06 \text{ т} = 1053 \text{ м}^3$

Яғни, мал санына байланысты биореактордың көлемі  $1053 \text{ м}^3$  шамасында биогаз қондырғысын орнатуға болады.

Биогаз қондырғысын қолданудың экономикалық пайдасы:

- отын мен электроэнергия үнемделеді;
- тыңайтқыш пен гербицид үнемделеді;
- биогаз және биотыңайтқышты сатуға болады;
- ауылшарушылық өсіміктерінің өнімі жоғарылайды;
- үй жануарлары мен құстарға жем қоспалары қолданылады;
- биогаз қондырғылары бір жыл шамасында шығымын өтейді;
- органикалық қалдықтар жинақталмай, қолданылуына байланысты, ауа тазартылып, респираторлық және көз аурулары азаяды;
- органикалық қалдықтардағы микроорганизмдердің жойылуына байланысты эпидемиялық жағдай жақсарады;
- экологиялық таза тыңайтқыш қолданылуына байланысты экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерден денсаулық жақсарады;
- тезек, көмір, ағаш отынды жинауға, тасымалдауға, кептіруге жіберілетін уақыт, қаржы үнемделеді және сақтау орны қажет болмайды;
- органикалық қалдықтардағы шөп тұқымдарының жойылуына байланысты, арамшөпті жинауға жіберілетін уақыт үнемделеді.

Биогаз қондырғысын қолданудың экологиялық пайдасы:

- ашық сақталатын көңнен түзілетін метанның (парник газы) атмосфераға бөлінуі азаяды;
- көмір, ағаш отындарының жану өнімдері мен көмірқышқыл газдың бөлінуі азаяды;
- жағымсыз иісті азот қосылыстарымен ауаның ластануы азаяды;
- көңмен су ресурстарының ластануы азаяды;
- ағаштар (орман) отын ретінде қолданудан сақталады;
- химиялық тыңайтқыштарды қолдану азаяды.

Яғни, ауыл тұрғындарының тұрмысына және шаруашылығына қажетті энергия көзімен олардың малдары түзетін шикізат бөліп шығаратын биогаз мөлшері толығымен қамтамасыз ете алады. Бірақ, ауылда анықталған көлемде биореакторлы биогаз қондырғысы орнату ұсынылады.



## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Фюкс, Ральф. Зеленая революция: Экономический рост без ущерба для экологии. М.: Альпина нон-фикшн, 2015. - 330 с.
2. Б.Глик, Дж.Пастернак. Молекулярная биотехнология. М., Мир, 2002.
3. Barraclough, S. L. and A. L. Domayk, 2006. Agrarian structure in seven Latin American countries. Problem, 15 (2): 391-424.
4. Миллер Т. Жизнь в окружающей среде . Том II . М.: Прогресс.1994.-335 с.
5. Шлегель Г. Общая микро биология М.:Мир 1987. 563 с.

### ӘОЖ 504.75

## ҚАРАКӨЛ КӨЛІ – МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨРКЕМ ЖАСАНДЫ СУ ҚОЙМАСЫ

**Қалабай Д.М., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Мендибаев Н., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Айтимова А.М.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада сулы-батпақты алқаптар және соның ішіндегі Маңғыстау облысындағы Қаракия-Қаракөл су қоймасы, оның шығу тарихы және қазіргі кездегі жағдайы, мекен ететін тірі ағзалары және қоршаған ортада алатын орны туралы баяндалады.

**Түйінді сөздер:** сулы-батпақты алқаптар, Қаракөл, су қойма, биот.

Бүкіл әлемде сулы-батпақты алқаптар ғаламшардың экожүйелерінің негізгі түрлерінің бірі ретінде қарастырылады. Олардың биосфералық, ресурстық және әлеуметтік-экономикалық рөлі өте жоғары – әртүрлі экожүйелердің өмір сүруінің негізі, сол немесе басқа ел халықтарының экономикалық қызметінің негізі ретінде бағаланады. Олар түрлі мемлекеттердің табиғат қорғау саясаты жүйесінің маңызды буыны деп танылды. Сулы-батпақты алқаптарға континенттік су айдындары және олардың жайылмалары, жағалаудағы таяз сулар, артық ылғалданған құрлық учаскелері жатады.

Қаралып отырған сулы-батпақты алқаптар Маңғыстау облысының аумағында орналасқан. Маңғыстау облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында шөлді аймақта орналасқан және Маңғышлақ түбегі, Үстірт үстірті, Бозашы түбегін қамтиды. Батыстан, солтүстік-батыстан және оңтүстік-батыстан Каспий теңізінің суларымен жуылады. Облыс орталығы Каспий теңізіндегі порт болып табылатын Ақтау қаласында орналасқан.



Каспий теңізінен басқа, Маңғыстау облысының аумағында Қаратау тауының етегінде және Қаракөл тоған – салқындатқышы – ірі жасанды су айдынының баурайында жиналатын кейбір аз дебитті бұлақтарды қоспағанда, жер үсті су көздері жоқ.

Қаракөл көлі – бұл кең ағынды, көптеген аралдары бар таяз су қоймасы, орта Каспийдің шығыс жағалауы ауданында, Ақтау қаласынан оңтүстікке қарай 40 км-де Қарақия-Қаракөл қорықшасының аумағында орналасқан. Жерінің ауданы 137,5 мың га.

1986 жылдан бастап Қаракөл көлі "Республикалық маңызы бар Қарақия-Қаракөл мемлекеттік қаумалы" ерекше қорғалатын табиғи аумағының бөлігі болып табылады. 2007 жылдан бастап Қаракөл негізгі орнитологиялық аумақтар тізіміне енгізілді.

Қаракөл көлі отыздан астам жыл бұрын, табиғи ойпатты жылу станциясының термиялық суларымен толтыру нәтижесінде пайда болды. ЖЭС және ЖЭО-2 жылу станцияларын салу жобасында шор орнында жер бедерінің табиғи төмендеуінде жылу станцияларының салқындатқыш суларын бөліп алу кезінде теңіздің жағалау аймағына жылу жүктемесін төмендету үшін тоған - салқындатқыш ұйымдастырылды. Жоғары жазғы температуралар мен энергетикалық жабдықтарды салқындату үшін тұщы су көздерінің болмауынан жобада тікелей ағынды суыту жүйесі қарастырылған. Суыту циклынан өтіп, алынатын теңіз суы нормативтік таза ретінде теңізге Қаракөл шор салқындатқышы арқылы оралады. Теңіз суының көп жылдық көлемі (жылына шамамен 1 миллиард текше метр) нәтижесінде салқындатқыш тоған таяз су көліне айналды. [5]



Оның батыс бөлігі ішінара су жинау каналымен шектелген, көл теңізден дюн құмдарын бөледі. Ұзындығы 12 км-ге дейінгі ойпаттар ені 1 км-ге жуық құрлық жолағымен бөлінген теңіз жағасында созылып жатыр.

Қаракөл көлі келесі морфометриялық сипаттамалармен берілген. Көлдің ауданы 5270 га құрайды, тереңдігі 0,5 - тен 2,0 м-ге дейін өзгереді, ағыс жылдамдығы өте төмен (бірнеше см/сек), төгінді және оған іргелес учаскелерден басқа, бұл "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС-нің төгінді құрылыстарынан көлге су ағызумен негізделеді.

1 – кесте – Қаракөл көлінің негізгі морфометрикалық сипаттамалары кестеде келтірілген

Көлдiң орталық координаттары	43°32'N 51°18'E
Ұзындығы (L)	15,44 км
Максималды ені	2,90 км
Жағалау сызығының ұзындығы	≈37,22 км
Максималды тереңдігі	2,0 м
Су айналарының алаңы	50,7 км <sup>2</sup>
Орташа тереңдігі	1,0 м
Орташа ені	2,74 км
Теңіз деңгейінен биіктігі	-28м.абс

Қаракөл көліндегі тұздың мөлшері Ақтау қаласы ауданындағы теңіз суымен салыстырғанда 12,81%-ды құрайды.

Жылдың қыс мезгіліндегі температура 0-ден +7°C-қа дейін, көктем мезгіліндегі температура +18-ден +21° - ге дейін, ал жазда +27°C-қа дейін көтеріледі.

Су айдынының химиялық режимін сипаттайтын маңызды химиялық көрсеткіштер қаттылық пен сілтілік болып табылады. Қаракөл көлінің жалпы қаттылығы мен сілтілігі сәйкесінше 81,382 және 3,704 мг-экв/л құрайды [3,4].

2 – кесте – Қаракөл көліндегі химиялық заттардың орташа құрамы

Уақыты	Концентрация, мг/л								
	NO <sub>2</sub>	NO <sub>3</sub>	NH <sub>4</sub>	PO <sub>4</sub>	Fe	SO <sub>4</sub> <sup>2-</sup>	Cl <sup>-</sup>	pH	t
Тамыз 2009	0,013	1,1	0,01	0,05	0,04	4100,0	4171,5	8,5	25,3
Қазан 2009	0,016	1,5	0,03	0,07	0,03	4300,0	4251,5	8,7	22,0
Ақпан 2009	0,013	0,54	0,012	0,12	0,14	2927,5	5352,2	8,2	8,5
Сәуір 2009	0,007	1,95	0,07	0,13	0,082	3035,4	5347,8	8,2	20,05
Тамыз 2010	0,003	0,17	0,02	0,09	0,12	2731,0	5427,0	8,7	22,5
Қазан 2010	0,003	0,1	0,04	0,11	0,04	3380,0	10065,0	8,3	21,3
ПДК <sup>1</sup>	0,02	9,1	0,4	0,25 <sup>2</sup>	0,1	3500	11900	8,5	-

Биот (басқа-грек. (βίος – өмір) – қазіргі уақытта немесе өткен геологиялық дәуірде ортақ таралу саласымен біріккен тірі ағзалардың тарихи қалыптасқан түрлерінің жиынтығы. Биотаның құрамына жасушалық организмдердің өкілдері (өсімдіктер, жануарлар, саңырауқұлақтар, бактериялар, протисталар және т.б.), сондай-ақ жасушасыз организмдер (мысалы, вирустар) кіреді.

Қаракөл көлінің биоценоздарында 5 азово-Қара теңіз әуені болып табылады: *N.diversicolor* *A. ovata* *m. lineatus* *C. lamarcki* *B. improvisus*.

Балянустар, *Balanus improvisus* - теңіз асқазандары, теңіз қызғалдақтары - мұртты шаяндардың отбасында ең көп таралған және көптеген туыстардың бірі. Олар мұртқа ұқсас ұзын екі бұталы аяқтардың 6 жұбы үшін деп аталады. Бұл үшін үй көптеген адамдар оларды моллюскалар деп санайды. Балянустар тамақ бөліктерімен су айдай отырып қоректенеді: екі жоғарғы пластина ашылады және аяқтың мұртасына ұқсас, тамақты ауызға тікелей бағыттайтын толқындар жасайды.

Митиластер (*Mytilaster lineatus*) сыналы-төртбұрышты пішінді, орташа қалың қабырғалы раковина бар. Болмашы тереңдікте кездеседі, қатты тұщыландыруды (5% 0 дейін) шығарады. Оттегі тапшылығына әкеледі. Қуат түрі бойынша белсенді сүзгіш болып табылады.

Моллюск Абра (*Abra ovata*) – типтік өкілі инфауны, зарывающийся топыраққа дейін 5 см– шығу тегі моллюска Атлантико-Средиземноморское. Каспий теңізіне Азов теңізінен 1940 жылы бентофаг балықтарының жемдік базасын жақсарту мақсатында әкелінген. Барлық топырақтарда кездеседі, бірақ фракциясы 1 мм-ден кем 50%-дан асатын жұмсақ тұндырғыш және құмды-тұндырғыш болып табылады.

Қаракөл көлінде зостерлер 0,1-1,0 м тереңдіктегі құмды-жапырақты топырақтарда кең таралған.

Зостера теңіз – көп жылдық мәңгі жасыл өсімдік минералды заттар зостер негізінен суда еритін тұздармен ұсынылған, олардың ішінде хлорлы натрий басым. Ерімейтін тұздар карбонаттан және кальций сульфатынан және кремнеземнен тұрады.

Теңіз зостері целлюлоза мен зостерин алу үшін қолданылады (суспензиялар мен эмульсиялардың тұрақтылығын арттыру үшін тұрақтандырушы қоспалар ретінде қолданылады). Ұнтақ тәрізді құрғақ зостерде кремнеземнің ұсақ бөлшектерінің болуы оны жылтырататын материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Кәдімгі қамыс немесе Оңтүстік (лат. *Phragmites australis* немесе *Phragmites communis*) - көп жылдық шөпті өсімдік. Тік, қуыс, мықты, 1-4 (сирек – 6 метрге дейін) биіктігі, үстіңгі жағына дейін қаптау. Көлдерде және көлдердің жағалауларында, өзендерде және олардың жағалауларында, батпақтарда, таяз суларда және Шығанақты шалғындарда тұрады; топырақтың тұздануын ауыстырады, жер асты сулары жақын орналасқан сортаң жерлерде кездеседі. Жер үсті бөлігінде қант, каротия, целлюлоза және аскорбин қышқылының едәуір мөлшері (300-500 мг%), ал тамыр – талшық, ақуыз және көп крахмал (50% дейін) бар. Оның қалың өсуі суды ластанудан тазарту арқылы биофилтродің рөлін атқарады [1, 2].

Қаракөл көлі – облысымыздың көркем жасанды су қоймасы. Көптеген құстар үшін күзгі және көктемгі көші-қон кезінде демалыс орны болды. Бұл тек аққулар мен фламинго ғана емес. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген түрлер, тіпті халықаралық «Табиғат және табиғи ресурстар қорғау одағының» Қызыл тізіміне енгізілген түрлер кездеседі.

Бірақ су қоймаларының-салқындатқыштардың табиғи су қоймаларынан мүлдем айырмашылығы су қоймаларында қалыптасқан экологиялық жағдайлар тек табиғи факторлармен ғана емес, электр станциясының жұмыс режимімен де анықталады. Олардың су көлемінің бір бөлігі электр станциясының сумен жабдықтау жүйесінің техникалық тораптарының ішінде орналасқан, онда да қарқынды гидрохимиялық инеидробиологиялық процестер жүріп жатыр. Осылайша, су ортасын қалыптастыруда екі фазаны бөліп көрсетуге болады: "табиғи" немесе "табиғи", су айдынында өз ағатын және сумен жабдықтау жүйесі арқылы су өту кезінде абиотикалық және биотикалық факторлардың өзгеруінен тұратын "техногенді". Бұл жағдайда "сумен жабдықтау жүйесі" деп су тоған нүктесінен су тоған акваториясына пайдаланылған судың шыққан орнына дейін су қозғалатын барлық техникалық тораптар түсіндіріледі.

Осылайша, адам табиғатқа барынша әсер ететін қазіргі дәуірде Қаракөл көлі адам қоғамы мен табиғаттың бейбіт қатар өмір сүруінің жарқын үлгісі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абремская И. Гидрохимиялық режимі су айдынының-салқындатқыштан Кураховской ГРЭС. // Гидробиологиялық журнал. 1971. Т. 7. №2. 97-105 б.
2. Қазақстанның негізгі орнитологиялық аумақтары. Под ред. Складенко С. Л., Уэлша Д. Р. және т. б. - Алматы, 2008 ж.

3. Карапун М. Ю., Зайцев В. Ф., Обухова О. В., Юрченко В. В., Бисекенов Т. Д. Қаракөл көлінің бетон қоғамдастықтары. Астрахань, АГТУ хабаршысы. Серия: балық шаруашылығы. №2, 2009 ж.

4. Карапун М. Ю. Қаракөл көлінің гидрохимиялық сипаттамасы (Қазақстан). "Жаратылыстану ғылымдары" АМУ, № 1 (34), 2011. 59-64 б.

5. <https://alfarabinur.kz>

**ӘОЖ 55.061**

## **ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУЫ ЖӘНЕ ЖЕРАСТЫ СУ КЕНОРЫНДАРЫ**

**Сейітжанов М., студент**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

**Ғылыми жетекші: Жүсіп М.Қ.**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жер асты сулары және олардың жер қыртысындағы орналасу жағдайы, қоректену көздері қарастырылған. Жер асты суларының кен орындары, оның ішінде Маңғыстау облысының минералдық кен орындары туралы өзекті мәселелер баяндалады.

**Түйінді сөздер:** қалқыма су, грунт су, ысырынды конус сулары, термальды сулар, Артезиан сулары.

Жер асты суы – жер қыртысын құрайтын тау жыныстарының аралығындағы су. Ол шөгінді және борпылдақ тау жыныстары бөлшектерінің арасын, ұсақ кеуектерін, магмалық және метаморфтық жыныстардың жарықтары мен жіктерін, гипс, доломит, әктас жыныстарындағы карст қуыстарын толтырып жатады. Жер асты суы қалыптасу жағдайына, тереңдігіне, арын күшінің мөлшеріне қарай қалқыма су, грунт және артезиан сулары болып 3 топқа бөлінеді. Қалқыма су – кішігірім ойпаттарда, құм-шағылдар арасында жауын-шашын немесе тасыған өзен, көл суларының топыраққа сіңуінен уақытша пайда болған, Жер бетіне ең жақын жатқан арынсыз жер асты суы. Оның қорына, химиялық құрамы мен температурасына ауа райының өзгерістері үлкен әсер етеді. Сондықтан су қорын құрайтын негізгі көз жойылғанда, бұл су құрғап қалады. Жауын-шашын мол жылдары, өзен қатты тасығанда, қыста қар қалың жауғанда қайтадан пайда болады. Грунт суы – табиғи қоры қалқыма суға қарағанда тұрақты, Жер бетіне жақын кеуекті, жарықты, карсты сулы қабаттардағы арынсыз жер асты суы. Мұндай суды ерте заманнан бері құдық қазып, кеңінен пайдаланғандықтан «құдық суы» деп те атайды. Ол Жер бетінен 1-5 м-ден 50-70 м-ге дейінгі тереңдікте кездеседі; өзен, көл, теңіз маңында, сайларда, тау-төбе, қырат бөктерлерінде тұма-бұлақ болып, Жер бетіне еркін шығып та жатады. Жер бетіне біршама таяу жатқан грунт суының деңгейі ауа райының өзгешеліктері мен табиғи өзгерістерге тәуелді болып отырады. Жауын-шашын мол жылдары, көктемде қар ерігенде, күзгі көп жауын кезінде бұл судың деңгейі едәуір жоғары көтеріледі, ал құрғақшылық жылдары, қыс пен жаз айларында оның деңгейі төмендеп, тереңдеп кетеді.

Грунт суы неғұрлым тайызда жатса, оның көтеріліп-төмендеу мөлшері де соғұрлым көп болады. Тайыз жердегі грунт суының деңгейі бір жыл ішінде 1,5-2 метр және одан да көп мөлшерде өзгеріп отыратын болса, тереңдегі сулардың деңгейі тек бірнеше см-ге ғана өзгереді. Су деңгейінің өзгерісіне, жыл маусымдарының ауысуына байланысты бұл сулардың минералдылығы, химиялық құрамы мен температурасы да өзгеріп отырады. Артезиан суы – тереңде (75-100 м-ден астам) жатқан шөгінді (кұм, құмтас, әктас) тау жыныстарында шоғырланған арынды жер асты суы. Ол өткізбейтін жыныс қабаттарының

арасында жатқандықтан, арын күші едәуір болады, бұрғыланған ұңғылар арқылы жоғары көтеріліп (кейде шапшып), Жер бетіне шығады. Артезиан суының қоры, минералдылығы, химиялық құрамы, температурасы ұзақ жылдар бойы пайдалану нәтижесінде ғана өзгерістерге ұшырайды. Жер асты суының негізгі қоры өзен, көл, теңіз суларының және қар мен жауын суларының Жерге сіңуі нәтижесінде қалыптасады. Құрамындағы тұздардың, минералдың мөлшеріне сәйкес жер асты суы тұщы (минералдығы 1 г/л-ге дейін), ашқылтым (1–10 г/л), ащы (10–50 г/л) және тұзды (50 г/л-ден астам) сулар болып бөлінеді. Қазақстан бойынша жер асты суының (артезиан және грунт суларының) жалпы қоры 7500 млрд. м<sup>3</sup>, ол жылма-жыл 35–40 млрд. м<sup>3</sup> сіңбе сумен толығып отырады. Қазіргі кезде қалалар мен елді мекендерді сумен қамтамасыз ету, мал жайылымдарын суландыру, Жер суғару бағыттарында пайдаланып жүрген жер асты суының мөлшері 3,5–4 млрд. м<sup>3</sup>.

2. Жер асты суының кен орны Saturation level грунт суының деңгейі; Artesian well – артезиандық ұңғыма; Pervious strata – су сақтағыш қабат; Impervious strata – су ұстағыш қабат

Жер асты суының кен орны – жауын-шашынның, өзен суларының Жерге сіңуінен пайда болатын жер асты суларының шоғырланған орны. Судың сапасына, химиялық құрамына, температурасына қарай тұщы, ашқылтым, термальді, шипалы (минералды), өндірістік қазба байлықты су кен орны болып бөлінеді. Ал қалыптасу жағдайларына қарай өзен арналарының грунт сулары, тау жыныстарының жарықшаларының, карст қуыстарының грунт сулары, артезиан алаптарындағы арынды сулар, тектоникалық жарықтардағы сулар, тау етегіндегі ысырынды конус сулары, құм массивтерінің грунт сулары, т.б. болып бөлінеді. Ең ірі жер асты суының кен орындары таулы аудандарға жанаса орналасқан қиыршыққұм, шағылқұм, малтатастардан құралған ысырынды моллас кешендерінде, өзен арналарының аллювиальдік шөгінділерінде, ірі артезиан алаптарында кездеседі. Жер бетіне таяу (10–30 м) жатқан жер асты суының кен орындары өзен арналарындағы аллювиальдік шөгінділерде орналасқан. Термальді су кен орындары, негізінен, тереңде жатқан артезиан сулы қабаттарда, кейбір таулы аудандардың тектоникалық жарықтарында таралған. Температурасы 100°C-тан асатын тұщы термальді су кен орындары Жаркент (Алматы облысы) артезиан алабында 4000–4500 м тереңдіктен табылған. Бұл бүкіл Жер шарындағы тұщы сулардың ең тереңге сіңген деңгейі. Басқа жерлерде мұндай тұщы сулар 2000 м тереңдіктен аспайды. Қазақстанда 623 жер асты суының кен орындары зерттеліп, қоры анықталған. Каспий ойпатының жанында, Торғай және Оңтүстік Маңғыстау жерлерінде артезианды бассейндерімен толыққан. Геотермалдық ресурстар әлемнің 80 елінде барлаудан өтті, олардың белсенді қолданылуы 58 мемлекетте жүргізілуде. Оларды жылу энергетикасында, медицина мен ауыл шаруашылығында қолдануға болады. Сонымен қатар Маңғыстау және Атырау облыстарының жерасты сулары айтарлықтай қызығушылық тудыруда. Маңғыстау артезианды суларындағы 10 кен орнының екеуі минералды сулардың кеніші болып табылады. Олардың біреуі (Солтүстік Ақтау) суаруға, қалғандары сумен жабдықтауға арналған. Геотермалды суларды Маңғыстауда жайылымдарды сумен қамтамасыз ету үшін қолдануға болады.

Жер асты суының кен орындары елді мекендерді, қалаларды, ірі өндіріс орындарын, санаторий, профилакторийлерді ауыз сумен, емдік қасиеті бар минералды сулармен қамтамасыз етуге пайдаланылуда.

3. Жер асты суының қоры Жер асты суының қоры – жер асты суларының көп жылдар бойы шаруашылық мақсаттарға пайдалануға болатын, үздіксіз жиналып, толығып отыратын мөлшері. Ол табиғи қор, табиғи ресурс, пайдалану қоры болып бөлінеді. Табиғи қор – геологиялық мерзімде немесе көп жылдар бойы сулы қабаттарда, гидрогеологиялық құрылымдарда жиналған су мөлшері. Табиғи ресурс – жауын-шашынның, өзен суларының Жер бетінен оның астына әр мезгілде әр түрлі мөлшерде сіңуіне, Жер бетінің көп жылдық мерзімде ылғалдану режиміне сәйкес жер асты суының толығып отыратын бөлігі. Жер асты суының пайдалану қоры – аумағы белгілі сулы қабаттардан белгілі бір уақыт бойы,

техникалық-экономикалық тұрғыдан тиімді түрде арнаулы су қабылдағыштар арқылы тәулігіне алынатын судың мөлшері. Олар халық шаруашылығындағы маңыздылығына, экономикалық тиімділігіне байланысты баланстағы және баланстан тыс қорлар болып 2 топқа бөлінеді. Зерттеліп барланғаннан кейін жоғары сапалы жер асты су қоры мемлекеттік балансқа алынады. Балансқа алынған су қорын пайдалану экономикалық жағынан тиімді болады.

4. Жер асты суын қорғау Жер асты суын қорғау – жер асты суын жинауға арналған құрылыстарды пайдалану тәртібі оның қорларының сарқылуын болдырмауға тиістілігін қадағалау. Газ, мұнай, көмір және басқа да кен байлықтарды іздестіруге, барлауға және пайдалануға байланысты жұмыстарды жүргізген кезде ашылған жер астындағы су шығатын қабаттар олардың ластануын болдырмайтын сенімді оқшаулаумен қамтамасыз етілуге тиіс. Суы өздігінен құйылып жатқан ұңғымалар, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдалануы доғарылған реттегіш құрылыстарымен жабдықталуға, тоқтатып қоюға немесе жойылуға жатады. Өнеркәсіптік пайдаланылған ақаба суды төгуге арналған сіңіргіш ұңғымаларды бұрғылауға бұл ұңғымалар ауыз сумен және тұрмыстық сумен жабдықтау үшін жарамды немесе пайдаланылып отырған су шығатын қабатты ластаудың көзі болып табылуы мүмкін реттерде тыйым салынады. Сіңіргіш ұңғымаларды бұрғылауға бұл ұңғымаларды бұрғылау ауданында арнайы зерттеулер жүргізілгеннен кейін берілген табиғатты қорғайтын, су ресурстарын басқаратын, геология және жер қойнауын қорғайтын, кен және санитарлық қадағалау жасайтын мемлекеттік органдардың оң қорытындылары болған кезде жол беріледі. Сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер асты сулары түзілетін және олар жатқан жерлерде қатты және сұйық қалдықтар, төгінділер жинағыштар құрылысын орнатуға, сондай-ақ жер асты суларын ластау көзі болып табылатын басқа да нысандарды салуға жол берілмейді. Жер асты суларын пайдаланатын кәсіпорындар оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

5. Грунт суы Грунт (еспе) суы жер бетіне таяу орналасқан, бірінші су өткізбейтін қабаттың үстінде жатқан сулы қабаттағы жер асты суы. Оның қысымы жоқ, су деңгейі 1 жыл ішінде маусым сайын өзгеріп отырады. Жауын-шашын көбейсе көтеріледі, жер беті тілімденсе төмендейді. Еспе суы 3-30 м тереңдікте таралған. Қазақстанның өзен жүйесі сирек өңірлерінде еспе суы мен терең қабат аралық жер асты суының үлкен маңызы бар. Халық еспе суын көне заманнан-ақ пайдаланып келеді. Шөлейт аймақтарында негізінен құдық суын пайдаланады, ал шөлді жерлерде құдық болса ғана мал шаруашылығымен шұғылдануға болады. Бірақ халық шаруашылығының суға деген қажетін еспе суы қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан судың жаңа мол көзін табу керек болады. Мұндай су көздері де табылды, бұл – терең қабат аралық жер асты суы [2].

6. Артезиан сулары Республикада артезиан алаптары табылды. Олардың ауданы Балқаш сияқты 70 көлдің көлеміне тең. «Артезиан» сөзінің төркіні Францияның Артуа провинциясында 1126 ж. шыңырау құдық қазылып, су алынуына байланысты аталған. Бұл – су өткізбейтін қабаттар арасындағы кездесетін қысымы күшті жер асты суы. Артезиан сулары платформалар мен ойпаттарда, тау аралық ойыстарда кездеседі. Қазақстанда тұщы артезиан сулары 50-2700 м, ал тұзды және ащы су онан да тереңде жатыр. Каспий маңы ойпатында 10-23 км-ге жетеді. Мысалы, Мойынқұмда 300-500 м тереңдікте 50 мың шаршы км жерді алып жатқан тұтас жер асты теңізінің бар екені анықталды. Оның суы ішуге де, егін суаруға да жарамды. Қызылқұмда 80-300 м тереңдікте жатқан орасан зор жер асты су алабы табылды. Жерастысуы республиканың басқа да аудандарынан, атапайтқанда, солтүстік облыстардан да табылды. Алматы қаласы, 14 облыс орталығы, 200-ден астамауданорталықтары, өнеркәсіп және 3500-ден астам ауылшаруашылық кәсіпорындары мен елді мекендері қазірдің өзінде жерасты суымен қамтамасыз етіледі. 100 млн гектардай жайылымдарды суландыруға, 50 мың гектардай егістікті суаруға мүмкіндік алады. Таяу жылдар ішінде жерастысуы бұдан да кең пайдаланылатын болады. Қазақстанда жерастынан ыстық (термальды) су табу үшін барлау жұмыстары жүргізіліп

отыр. Термальды жерасты суы өнеркәсіпте, сондай-ақүйлерді, жылыжайды, фермаларды және моншаларды жылыту үшін пайдаланылады.

7. Минералды сулар Республиканың бірталай өнірінде өте тереңнен атқылап, жер бетіне шығып жатқан емдік қасиеті мол минералды су бұлақтары кездеседі. Олар температурасы және құрамындағы газдар мен тұздарының түрі жағынан (хлор, калий, натрий, теміржәнет.б.) әртүрлі болып келеді. Адам ағзасына шипалық әсері бар Алмаарасан, Қапаларасан, Сарыағаш, Жаркентарасан курорт-санаторийлері, емханалар салынған. Бұрыннан белгілі минералды қайнарлар, әсіресе, шөлді аудандарда көп кездеседі, жергілікті халық бұларды ем үшін пайдаланғаны болмаса, олар әлі игерілмеген. Республика жерінде 300-ден аса минералды бұлақтар зерттеліп, олардың әртүрлі дертке шипалық қасиеттері анықталды. Олар Қазақстан жерінде ерте кезден белгілі. Мысалы, Алмаарасан радонды ыстық минералды су көзі XIV ғасырдан бері белгілі, Ақсақ Темір жорықтарының жазбаларында кездеседі. Қызылорда аймағындағы Жаңақорған санаторийі 1919 жылдан жұмыс істейді [3].

8. Жерасты суларының қалыптасуы және режимі Жерасты суларының қалыптасуы жөнінде негізінен екі теория қалыптасқан: сорғу (инфильтрация) және конденсациялық теориялар. Сорғу теориясы жерасты суларының қалыптасуын атмосфералық жауын – шашындары мен жерүсті суларының жерге сіңуі (топырақ қабатынан сорғуы) арқылы түсіндіреді, (Берун). Ірі жер жарықтары және қуыстарымен сорғыған сулар, су өткізбейтін қабаттарға жиналады да, жерасты суларына бастау береді. Жерасты суларының сорғу жолымен қоректенуі мерзімдік құбылмалылығы мен ерекшеленеді және табиғат жағдайларына тәуелді (жер бедері, өсімдік жамылғысы, адамның қызметі). Конденсациялық теория жерасты суларының қалыптасуын су буларының жер жарықтары мен қуыстары арқылы атмосферадан конденсациялану жолымен жинақталатындығымен түсіндіреді. Бұл екі теория қазіргі кезеңде бір – біріне қарама – қарсы қойылмайды, бірін – бірі өзара толықтырады. Себебі көп жылдар бойы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жер қыртысына сулар сұйық тамшылар түрінде де (көпшілік жағдайда) және су буы түрінде де (айтарлықтай аз) өтетіні дәлелденеді. Атмосфералық жауын – шашыны көп аудандарда жер бетіне жақын орналасқан ( $h = 300 \dots 400$  м) су алмасу жылдам өтетін қабатта жерасты сулары негізінен сорғу жолымен қалыптасады. Жауын – шашыны аз әрі ылғал көп буланатын аудандарда (шөл – шөлейт) жерасты суларын егізінен су буларының конденсациялануы мен қоректенеді. Жер қыртысының терең қабаттарында орналасқан жерасты суларының су алмасуы өте шабан. Олар өте ертеде теңіз шөгінділерінің тығыздалу кезінде өз бойынан суды қысып, ығыстырып шығару нәтижесінде қалыптасқан. Бұл сулар әдетте, өте тұзды болып келеді. Сонымен қатар жерасты суларын да ювенильді суларды да бөліп қарайды. Бұл сулар жер ядросындағы магмадан бөлініп шыққан су буларының конденсацияға ұшырауы арқылы қалыптасқан. Ювениль суларының жер бетіне тікелей шығуы вулкандардың жұмыс істеу кездерінде күшейеді. Жерасты сулар жер қыртысында, тау жыныстарында сорғу арқылы немесе сіңу жолымен қозғалады. Сорғу кезінде судың қозғалысы жарықтар мен қуыстардың бір бөлігінің су буы немесе ауа мен толтырылуы арқылы жүргізіледі (аэрация белдемі). Сіңу процесі жарықтар мен қуыстар суға түгел толған жағдайда жүреді. Бұл қозғалыстағы судың массасы сіңу ағысын туғызады. Жерасты суларының қозғалысы қалыптасқан және қалыптаспаған, тегеурінсіз, ламинар және турбулентті болып келеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Русско-казахский толковый географический словарь. Под общей редакцией академика АН КазССР, проф. С. К. Кенесбаева и кандидата филол. наук А. А. Абдрахманова. Алма-Ата, Изд-во «Наука», 1966, стр. 204. (Академия наук Казахской ССР. Институт языкознания. Сектор физической географии). Составители: Ж. Аубакиров, С. Абдрахманов, К. Базарбаев.



2. Мұнайжәне газ геологиясы танымдық және кәсіптік-технологиялық терминдерінің түсіндірме сөздігі. Анықтамалық басылым.- Алматы: 2003. ISBN 9965-472-27-0 3. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра, 2008. ISBN 9965-34-809-X

ӘОЖ 504:574(045)

## ПЛАСТМАССА ӨНДІРІСІНІҢ ҚАЛДЫҚТАРЫН ӨНДЕУ

**Қуанова А.А., студент**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Туркменбаева М.Б.**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** мақалада «Экология және химиялық инжиниринг» кафедрасының жанынан ұйымдастырылған «Жас технолог» үйірмесінің мүшелерінің қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешудің экологиялық тұрғысынан пластмасса қалдықтарын құрылыс материалдары ретінде қолдану және жол қабатында қолданылатын модифицирленген асфальтобитум алу мүмкіншілігі туралы ғылыми іздену жұмыстарының нәтижелері баяндалған.

**Түйінді сөздер:** пластмасса өндірісі, қоршаған ортаны қорғау, полимерлік қалдықтарды пайдалану, қалдықтарды өңдеу, пиролиз.

Қазіргі халық шаруашылығында күннен күнге полимерлік материалдарға қажеттілік өсіп жатыр. Пластмасса өндірісінің өсуі мен оны қолдану арқылы одан қалатын өндірістің қалдықтары да көбеюде.

Полимерлік пластмассалардың қалдықтарын іске асыру шикізат қорларын көбейтуде шикізаттың негізгі алғашқы керектілігін азайтудағы ең негізгі фактор болып қаралады. Бұл полимерлік қалдықтарды пайдалану қоршаған ортаны қорғауда ең шешуші проблемаларға жатады, өйткені атмосфералық жағдайда полимерлер ыдырағандықтан, олардың көбеюі топырақты ластайды [1,2].

Қазіргі кезде пластмассалы қалдықтарды өңдеу екі бағытта жүреді: оларды жою және қолдану.

Бірінші жолы – қоршаған ортаны қорғауда проблеманы шешпейді, егерде қалдықтарды басқа жағдайда қолдануға жарамсыз болса, полимерлі материалдардың шикізат қорын көбейтіп оны сол уақытта қолданады. Оларды жоюдың мына әдістері кең өріс алған: нақтылы жойып құрту, фото және бидеструкциялы жолымен көму. Пластмассалы қалдықтарды жағу қазіргі кезде кең өріс алған әдістерге жатады, дегенмен бұл тәсілді қолдануда кейбір қиындықтар кездеседі. Кейбір пластмассалар басқа қалдықтарға қарағанда өте қатты жанады, сондықтан оны жағуға ауаны 4-5 есе көп қажет етеді. Полимерлердің жоғары жылу тауарлығына байланысты жылдам температурасы көтеріледі де пештің жұмыс істеуін қиындатады. Жағу кезінде пеште қолатын қалдықтарда (көмір қалдықтары, фосфорлы, кальций және басқа қатты қоспалар) жөндеу жұмысын ауырлатады. Сонымен қатар жағу кезінде пайда болатын улы газдар да екінші рет ауаны ластайды да қалдықты өңдеуде қосымша қиындықтар туғызады. Негізі мұндай қиындықтар голонды қосылыстары бар поливинилхлоридта және отқа төзімді пластмассаларда болады. Бұндай жағдайда қалдықтарды жағуға мынандай типті пештердің ыңғайлы екені белгілі: түпті, ротоцианды, бұрылмалы ауа ағынды құрамындағы төменгі деңгейдегі жалынды пештер. Полимерлі қалдықтарды жағуда бұндай әдістер экономика тұрғысынан тиімсіз. Өңдеудің нарқын төмендету үшін регенерацияға түсетін жағу өнімдерінде пайда болатын жылуды қолданады.

Соңғы кездерде тексеріліп және жұмыс істеуге ыңғайлы фотодеструкциялық полимерлі қалдықтарды өңдейтін әдіс іске қосылуда. Полимерлі қалдықтардың фотоыдырауын полистиролды жолдары көп көңіл аудартады. Ауылшаруашылығында екінші рет фотоыдырауды қолдану топырақты мульцироvalарда кортофель және көкөністерді өсіруде олардың гидротермиялық қасиетін жоғарылата отырып, арамшөптердің өсуін кетіріп өсімдіктерді қадағалаудағы шығынды азайта отырып, өсімдіктердің жоғары өнім беруіне де септігін туғызады [2].

Полимерлерді, полимерлі қалдықтарды жерге көму перспектикалы әдіске жатпайды, өйткені бұл әдіс ауаны ластай отырып үлкен көлемді жерді керек етеді және ол жерлер ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығына жарамсыз болып қалады.

Полимерлерлі қалдықтарды қолданудың бірнеше жолдары бар. Пайдаланудың әдісі болып пластмассаны регенерациялау соңғы жылдары жоғары өріс алып келеді. Термопластикалық смол қалдықтарын регенерациялауда метниктерді жинап, майдалап және 5-10% есебінде бастапқы шикізатқа қосады. Терморреактивті пластмассалар қалдығын регенерациялауда оларды ұнтақ түрге дейін майдалап инертті қоспа жағдайына қолданылады. Бұл бастапқы смолаларға қарағанда 2 есе арзанға түседі шикізатқа (компонетке) 20% дейін қалдықты литья технологиясын қысым арқылы өзгертудің қажеті жоқ. Пенополиуренд және пенополиэтилен пенополиэтиленден қалған қатты қалдықтардан полиоландарды регенерациялау әдісі құрастырылды. Майдаланған қалдықты реакторда қыздырады, ертіндімен толтырылған 90-95% алифаттылық гликолды және 5-10% диалкаколина. Тұтқырлық сұйықтарды гидролиздеу азотты ауада 20 сағатқа галогенді қоспа түзгенше жүргізеді. Регенерацияланған полиол тазаламай-ақ пенополиуренді өндірісіне жіберуге болады.

Пластмасты қалдықтардың келешегі бар әдістерге термиялық ыдырау жатады пиролиз. Пиролиз жүргізу 973-1273 К оттектік немесе оттегі аз ауада полимердің жануына жағдай туғызады. Пиролиздің өнімнің құрамы мен мөлшері оның полимерден бастапқы жағдайы мен технологиялық реттігіне байланысты болады. Полиэтиленнен пиролиз жолымен псевдоөнімдік қабатына 1013 К-де 25% дейін этилен, 16% метан, 12% бензол және 10% пропилен алынады. Пиролиздеуге полимер қалдықтарынан пайдалы (воскілер) немесе микроорганизмдердің жәрдемімен тез ыдырайтын үздіксіз жолы ұсынылады [3,4].

«Экология және химиялық инжиниринг» кафедрасының жанында ұйымдастырылған «Жас технолог» үйірмесінің ғылыми ізденіс саласы бойынша ең нәтижелі ізденістерінің біріне қалдықтарды көбіктелген полистролдан қабатты орта қорғағыш конструкция жылу өткізбейтін және конструкциялы функция ретінде пайдалану болып табылады. Сонымен қатар полимер қалдықтарынан жеңіл салмақты полибетондар өндірісінде толықтырғыштар алынады және полимербетон отқа өте төзімді агрессивтік ортаға тұрақты, жылу жібермейтін қасиеттерге мол. Сол сияқты жол қабатында қолданылатын асфальтобитум алу процесі де жол құрылысын жақсартатын материалдарда полистролды қалдықтардан алыну жолы да жолға қойылуда. Пластмасса қалдықтарын құрылысқа қолдану мүмкіншілігі туралы іздену жұмыстары жүргізілуде.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Туркменбаев Б.А., Туркменбаева М.Б. Өндірістің табиғатқа тигізетін әсері./ Ж. «Ғылым және білім», №2, Ақтау, 2012. 30-35б.
2. Туркменбаева М.Б. Жол-құрылыс материалдарын алу негізінде мұнай қалдықтарын пайдалану. IV- халықаралық ғылыми- практ. конф. материал. жинағы. – Атырау, 24-25 сәуір 2014,-Т. 2, 275-279б.
3. Туркменбаева М.Б., Қуанова А. А. Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарынан бөлінетін эмиссиялық газдар көлемін есептеу тәсілдері. «I Халықаралық Есенов оқулары» жинағы, III. Есенов ат. КМИТУ Ақтау. 175-178б.

### СЕКЦИЯ 3

Энергетика және құрылыстың өзекті мәселелері/ Актуальные проблемы энергетики и строительства/ Actual problems of energy and construction

УДК 004.491

#### INTERNET OF THINGS КАК УГРОЗА БЕЗОПАСНОСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ

Абдылкәрім Т.Е., студент

КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Научный руководитель: Мендалиева Ш.О.

КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

**Аннотация.** В работе рассмотрены некоторые вопросы обеспечения безопасности в компьютерных сетях, в частности, в сети, связанных через интернет объектов, оснащенных встроенными технологиями для взаимодействия друг и другом или внешней средой.

**Ключевые слова:** Internet Of Things, кибербезопасность, компьютерная сеть, кибератаки, безопасность сети.

Информационная безопасность – это защита информации от случайных или преднамеренных воздействий естественного или искусственного характера, которые могут нанести ущерб ее владельцу или пользователю.

В настоящее время, благодаря стремительному развитию информационных технологий, информация стала товаром, который можно приобрести, продать, обменять. Как известно, информационная безопасность основана на четырех базовых принципах.

1. Целостность данных.
2. Конфиденциальность.
3. Доступность информации.
4. Достоверность.

Утечка конфиденциальной информации, как правило, приводит к значительным финансовым потерям. Кроме утечки конфиденциальной информации, существуют другие виды информационных угроз, направленные на частичную или полную остановку рабочих процессов организаций и предприятий, блокировку оперативного доступа к необходимым внешним и внутренним информационным ресурсам, снижение производительности информационно-технологической инфраструктуры или её полную остановку.

С каждым годом в мире увеличивается количество киберпреступлений и кибератак. В последние годы в мире также резко возросло количество преднамеренных вмешательств в работу информационных систем государственных и коммерческих структур. Практически во всех случаях, после осуществления кибератак, работа организаций и предприятий блокировалась от нескольких часов до нескольких дней, что приводило к очень серьезным последствиям.

Поэтому от степени безопасности информационных технологий сейчас зависят не только стабильность и надёжность функционирования государственных институтов и коммерческих структур, а зачастую и жизнь многих людей.

За последние годы появилось новое семейство устройств, подключенных к Интернет и объединенных в различные группы, получившее название (Internet Of Things). В основном это бытовые или промышленные устройства, которые для управления или обмена информацией имеют возможность подключения к Интернет или к серверу управления и контроля через Интернет.

Эти специализированные устройства с подключением к сети (проводным или беспроводным) обладают рядом особенностей. Первая — это невысокая вычислительная мощность, небольшой объем памяти и ограниченный набор исполняемых команд. Второй особенностью является то, что пользователь, эксплуатирующий (IoT) устройство, не является специалистом в области информационных технологий или экспертом по информационной безопасности и, соответственно, не может правильно настроить устройство для безопасной работы в сети. Именно поэтому оно должно быть изначально настроено управляться производителем при его эксплуатации, в противном случае может стать потенциальным источником сетевых проблем. Третьей особенностью является отсутствие каких-либо серьезных функций безопасности, потому что любые ограничивающие настройки или функции могут создать проблемы при эксплуатации неподготовленными пользователями, а значит, в условиях жесткой конкуренции снизить привлекательность продукции и, как следствие, объемы продаж и доходы производителя.

Ограничения, накладываемые на сетевое взаимодействие устройства, могут привести к тому, что конфигурация сетевых настроек устройства и сетевое окружение окажутся несовместимы и доступ к сети не будет установлен. Именно поэтому производители стараются сделать количество ограничений как можно меньше, а сетевые настройки как можно более простыми.

И совершенно очевидно, что такое, практически не защищенное, устройство, подключенное к сети, является «привлекательным» для разного рода киберзлоумышленников. Возможно, это и не представляло бы серьезной проблемы, если бы количество (IoT) устройств не было таким массовым и не исчислялось миллиардами.

Табл 1. Количество устройств (IoT) и прогнозные показатели.

Категория	2016	2017	2018	2020
Бытовые	3 963,0	5 244,3	7 036,3	12 863,0
Промышленные/ корпоративные	2 418,7	3 136,4	4 160,3	7 552,4
Всего, млн шт	6 381,8	8 380,6	11 196,6	20,415,4

По данным Gartner сейчас в мире более 8 млрд подключенных (IoT) устройств, а к 2020 их будет более 20 млрд. Данные Statista, приведенные на рис. 2, еще более впечатляющие.

Но даже если принимать во внимание только данные Gartner то уже сейчас количество подключенных устройств превышает количество людей на Земле а к 2020 г. превысит почти в 3 раза. Поэтому игнорировать вопросы безопасности миллиардов устройств, несмотря на то, что каждое из них малопродуктивно, было бы ошибочно.




Рисунок 1 (IoT) устройств по данным Statista.

### **DDoS как основной инструмент реализации кибератак.**

В настоящее время одним из самых опасных средств воздействия на информационные системы являются атаки, направленные на отказ в обслуживании (Distributed Denial Of Service) Первое упоминание о таких атаках встречается в 1999 г., но тогда они не привлекали особого внимания, так как считались нишевыми, не создающими особенных проблем по сравнению с другими атаками. Ситуация существенно изменилась, когда в 2011 г. группа хакеров Anonymous начала использовать DDoS атаки как основной инструмент реализации кибератак. DDoS атака представляет собой поток ложных запросов на базе различных протоколов (TCU, UPD, ICMP, HTTP, DNS, SIP и др) Основной целью ложного потока является блокировка ресурсов или сервиса жертвы. Атакуемым ресурсом жертвы может быть любой элемент информационно-технологической инфраструктуры: канал связи, сетевое устройство, устройство безопасности (firewall, IPS) сервер, приложение или база данных. DDoS атаки направлены не на уязвимость отдельных элементов информационно-технологической инфраструктуры, а на превышение допустимых параметров их производительности, что блокирует работоспособность устройств и приводит к отказу работы сервисов. Основной опасностью DDoS атаки является то, что каждая отдельная составляющая такой атаки на первый взгляд ничем не отличается от легитимного запроса пользователя, что значительно усложняет блокировку атаки и увеличивает количество ложных срабатываний. Жертвой DDoS атаки может быть любая организация, которая использует сеть Интернет (государственные и правительственные учреждения, банки, операторы связи, предприятия топливно-энергетического комплекса, транспортной инфраструктуры, почта и др.). Недоступность сервисов даже на короткий период времени может привести к значительным финансовым потерям, а на более длительный — даже к коллапсу. За последние годы длительность DDoS атак постоянно растет. Если в 2000 г. атаки продолжались несколько часов, то сейчас их длительность может измеряться неделями. По данным «Лаборатории Касперского», самая продолжительная атака длилась 81 день. Развитие киберпреступности приводит к тому, что атаки становятся более усовершенствованными и многовекторными, нацеленными на несколько элементов инфраструктуры одновременно.

Такой сценарий значительно усложняет методы защиты и предъявляет новые требования к архитектуре систем информационной безопасности. По результатам анализа Cogero Network Security в 3-ем квартале 2018 г. Количество DDoS атак выросло на 91% по сравнению с первым кварталом этого же года и составило в среднем 237 атак на организацию в месяц. Источниками достаточно большой части этих атак являются (IoT) устройства. Включение любого устройства в ботсеть происходит после заражения его вирусом. В случае (IoT) обычно имеют дело с вирусом семейства Mirai. Данный вирус атакует Linux-устройства, использующие набор утилит Busybox. Вирус использует, так сказать, «социальную инженерию», а именно, пробует получить доступ к устройству через telnet перебирая варианты имен/паролей. Как только доступ к устройству получен, вирус устанавливается в систему, связывается с контроллером ботнета и сообщает о себе, далее стирает себя с носителя для уменьшения вероятности обнаружения, оставаясь в оперативной памяти, сканирует диапазон IP адресов, проверяя на наличие уязвимых устройств, и отправляет эту информацию контроллеру ботнета. Несмотря на то, что вирус достаточно прост, использует тривиальную методику перебора пароля brut force но, как оказалось, и этого достаточно для организации ботнет на сотни тысяч IoT-устройств. Сейчас новые заражения Mirai возникают все реже, но это не значит, что вирус побежден. Во-первых, существует множество мутаций и вариантов вируса (Hajime - luaBot), а во-вторых, устройство, превращенное в члена ботнета, никак себя не проявляет и может быть использовано контроллером ботнета в следующих атаках, то есть мы можем только предполагать, насколько вирус распространился и какое количество устройств он контролирует. Но избавиться от вируса Mirai и предохраниться от последующего заражения довольно просто: надо отключить устройство от Интернет, перезагрузить его,

поменять имя/пароль на устойчивые к взлому, по возможности запретить подключение к устройству через Интернет.

Но существует еще один класс вирусов BrickerBot но он пока, что представлен двумя версиями : BrickerBot.1, BrickerBot2. Результатом действия этих вирусов является PDoS а именно невозможность использования этого устройства, превращение его в кирпич. Вирус атакует устройства (IoT) на базе Linux с набором BusyBox.

При атаке проверяется открытый TCP порт и происходит подбор пароля, он пытается удалить все содержимое любого хранилища — внутреннего или непосредственно подключенного к устройству, нарушает связь с Интернетом (`net.ipv4.tcp_timestamps=0`) и препятствует выполнению операций ядра (`kernel.threads-max=1`). Таким образом, данный вирус, по сути делает устройство недоступным, что приводит либо к замене устройства, либо, в лучшем случае, к полному его обнулению и восстановлению прошивки.

```
1 fdisk -l
2 busybox cat /dev/urandom >/dev/mtdblock0 &
3 busybox cat /dev/urandom >/dev/sda &
4 busybox cat /dev/urandom >/dev/mtdblock10 &
5 busybox cat /dev/urandom >/dev/mmc0 &
6 busybox cat /dev/urandom >/dev/sdb &
7 busybox cat /dev/urandom >/dev/ram0 &
8 fdisk -C 1 -H 1 -S 1 /dev/mtd0
9 w
10 fdisk -C 1 -H 1 -S 1 /dev/mtd1
11 w
12 fdisk -C 1 -H 1 -S 1 /dev/sda
13 w
14 fdisk -C 1 -H 1 -S 1 /dev/mtdblock0
15 w
16 route del default;iproute del default;ip route del default;rm -rf /* 2>/dev/null &
17 sysctl -w net.ipv4.tcp_timestamps=0;sysctl -w kernel.threads-max=1
18 halt -n -f
19 reboot
```

Рисунок 2. Ошибка в логах (`net.ipv4.tcp_timestamps=0`) (`kernel.threads-max=1`)

И конечно же к (IoT) устройствам можно отнести нынешние ноу хау это умный дом, умная бытовая технка которая имеет свободный и не защищенный дступ к интернету. И которая может быть подверженна атакам.

#### **Рекомендации по обеспечению безопасности IoT-устройств.**

По мнению аналитиков, для решения проблемы безопасности (IoT) устройств необходимо пользоваться принципами, используемыми для организации корпоративной системы информационной безопасности, поэтому для (IoT) -устройств рекомендуется сделать следующие первоочередные шаги:

- изменить имя/пароль устройства на взломостойкое (требование к паролю - не менее 8 символов, должен содержать цифры, буквы верхнего регистра и специальные символы);
- установить все обновления безопасности производителя;
- при приобретении устройства проверить репутацию производителя с точки зрения ИТ-безопасности и периодичность выхода обновлений настроек безопасности;
- отключить UPnP-протокол и доступ по telnet из Интернет, если это возможно;
- отключить все неиспользуемые протоколы и сетевые функции;
- анализировать аномалии трафика устройства;
- контролировать известные сигнатуры атак для предотвращения заражения;
- контролировать конфигурацию устройств и сигнализировать о ее изменении.

На сегодняшний день есть четкое понимание, как реализовать эти рекомендации в корпоративной среде. Но стоит задача - реализовать это для конечного пользователя, подключенного к Интернет непредсказуемым образом, у которого все настройки безопасности в лучшем случае установлены «по умолчанию», а в худшем - отключены вовсе.

Решение данной проблемы возможно только при комплексном подходе, в котором пользователь не будет играть ключевую роль ввиду естественного отсутствия компетенции. Таким образом, задача обеспечения безопасности (IoT)-устройств делится на две составляющие:

- настройка безопасности на самом устройстве
- сетевая безопасность.

Рассмотренная проблема использования (Internet Of Things) в качестве весьма простого и массового способа заражения вирусами информационных систем является достаточно новой, а необходимость организации эффективного противодействия этой угрозе информационной безопасности — чрезвычайно актуальной и важной.

Однако маловероятно, что производители (IoT) - устройств и тем более операторы связи захотят самостоятельно предпринять необходимые меры для их информационной защиты. Скорее всего, учитывая всю серьезность проблематики новых видов киберугроз, решение регуляторных вопросов в этой области должно взять на себя государство, так как для обеспечения информационной безопасности при массовом использовании (IoT)-устройств необходимо внести соответствующие изменения в национальную нормативно-правовую базу, включающие в себя вопросы защиты информации на всех уровнях.

## ЛИТЕРАТУРА

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/novye-ugrozy-informatsionnoy-bezopasnosti-ili-oruzhie-massovogo-zarazheniya>.
2. Кожевникова И. С. Тенденции безопасности интернет-вещей // Молодой ученый. - 2017. - №13. - С. 11-14. - URL <https://moluch.ru/archive/147/41189/>

**ӘОЖ 004.491**

### **АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІ BIM (BUILDING INFORMATION MODELING) ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА ЕНГІЗУ КОНЦЕПЦИЯСЫ**

**Даулымпаз М.А., студент**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Жайылхан.Н.А.**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

**Аңдатпа:** Мақалада жазылған BIM building information modeling) технологиясын қолдана отырып ғимаратты басынан бастап толықтай тұрғызуға мүмкіндік береді. Проект жұмыстарынан бастап, құрылысқа қанша материалдар қажеттілігіне дейінгі мағлұматтарды құрылыс барысында қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер:** Ақпараттық модельдеу, BIM building information modeling), құрылыс компаниясы, проектилеу.

Ақпараттық модельдеу технологиясы (BIM – building information modeling) әлемдік практикада техникалық күрделі құрылыс объектілері нарығында жұмыс жасаудың міндетті шарттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда, ақпараттық модельдеу технологиясы әлемдік тәжірибеде бәсекелестіктегі ұтымды аспект болып табылады, алайда, болашақта ол құрылыс компанияларының нарықта жұмыс жасауының міндетті аспектісіне айналуы әбден мүмкін. ҚР-ның құрылыс саласы ҚОАМ технологияларын сәтті игерген жағдайда ҚР-ның әлемдік нарықта бәсекелестікке қабілетті болу мен экономикалық диверсификация саясатына жауап бере алатын сала бола алады. 3D-модельдеу негізінде жобалау көптеген шет елдік құрылыс компаниялары үшін қарапайым нәрсе болып есептелінеді. Бірақ, ТМД елдерінің арасында бұл енді ғана пайда

бола бастады. Ресейде 3D-модельдеуді көптеген компаниялар қолдануда, ал Қазақстанда BIM-технологиялардың көмегімен жасалынған құрылыс объектілері жүзге жақын, Алайда, бұл құрылыс объектілерін тұрғызу барысында 3D –жобалаудың бірнеше компоненттері ғана қолданылған. Егер Қазақстандық компаниялар жаңа технологияларға көшпесе, оларды нарықтан көрші елдердегі үлкен компаниялар ығыстыруы әбден мүмкін BIM потенциалы әдеқайда ауқымды. Ол барлық мүмкін 3D-модельдерді қолданып, ғимаратты басынан бастап, толықтай тұрғызуға мүмкіндік береді. Ақпараттық модельдеуді Қазақстан нарығында тәжірибе жүзінде қолдану мүмкіндіктерін Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау институты белсенді түрде зерттеуде. Сонымен қатар, институт құрылыс саласының ақпараттық модельдеу технологияларына көшу бастамасын енгізуші болып табылады. Институт сарапшылары ҚР инвестициялар және даму министрлігі 11.04.2017 –ден бастап бекіткен №197 бұйрығына сәйкес «Құрылыс объектілеріне ақпараттық модельдеу технологияларын енгізуге байланысты шаралар жоспарын» жүзеге асыруды жалғастыруда. Ағымдағы жылда сарапшылар құрылыс объектілерінің өмірлік цикліне байланысты ережелер жинағының 3 бөлімін және ҚР-ның «Құрылыс туралы бірлесіп ақпараттық модель құру ережелері. Жалпы мәліметтер ортасы», «Ақпараттық модельдеуді қолданып жасалынған жобаның құжатнамасын әзірлеу ережелері» сияқты ережелер жинағын жасап шығарды[1, с. 29]..

ҚР «Құрылыс объектілерінің өмірлік циклы. 1-бөлім. Жалып түсініктер» ережелер жинағы нормативті құжаттар сериясының бастамасы болып табылады және жобаның инициациясынан бастап, ғимараттың толық құлауына дейінгі барлық құрылыс объектілерінің өмірлік циклын толықтай сипаттайды. Берілген ережелер жиынтығының екінші және үшінші бөлімі құрылысты жобалау мен жүзеге асыру барысында қойылатын талаптарды бағалайды, АМТ-ын қолдану арқылы жасалынған модельдерді жүзеге асыру жұмыстарының құрамы мен әдістерін бекітеді. Сонымен қатар, талқылауға құрылыс объектісінің ақпараттық модельін жасауды итеративті тәсілмен тиімді басқаруды қамтамасыз ететін процедуралар мен регламенттерге негізделген, жалпы мәліметтерді ұйымдастыру ортасын сипаттайтын стандарт жобасы ұсынылған болатын. ҚазҒЗЖИ ұсынған соңғы құжатта, ақпараттық модельдеу көмегімен жасалынатын жоба құжаттарын рәсімдеуге байланысты талаптар сипатталады, экономикалық-дамыған мемлекеттердегі модельдеу саласындағы тәжірибелерді сараптау мен заманауи БЖ мүмкіншіліктерін ескере отырып, ҚР ағымдағы техникалық-нормативтік құжаттарына сәйкес құрылыс объектілерінің ақпараттық моделінің сызбалары мен ерекшеліктеріне қол жетімділік талаптары қарастырылады.

Сонымен қатар, келесі нормативті-техникалық құжаттардың түзетілген нұсқалары ұсынылған болатын:

1. ҚР ЖБҚ «Құрылыстың жобалық құжатнамасын жасаудың реті, келісімдер, бекітулер мен құрылыс мен құрамы»;
2. ҚР ЖБҚ «Азаматтық өндіріс ғимараттары мен құрылыс объектілерінің капиталды, орта және ағымдағы жөндеу жұмыстары мен реконструкциясы»;
3. ҚР ЖБҚ «Құрылыс өндірісі. Ұйым, ғимарат, құрылыс объектілерін тұрғызуды ұйымдастыру»;
4. ҚР ЕЖ «Сарқымалы суларды тазалауға арналған объектілер»,

Сонымен қатар, құрылыс саласының нормативті базасын қолызып, ескірген немесе қайталанған объектілерге зерттеу мен жүйелеудің бірінші бөлімін қарастыру.

Алайда, мұның барлығы уақытша. Қазіргі таңда, Астана қаласында жаңа технологиялар көмегімен әлемдік талаптарға жауап беретін жаңа объектілерді тұрғызу жұмыстары жүзеге асырылуда. Біздің елде бұл жобалау технологиясы енді ғана дамуда. Үкімет басшылығы АМТ қолдану арқылы құрылыс барысында болатын шығындард 20-30%-ға азайтуды көздеп отыр [2, с. 35].

Тәжірибеде көрсетілгендей 3D-модель жобалау мерзімін 20%-ға азайтады, құрылыс бағасын 30%-ға төмендетеді және объектіні қолданысқа беру кезіндегі бағаны 5-



10%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Таңғаларлық екені сөзсіз, алайда ақпараттық модельдеу технологиясының артықшылықтары мұнымен тоқтап қалмайды.

Building Information Modeling (BIM) құрылыс кезіндегі қателіктердің алдын-алуға мүмкіндік береді, қауіп көрсеткішін төмендетеді, объектіні тұрғызуға қажетті материалды есептеуге мүмкіндік береді (1 кв.м. қабырғаны тұрғызу үшін қанша цемент қажет екендігін есептеп бере алады), оның 3D-моделін толықтай арши отыра, ғимараттың кез-келген түйіні мен қол жетімсіз нүктесін ашып көрсете алады.

Архитектуралық жоспарды құру- құрылыстың ең аз қаржы талап ететін кезеңі болып табылады. Бұл кезеңге кететін қаражат құрылысқа кеткен жалпы қаражаттың 5%-ын ғана құрайды. Алайда, майда нәрселерді ескермеген, немес бір нәрсенә ұмытып кеткен жобалаушының қателігі одан да көп шығындарғы әкеп соқтыруы мүмкін. Жобалау кезінде кеткен қателіктер ғимаратты салу барысында ғана емес, оны қолданысқа беру кезінде де шығуы мүмкін. Кей жағдайларды жоспардың дұрыс орындалмауының нәтижелері өте нашар, мысалы: қираған төбе, дұрыс емес электр желісі, жел ұшырып әкеткен шатыр. Жобалауға арналған БЖ жасаушы ZWSOFT компаниясы құрылыс компанияларының арасында сауалнама өткізген болатын. Жиналған мәліметтердің сараптамасы көптеген компаниялардың бастапқы құннан 20%-ға ауытқуды норма деп есептейтіндігін көрсеткен. Алайда, жобалау студиясынан алынған нақты бухгалтерлік есептеулер бұл көрсеткіштің екі есе көп екендігін көрсеткен. Әрбір тапсырысқа жоспарланғаннан 50%-ға көп ресурс кетеді. Көбінесе, қателіктер инженерлік желілермен жұмыс жасау барысында пайда болады: қажетті тесіктерді жасауды ұмытып кету, қажетті материалдар көлемін дұрыс емес есептеу. Архитекторлар, құрылысшылар мен инженерлер мүлдем кездеспейді, сол себепті жалпы жұмыстың нәтижесі қанағаттандыра алмайтындай болады. 2D форматтағы сызбалар бұл мәселені шеше алмайды [3, с. 118].

BIM бағдарламалар жобалау кезінде тіпті майда проблемаларды анықтай алады, ал классикалық CAD-әдістері мұны тек құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан кезеңде немесе қоныстану кезеңінде анықтай алады. Осылайша, жоспарланбаған шығындар азайтылады. Мамандар олардың әріптестері енгізген өзгертулерді көре алады, оларды назарға ала отырып, жаңа өзгерістердің олардың бақылау аймақтарына әсерін бақылай алады. Бір ғимаратты салуға тек әртүрлі мамандық иелері ғана емес, әртүрлі компаниялар қатыса алады. Бұл үлкен қалалық жоба немесе желілік сауда ғимараттары салынатын болса, өте қолайлы.

BIM бағдарламалары мен ақпараттық жобалау технологиялары – құрылыс аумағындағы келісілген жұмыстың кепілдігі. Қажетті материалдар мен техниканы сатып алу графиктерінің қателіктері минимумға жақындайды. Басшылық ақша айналымын бақылай алады. Ұрлық мүлдем жоғалады. Барлық шығындар бақыланады, бағалар бекітіледі. Әрбір жұмысшы шығын кітапшасын қарап, бухгалтерлік есепті тексере алады. Техникалық университеттердің студенттері болашақта беделді компанияға жұмысқа орналасып, нарықта қажетті маман бола алу үшін, бірінші курстан бастап, компьютерлік жобалау негіздерін меңгере бастайды. Біздің мақаламыз қарапайым тілде ғимараттарды жобалау мен құрылыс кезіндегі BIM технологияларының қолданылуы мен олардың танымалдылығының құпиясы жайында сөз қозғайды.

Бұл негізгі ерекшеліктері төмендегідей болатын, ғимараттарды жобалау тәсілі:

- 3D модельді құру;
  - Болашақ ғимарат туралы қолжетімді ақпараттың барлығын бір жерге жинау;
- Бұл ғимарат туралы барлық қажетті ақпарат жинақталған, ғимараттың компьютерлік моделі. Егер, бір параметр өзгертілсе, барлығы өзгеріске ұшырайды. Сіз объектінің өлшемін үлкейтсеңіз, бағдарлама сіздің әрекеттеріңіздің электржелілеріне әсерін көрсетеді.

Мұндай жобаны құру арқылы сіз ғимараттың ішкі және сыртқы көрінісіне баға бере аласыз, ғимаратты тұрғызу үшін қандай техниканың қажет екендігін, қажетті материалдар мен жұмыс күшін есептей аласыз, құрылыс процессін ұйымдастыруды

жобалай аласыз. Бұл барлық олқылықтарды есепке ала отырып, жобаны жүзеге асырудағы қателіктердің алдын-алуға жол беретін ыңғайлы форма.

Ақпараттық модельдеу немесе BIM-технологиясы, объектінің ақпараттық моделін құруды білдіреді, осы модель негізінде сызбалық есептік құжатнама мен құрылыс объектісін тұрғызудың келесі кезеңіне қажетті жаңа модельдерді құруға мүмкіндік береді. Соңғысы, құрылыстың әрбір кезеңінде қолданылған ақпарат архивқа берілмей, әрбір келесі кезеңде толықтырылып, жаңартылып отыратындығын білдіреді.

Мәліметтер ғимараттың барлық өмірлік циклы кезеңінде ақпараттық 3D-модельге қосылып отырады. Олар концепцияны жасау, жобалау, материалдарды сатып алу, жобаның әрбір аумағында жұмысты координациялау мен логистикаға, ғимаратты қолданысқа беру мен қалпына келтіру кезінде қажет. Ақпараттық модель инвесторлар, инженерлік компаниялар, жобалық, құрылыстық және қолданысқа беруші компаниялар үшін жалғыз сенімді ақпарат болып табылады. Жалпылай айтсақ, құрылыс объектілерін ақпараттық модельдеу технологиясы (ҚОАМТ) ақпаратты қолдану процесстерінің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

#### **Оның қолданылу аумағы өте кең:**

- Нақты шығын сметалары мен жоспарларын құру.
- Жұмыс барысын жөндеу.
- Шығын материалдарын бағалау.
- Болашақ эксплуатациялық сипаттамаларды есептеу.
- Ғимаратты коммерциялық объект ретінде координациялау.
- Жөндеу, қайта құру, қалпына келтіру, ескі конструкцияларды нығайту жұмыстарын бақылау.
- Қолданысқа беру реті.
- Қирату.

БIM ақпараттық соделі ғимаратты тұрғыздан бастап, қиратқанға дейінгі ғимараттың барлық өмірлік циклын бақылауға мүмкіндік береді. Тұрғызу – әртүрлі сала мамандарының қатысуын қажет ететін қиын процесс. BIM жобалау олардың жұмыстарын бірыңғай жүйе ретінде көруге, құрылыстың өрбуінің мүмкін болатын нұсқаларын есептеу мен келістіруге, жобалау барысында болшақта алдынан шығуы мүмкін қателіктердің алдын-алуға мүмкіндік береді.

BIM модельдеуді жүзеге асыратын бағдарламалық шешімдер құрылыс нарығында жеткілікті. Олардың ішіндегі ең көп сұранысқа иелері:

**AUTODESK REVIT.** Архитектуралық шешімдердің, инженерлік желілердің, құрылыс конструкцияларын жобалауды қарапайым және тиімді түрде қамтамасыз етеді. Объектілер мен олардың инфрокұрылымын жобалау, жоспарлау мен құрылыс кезінде, оларды қолданысқа беру кезінде сұранысқа ие.

Бағдарлама топтық жұмысқа арналған сала аралық жобалауды қолдайды. Мәліметтерді импорттайды, экспорттайды және (IFC, DWG және DGN қоса алғанда) бірнеше форматта байланыстырады.

- Бірігіп модельдеу үшін, инвесторлар, тапсырыс берушілер мен орындаушылар арасында ортақ ақпараттық аумақты ұйымдастыратын Revit Server қолданылады.
- **ARCHICAD.** Virtual Building™ технологиялы ғимаратты модельдеу үшін қолданылады. Модельдеу, жұмыс құжатнамасын құруға арналған құрал-жабдықтарды қолдайды, импорт, экспорт, визуализацияны жүзеге асыра алады. Тапсырмаларды жекелей және топта ақпарат алмаса отырып, шешуге мүмкіндік береді.
- **Tekla Structures.** Үлкен жобаларда металконструкцияларымен жұмыс жасау барысында қолданылады. Ондаған компаниялар арасында, ақпарат алмасу мен топтық жұмысты қамтамасыз ете алады. Құрылысты автоматизациялауды қолдайды, жұмыс процесстерін бақылауға мүмкіндік береді.
- **Tekla BIMsigh.** Құрылыс объектісін топтық жобалауға мүмкіндік беретін тегін кәсіби софт. Жобалық жұмыстардың сапасын жақсарту келесі шаралар көмегімен жүзеге

асырылады: әртүрлі мамандар құрған, объектінің ақпараттық модельдерін біріктіру арқылы, жоба элементтері арасындағы қарама-қайшылықтарды бақылау арқылы, қатысушылардың тиімді әрекеттесуін қамтамасыз ету арқылы.

- **MagiCAD.** AutoCAD және Revit платформаларына негізделген, жобалау кезінде модульдік тәсілді қолданады. Кеңістік модельдерін құру, ерекшеліктерді құру, инженерлік есептерді жүргізу, есептік құжаттарды жасау барысында қолданылады. Техникалық сипаттамалар мен параметрлер жиынтығы негізінде инженерлік желілерді құруға арналған өте жақсы мәліметтер базасына ие.
- **AutoCAD Civil 3D.** Инфрокұрылым объектілерін жобалау мен құжатнама шығару кезінде қолданылады. Сараптама мен визуализация функцияларын қолдайды. Бірігіп жұмыс жасау мүмкіндігі жұмысшылар арасындағы жұмысты координациялайды және инфрокұрылымды жобалау барысындағы мәселелерді шешеді.
- **Allplan.** Темір-бетоннан жасалынған конструкцияларды жобалау кезінде сұранысқа ие. BIM-платформа болып табылады. Объект жоспарларын, уақыт, құн, сапа көрсеткіштері бойынша есептейді.
- **GRAPHISOFT, BIM – сервер.** Жобаға бірнеше клиенттің бір уақытта қатынауын мүмкіндік беретін, Teamwork-ті қолдау үшін қажет. Жүйе клиенті болатын бірнеше ARCHICAD-траға желілік қосылуды қолдайды. Бұл жүйенің негізгі артықшылығы – сұраныс жасау, қосу, BIM мәліметтерін фильтрациялау мүмкіндіктері.
- **Renga Architecture.** БЖ-ның отандық өнімі. Құрылыстарды үш өлшемді кеңістікте қолдануға мүмкіндік береді. Құрылысшылар мен архитекторлар арасындағы бірыңғай құрылым болып табылады. Мәліметтерді әртүрлі форматтарда экспорттау мен импорттауға байланысты үлкен мүмкіндіктерге ие. Бағдарлама қабылданған мәліметтерді .ifc, .dxf форматтарында сақтауға мүмкіндік береді. Осының арқасында бірлесіп жұмыс жасаудың барлық кезеңдерінде екіөлшемді және үшөлшемді нәтижелерді қолдануды қамтамасыз етеді.

3D-модельдеу технологиясының көмегімен жобалау ірі шет елдік компаниялар үшін қарапайым кезең болып табылады. Бірақ, ТМД елдерінде бұл технология салыстырмалы түрде жақында пайда болды. Ресейде 3D-модельдерді ірі құрылыс компанияларының қолданып бастағанына бірнеше жыл болса, Қазақстанда барлығы енді басталды.

Қазіргі таңда, Астана қаласында жаңа технологиялар көмегімен әлемдік талаптарға жауап беретін жаңа объектілерді тұрғызу жұмыстары жүзеге асырылуда. [4, с. 214].

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. В.В. Талапов «Технология BIM. Суть и особенности внедрения информационного моделирования зданий» Год выпуска 2015г., Количество страниц 410, Издательство «ДМК»
2. Джеймс Вандезанд, Фил Рид, Эдди Кригел. Autodesk Revit Architecture. Официальный учебный курс. Количество страниц 328, год выпуска 2017г, ISBN 978-5-97060-460-1
3. Джон Элис «Компьютерное проектирование для архитекторов. Самые полезные функции всех основных программ» Год выпуска 2016г., Количество страниц 208, Издательство «ДМК»
4. Эдвард Голдберг «Для архитекторов Revit Architecture 2009/2010 Самоучитель по технологии BIM Количество страниц 280, Издательство «ДМК»

## АЛЬТЕРНАТИВТІ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕДГІ ДАМУ ҮРДІСІН ЕСКЕРСЕК, БОЛАШАҚТА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

**Акимов Н., студент**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

**Ғылыми жетекші: Епенова Ж.**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі сүріп жатқан кезеңде немесе уақытта – энергиясыз өмір жоқ екені себептермен дәлелденген. Себебі қазіргі заман – технология заманы. Ал ешбір технология энергиясызжұмыс жасай алмайды. Сонымен қатар адамның күнделікте өмірінде де энергияның алатын орны орасан зор. Жыл сайын дүние жүзінде халық саны өсуде, сонымен қатар сұраныстаөседі. Сондықтан адамзатқа энергия өте қажет және оған деген қажеттілік жылдан-жылға артуда. Бірақ энергия көзінің өзіндік мәселелері баршылық.

**Түйінді сөздер:** Жасыл технология, электр энергия альтернативті энергия, күн электростанциясы.

Энергия дәстүрлі және альтернативті болып екіге бөлінеді. Дәстүрлі энергияға: отын, көмір, газ және т.б. жатады. Сонымен қатар дәстүрлі энергия көзінің экологияға тигізетін зияны өте көп. Осы мәселені шешу мақсатында альтернативті энергия көздері пайда болды. Альтернативті энергия көздерінің түрлеріне: жел, күн, су жатады. Бұл энергия көздері дәстүрлі энергия көздерімен салыстырғанда сарқылмайды және экологияға зияны жоқ. Бірақ та, альтернативті энергия көздері біз ойлағанымыздай жасыл емес. Яғни, оның экологияға тигізер зияны бар. Менің осы жерде осы зерттеу жұмысыма деген басты қызығушылығым туып отыр. Сонымен қатар, менің зерттеу сұрағым альтернативті энергия көздерінің қазіргі кездегі даму тенденциясына тікелей байланысты. Яғни, «Альтернативті энергия көздерінің қазіргі кездегі даму үрдісі мен тигізіп жатқан салдарын ескерсек, болашақта тигізер әсері қандай?» және бұл зерттеу сұрағы болжам негізінде алынған. Сонымен қатар, менің зерттеу жұмысы барысындағы негізгі мақсатым – альтернативті энергия көздерінің нақты даму көрсеткіштеріне сүйене отырып, оның оң және теріс жақтарын анықтап, анализдей отырып, зерттеу сұрағыма жауап беру.

Осы зерттеу әдістерінен алынған мәліметтерді, статистикалық көрсеткіштерді, дәлелдемелерді және аргументтерде негізге ала отырып, оларды өзара байланыстыра отырып, тақырыбымының өзектілігін көрсету және зерттеу сұрағыма жауап беру.

Бұл жерде мен статистика мен дәлелдемелерге сүйене отырып нақты және дұрыс болжам жасау керекпін. Себебі, менің зерттеу жұмысым барысындағы зерттеу сұрағым болжам негізінде құралған. Яғни, альтернативті энергия көздерінің бұрынғы және қазіргі жағдайын ескеріп, болашақта тигізер әсерін анықтау. Сонымен менің негізгі болжамым, альтернативті энергия көзі тиімсіз деп ойлаймын.

Болашақта тигізер әсерін анықтамас бұрын, біз біріншіден екі нақты көзқарасқа тоқталып, бір позицияны ұстануымыз керек. Кейбір адамдардың ойынша, альтернативті энергия көздерінің ешқандай керегі жоқ деп ойлайды. Сонымен қатар, альтернативті энергия көздерінің пайдасынан гөрі зияны көп дейді. Мысалы, тіпті оларды өндіру үшін алынған бір альтернативті энергия үшін екі есе дәстүрлі отын энергиясы жұмсалады. Бірақ та, альтернативті энергия көздерінің оң жағына көз жүгіртсек, "альтернативті энергия көздері - біздің болашағымыздың кепілі" болып табылады дейді. Себебі, дәстүрлі отын энергетикасы сарқыллатын ресурстар қатарына жатады дейді. Яғни, болашақта таусылып қалады деп ойлайды. Сол кезде, оның орнын альтернативті энергия көздері толық басады деген сенімде.

Ал менің ойымша, альтернативті энергия көздері тиімсіз деп ойлаймын. Себебі, альтернативті энергия көздерінің зиянын ескере отырып, оның құрал-жабдықтарына деген берілген бағасы өте жоғары. Яғни, бұл жерде ақшасы барлар ғана альтернативті энергия көздеріне қол жеткізеді алады. Яғни, альтернативті энергия көздерне қол жеткізудегі теңсіздік пайда болады деп ойлаймын.

Осының бәрін қорытындылай кетсек, барлық мәселе табиғатқа келіп тіреледі. Яғни біз кез-келген затты алсақ та, ол табиғаттан алынады. Яғни, «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ, мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші, біз өз болашағымызды қалай ойласақ, табиғатты да солай ойлауымыз керек.

Альтернативті энергия көзі дегеніміз – энергия көзін дәстүрлі пайда қазбалардан(мұнай, көмір, отын) емес, күннен, судан, желден, геотермиялық көздерден энергия көзін алу. Бұларды сарқылмайтын энергия көздері деп те атайды. Себебі бұл энергия көздері сарқылмайды, яғни таусылмайды. Альтернативті энергия көздері, соның ішінде күн энергитикасы алғаш рет 1830ж. ашылып, содан бері қарқынды дами бастаған. Ал, 1839 Уильям Роберт Гроув алғаш рет сутек отынын шығарған. Қазіргі кезде альтернативті энергия көздерінің даму тенденциясы өте қарқынды түрде жүріп жатыр. Сонымен қатар альтернативті энергия көздерінің дамып келе жатқан және алдыңғы қатарларын алып отырған: жанармайлық элементтер, күн және отын энергетикасы болып табылады.


	2003	2007	2017
Солнечные установки	620 МВт	2821 МВт	22760 МВт
Ветряные установки	8000 МВт	20060 МВт	75781 МВт
Биотопливо	7 млрд.галлонов	15,6 млрд.галлонов	45,9 млрд.галлонов

Кесте1- Clean Edge америкалық зерттеу компаниясының жасаған көрсеткіші

Енді, альтернативті энергия көздерінің нақты даму тенденциясына тоқтап кетсек, Clean Edge америкалық зерттеу компаниясының жасаған көрсеткіші(1-кесте) берілген. Яғни, бұл көрсеткіште біз 2003, 2007 жылдағы альтернативті энергия көздерінің сол жылдардағы қанша энергия өндіргені берілген.[1] Нақтылап айта кетсек, 2003 жылы әлем бойынша күн көзінен 620 МВт, ал желден 8000 МВт, сонымен қатар биожанармайдың 7 млрд. галлондары өндірілген. Ал 2007 жылы күн көзінен 2821 МВт, желден 20060МВт, биожанармайдан 15,3 млрд галлондар алынған. Яғни бұл көрсеткіш 2003 жылдан 2007 жылға дейін немесе 4 жыл ішінде 3,5 есеге өскенін көрсетеді. Сонымен қатар, Clean Edge зерттеу компаниясы алдын-ала болжам жасаған. Яғни, осы жасалған және қазіргі көрсеткіштерге сүйене отырып, альтернативті энергия көздерінің осы қарқынмен дамығандағы көрсеткішті негізгі ала отырып, 2017 жылға дейін болжам жасалған. 2007 жылдан 2017 жылға дейін орташа есеппен альтернативті энергия көздерін өндіру 7 есе өседі деген болжам бар. Бұл көрсеткіштерге нақты қорытынды жасасақ, альтернативті энергия көздерінің даму тенденциясының көрсеткіші жылдан-жылға өсіп келе жатқанын көрдік. Тіпті, Австралия мемлекеті болашақта толықтай альтернативті энергия көздеріне көшуді жоспарлап отыр. Себебі, бұл мемлекеттің күн және жел энергетикасын табудағы потенциалы өте жоғары. Сонымен қатар альтернативті энергия көздерінің оң және теріс жақтары бар. Оң жақтарына тоқталып кетсек. Қазіргі кезде альтернативті энергия көздеріне көп көңіл бөлінеді және әлемнің дамыған мемлекеттері оның болашағына сенеді. Сонымен, көптеген сындарға және экономикалық дағдарыстарға қарамастан баламалы энергия көзін пайдалануы жылдан-жылға өсіп келеді. Тіпті қатарымен бес жыл АҚШ және Европа елдері баламалы энергия көздерін жаңадан өңдеп, оны табыс көзіне айналдырып отыр. Соның ішінде – жел және күн энергетикасы. Сонымен, дәстүрлі

энергия көздері екінші орынға түсіп қалды. Қазірге кезде геотермиялық станциялары Орталық АҚШ-та, Филиппин, Исландия жерлерінде бар. Соның ішінде, Исландия елі жылы суларды пайдалана отырып, оны үйлерді жылумен қамтамасыз етумен айналысады. Сонымен қатар жылумен қамтамасыз ету үшін, тағы да бір альтернативті энергия көзін пайдаланады. Ол – күн энергетикасы. Күн электростанциясы 30-ға жуық мемлекеттер де бар екен. Бірақ та, қазіргі кезде көптеген мемлекеттер жел электростанцияларын дамыту жолдарында. Соның ішінде: Батыс Европа елдері (Дания, Ұлыбритания, Голландия), АҚШ, ҚХР, Үнді мемлекеттері болып саналады. Дания мемлекеті жалпы энергия көзінің 25 %-ын жел электростанциясынан алады екен. Бразилия елінде жанармайдың орнына этил спирттарын молынан пайдаланады. Осы баламалы энергия көздерінің жыл сайын өңделуі, оның таза экологиялық сапасына байланысты. Бірақ кейбір активистердің ойынша, альтернативті энергия көздерін зерттеуде, мемлекеттік мекемелер дәстүрлі отын энергиясын қолдау мақсатында, кедергі келтіреді дейді. [2]

**Инвестиции в альтернативную энергетику в млрд. долларах, 2011 год**



Сурет 1- АҚШ мемлекеті 2011 жылы альтернативті энергия диаграммасы

Тіпті, дамыған мемлекеттердің альтернативті энергия көздерінің болашағына сенгені соншалық, оларға 2011 жылы қомақты ақша түрінде инвестиция салынған. Яғни, бұл диаграммаға (1-сурет) нақты көз жүгіртсек, АҚШ мемлекеті 2011 жылы альтернативті энергия көздеріне бірінші және ең қомақты көлемде салған, ол 48 млрд. долларды құрады, содан кейін 45,5 млрд. долларды Қытай мемлекеті салған, ал үшінші орынды Германия мемлекеті иеленген, яғни альтернативті энергия көздеріні 30,6 млрд. доллар көлемінде инвестиция салған. Яғни, бұл диаграмманы нақтылай қорытындылай кетсек, альтернативті энергия көздерінің болашағына қазіргі тағда әлемнің дамыған мемлекеттері нақты сенімде отыр. Бірақ та, альтернативті энергия көздерін өндіру тиімсіз. Себебі, альтернативті энергия көзін алу үшін, бізге дәстүрлі отын энергиясы керек немесе табиғат керек. Оған дәлел – биожанармай мен сутек отыны. Биожанармай тиімді шешімдердің бірі емес. Себебі транспорттағы көмір жанармайларын қысқарта отырып, биожанармай мөлшерін көбейтсек, ол кезде экологияға көп зардабымыз тиеді. Яғни, биожанармайды өндесек, бізге алдымен айдалған құм(пашня) керек. Ал оларды табу үшін бізге жер керек. Соның кесірінен көптеген ормандар кесіліп жатыр және АҚШ-тағы орманды Қорғау комитетінің есептеуі бойынша этанолдың жанған кездегі бөлініп

шығатын газы, дәстүрлі энергия газдарынан атмосфераға тигізетін зияны екі есе көп дейді. Сонымен қатар, дамыған елдерде дәстүрлі жанармайдың орнына пайдаланылатын 1 л биожанармайы – орталық африка мемлекетіндегі 1 баланың үш күндік аштығына тең.

Американың орманды Қорғау комитетінің зерттеушілері Джозеф Форджионмен тікелей жұмыс істей отырып мынандай қорытындыға келді. «Биожанармайы қанша жерден өңделгенімен, ол дәстүрлі жанармайға нағыз бәсекелестік тудыра алмайды. Егер де биожанармайды көп мөлшерде өңдеу үшін, оған арнайы ресурстар керек. Ал, ресурстар экосистемаға кері әсерін тигізеді» дейді. Сонымен қатар, сутек отынын өңдеу үшін жұмсалған энергия шығыны, пайда болған энергия шығынынан 2 есе көп. Яғни, біріншіден ол бізге тиімсіз. Ал, екіншіден сутек отынын өңдеу үшін дәстүрлі отын энергиясы қажет. Ал дәстүрлі энергияға: мұнай, көмір, газ жатады. Олар экологияға кері әсерін тигізеді. Сонымен, осы айтылған делелдемеге сүйенсек, біз альтернативті энергия көзін алу үшін, тіпті күн және жел энергиясына арналған қондырғыларды жасау үшін, біз дәстүрлі отын энергиясын пайдаланамыз. Яғни, бұл жерде мынандай сұрақ туындайды, егер дәстүрлі отын энергиясы таусылып қалса, біз альтернативті энергия көзін қалай өндіреміз? Бұл жерден шығатын қорытынды мынандай: альтернативті энергия көздері дәстүрлі энергия көздеріне тәуелді және оны өндіру тиімсіз. Сонымен қатар, альтернативті энергия көзіне болашақта толықтай көшу шарт болып табылады. Себебі, қазіргі кездегі негізгі проблемалардың бірі – дәстүрлі отын энергия ресурстарының шектеулігі, яғни болашақта дәстүрлі отын энергиясы толығымен бітіп қалады. Оған дәлел, Вена қаласында өткен «Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы» конференциясында Сауд - Арабиядағы ірі «ARAMCO» мұнай компаниясының директоры Абдулла Джуманың сөзіне құлақ ассақ, адамзат барлық жер бетіндегі мұнай қорының тек 18%-ын пайдаланды дейді. Сол жердегі эксперттердің есептеуі бойынша мұнай алдағы 140 жылдыққа жетеді деген болжам бар. Бұл жерде Абдулла Джуманның басты жасаған қателігі, ол бұл хабарды барлық халыққа жайып жіберді. Соның кесірінен халық уайымдап, не істерін білмей алаңдап қалады. Яғни, ол осы мәлімдемені жасай отырып, өз мұнайын тез өткізгісі келді – деп ойлаймын. Себебі, халық бұл мәлімдемеден кейін қорқып, мұнайдың бағасы қанша тұрса да. Болашақта тірі қалу үшін, қара халық ешқандай ақшасын аямайды. Бірақ та, Дания мемлекеті жалпы энергия көзінің 25 %-ын жел электростанциясынан алады екен. Сонымен қатар, Дания мемлекеті бүкіл әлемге: «Біз, 2050 жылға дейін мұнайдан толық бас тартамыз» деп, алғашқы болып мәлімдеме жасаған мемлекет. Яғни, осы уақытқа дейін соғысып келген қара алтынның құны жоғалып бара жатқанын және болашақта толығымен жоғалтады деген болжам бар. Сонымен қатар, дәстүрлі энергия ресурстарының бағасы күннен-күнге өсуде. Ал альтернативті энергия көздерінің қондырғыларының бағасы, технологияның дамуына байланыс күннен-күнге түсуде. Тағы бір айта кетер жайт, альтернативті энергияның дамуымен қатар әлеуметтік саясаттың дамуы. Себебі: Европалық комиссияның бағалауы бойынша, 2020 жылға дейін Европа елдерінде баламалы энергия көздерін өңдейтін 2,8 миллион жұмыс орны ашылады деп болжап отыр. Яғни осы айтылған дәлелдемелерге жалпылай қорытынды жасасақ, болашақта біз міндетті түрде альтернативті энергия көздеріне толықтай көшуіміз керек. Себебі, дәстүрлі отын энергиясы сарқылатын ресурстар қатарына жатады. Бірақ, альтернативті энергия көздерін қолдану табиғаттағы балансты бұзады, яғни флора мен фаунаны. Себебі, альтернативті энергия көздерін табатын қондырғыларды орнату үшін, бізге көп масштабты жер керек. Оған дәлел – Нью-Йорк қаласындағы Рокфеллер университетінің биологы және климаттың өзгеруін зерттейтін саласының маманы Джесси Озьюбел келтірілген мәлімдемесі мен су электр станциялары. Джесси Озьюбелдің айтуы бойынша, альтернативті энергия көздерін өңдейтін қондырғыларды орнату үшін белгілі бір көлемде жер керек. Яғни, ол осы мәлімдемені негізге ала отырып, альтернативті энергия көзінен толық бас тартып, атом электр станциясына көшу. Оның есептеуінше, атом электр станциялары сияқты 1000 МВт өндіру үшін, 150 км<sup>2</sup> аумақты алып жатқан күн энергиясы немесе 780000 км<sup>2</sup> аумақты алып жатқан жел энергетикасы керек. Бірақ, Джесси Озьюбел қателік

жасаған. Яғни, оның есептеуі бойынша қондырғылар тек жерде орналасқан. Бірақ, АҚШ мемлекетінің үйлерінің 25 %-ы күн энергиясын алатын батареялармен қамтылған. Сондықтан оның жасаған есептеуінде қателік бар деп ойлаймын. Сонымен қатар, ең қауіпті альтернативті энергия көзі болып табылған – ол жел энергетикасы. Себебі жел энергиятикасын өңдеу үшін пайдаланылатын қондырғылар тірі табиғатқа өте қауіпті деген. Себебі соңғы кездері осы қондырғылардың қасындағы мекен ететін құстар және жануарлардың барлығы өз жерін тастап кетіп қалған. Ал, бұл экожүйенің бұзылғанының бастамасы болып табылады. Сонымен қатар, техникалық ақаулар да бар. Олар: теледидардың нашар көрсетуі, ұялы байланыстың деңгейінің төмен болуы, радиоэфирде біраз ахаулардың пайда болуы. Жел генераторы көптеген эксперттердің ойынша құстарға зиян деп айтады, себебі олардың арасынан құстар өткенде, өлімге әкеліп, құстар саны азаюы мүмкін. Соның ішінде, тіпті сирек кездесетін құстар толығымен жойылып кетуі мүмкін. Яғни, бұл жайттар мәліметтерді ескере отырып, биік альтернативті энергия көздерінің табиғатта дисбаланс тудыратынына көзіміз жетті.

